

894.342-1

А 46
АРХИВЪН

кдб

ЫБЫРАЙ
АЛТЫНСАРИН

I




Алтынсарин

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Екі томдық шығармалар жинағы

Бірінші том



«Қазығұрт» баспасы
Алматы
2003

ББК 84 Қаз 7

А 46

Қазақстан Республикасы Ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды

Құрастырып, алғы сөзін жазған **Тана Әуелбекқызы Қоңырат-бай** — ыбырайтанушы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті.

Жауапты редакторы Ермахан Шайхыұлы

Алтынсарин Ы.

А 46 Екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2003. Т 1. Өлеңдер. Этнографиялық еңбектер. Ғылыми-әдістемелік шығармалар. — 240 бет

Қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, ғалым-ұстаз, акын, әрі аудармашы Ыбырай Алтынсариннің екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына оның өлеңдері, әңгімелері, этнографиялық еңбектері мен ғылыми-әдістемелік мұралары енген. Бұл жинақты мектеп оқушылары, бакалаврлар мен магистранттар, аспиранттар мен ғылыми ізденушілер қосымша оқу құралы ретінде пайдалана алады.

Кітап жалпы оқырманға, мәдениет қызметкерлеріне, ғалым-педагогтарға арналған.

Пікір жазғандар:

1.Р.Нұрғали — ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор.


2.М.Н.Сарыбеков — педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Жинақты баспаға ұсынған **Ы. Алтынсарин** атындағы Қазақ білім академиясының Ғылыми кеңесі (2002 жылдың 16-сәуіріндегі мәжілісінің № 3 хаттамасы бойынша).

А 4702250200
482(05)-03

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-22-041-7 — (Т1)
ISBN 9965-22-040-9



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ

XIX ғасырдың 60 жылдарында өмір кешкен қазақ халқының адал перзенті, ұлттық мақтанышы, қазақ педагогика ғылымының негізін салушы, сөз зергері, аудармашы, қоғам және мәдениет қайраткері Ыбырай Алтынсариннің есімі қоғамдық ой-пікірдің, төл мәдениетіміздің өркендеу тарихынан үлкен орын алады.

Замандас, әрі тағдырлас Шоқан, Ыбырай және Абай сынды үш бірдей алыпты жаратқан қазақ топырағының, қоғамдық ортаның, сол дәуір ерекшеліктерінің әлі талай тың зерттеулерге сүрлеу салмағы – заңдылық.

Ұлы жазушымыз М.Әуезов : «Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі қадірлегендіктен Абай қолжазбаларының ішінде А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кіруімен бірге, Ыбырай өлендері үнемі бірге көшіріліп жазылып жүруші еді», – деп замандас тұлғалар арасындағы үндестікті көрсетеді.

Сондай-ақ, М. Әуезов өзінің «Ы.Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» (Уақыт және Әдебиет, Алматы, 1950) атты мақаласында : «Қазақ халқының тарихында үш бірдей биік мұнара бар. Олар Шоқан, Ыбырай және Абай. Үшеуіне де ортақ нәрсе – қазақ топырағынан жаралғандығы, орыс халқының прогрессивтік озық үлгідегі мәдениетінен нәр алғандығы және туған халқын батыстағы, Россиядағы мәдениетті халықтар қатарынан көргісі келгендігі», – дей келіп, үшеуінің бір-бірінен ерекшелігіне тоқталады.

Шоқан – этнограф-ғалым, өмірінің көп уақытын Петербордағы орыс интеллигенттерінің арасында өткізіп, еңбектерін негізінен орыс тілінде жазып қалдырған.

Абай болса, поэзияға өленнің жаңа формаларын енгізіп, шығармаларын тек ана тілінде жазған классик - ақын.

Ал Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік істері өзгешелеу. Біріншіден, Ыбырай Шокан мен Абайдың туған халқын мәдениетті халықтар қатарынан көргісі келетін арманын өз қолымен іс жүзіне асырды. Ол бұратана халықтар үшін тың үлгімен мектеп ашып, оқу құралдарын жазып, жинақтаған жаңашыл-педагог.

Екіншіден, өзінің шығармаларын қос тілде бірдей жазды. Үшіншіден, соқтықпалы соқпақты, дүбірлі кезеңдерде Ыбырай өз халқымен бірге болып, оның барлық ауыртпалығын бөлісті.

Бүгінгі күн тұрғысынан айтқанда, Ыбырайдың шығармашылығы мен өмір жолы инновациялық идеялар мен іс-әрекеттерден тұрады. Ыбырай шығармашылығына арналған зерттеулерге жүгінер болсақ, ол өзінің қолға алған барлық істерінде тұңғыш, негізін қалаушы, көшбасшы ретінде көрінеді. Мысалы, Ыбырай қазақтың әдебиет тарихында алғашқы балалар жазушысы болды.

Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық, –

деп басталатын әйгілі өлең шумақтары жасөспірімдерді сауат ашып, білім алуға, материалдық емес, рухани байлықты азық етуге шақырады:

Мал дәулеттің байлығы,
Бір жұтасан жоқ болар.
Оқымыстың байлығы
Күннен күнге көп болар,–

деп өнер-білім күдіретін өлеңмен өрнектеген Ыбырай – акынның өсиет өлеңдерінің тілі көркем, ойы мейлінше терең.

Ұсынылып отырған таңдамалы жинаққа енген Ыбырай шығармалары «Қазақ хрестоматиясындағы» хронологиялық реттілік бойынша берілді. Ондағы Ыбырай – акынның өлеңдері табиғат әсемдігін, пендешілік пен кісілікті, адамгершілік пен азғындықты, білімділік пен надандықты, жастық пен кәрілікті, шындық пен әділетсіздікті көркемдік шеберлікпен сипаттай келіп, философиялық ой түйіндейді.

Ы.Алтынсарин шығармашылығын Қазақстанда алғаш зерттеушілердің бірі, белгілі ғалым, педагог-жазушы Әуелбек Қоңыратбаев былай деп жазды: «Ыбырай өзінің өлеңдерін 1860 жылдары, прозасын 1870-1880 жылдары жазған деп шамалаймыз. Ол көбіне проза жазған. Көркем новеллаларының саны елуден асады. Өнер-білімді дәріптейтін өлең орыс әдебиетінде Ломоносовтан бастал-

са, қазақ әдебиетінде Ыбырайдан басталады. Оның өлеңдері жаңашылдығы, болашақты мегзеуі жағынан поэзияның прогресс жолындағы үлкен қызметін дұрыс танығандықтың бір айғағы. Ыбырай 1880-ші жылдардан бастап қазақтың жаңа поэзиясы мен прозасын жасады. Ол қазақтың жазба әдебиетінің негізін жасаушылардың бірі. Ыбырай поэзиясының дәстүрін Абай, одан соң С. Көбеев, С.Торайғыровтар дамыта түсті». Ә.Қоңыратбаев Ыбырайдың хрестоматиясына енген және еңбеген өлеңдерін тақырыбы мен жанрына қарай алты салаға бөліп көрсеткен:

– өнер-білім тақырыбына жазылған өлеңдері («Балқожаның хаты», «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар»);

– табиғат лирикасы («Жаз», «Жаз шыққанда», «Өзен»);

– отбасы тақырыбындағы өлеңдері («Бұл кім?», «Ананың сүюі»);

– мысал жанры («Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Қарға мен тұлкі»);

– сатира жанры («Аласы ағайынның аландатты», «Фітнелік күннен-күнге барады асып», «Залым төреге»);

– Ыбырайдың ел ішінен жазылып алынған өлеңдері. Мұның өзі екі арнаға жіктеледі: а)феодалдық эпос үлгілері – Орақ батырдың баласы Әлібектің бір ханға айтқаны т.б.;

ә) өз заманындағы түрлі ақындардың шығармасы(Нұржанның сөзі, Орынбайдың Ерденді мактағаны, Ей достарым, Еи, жігіттер, Араз бол кедей болсаң ұрлықпенен, Өсиет өлеңдер, Сейдахмет сөзі). Ел аузынан жинақталған мақал-мәтелдер, эпос үлгілері, ақындар сөзі Ыбырайдың зерттеушілік қырын ұштай түседі.

Ыбырай қазақ балаларының менталдық бейнесін жасаған жазушы, көркем сөз шебері. Оның дидактикалық әңгімелері қазақ баласының жан сарайын, кәсіби ойлау қабілетін ұлттық рухта сипаттайды. Жастарды еңбексүйгіштікке, ізгілікке, тапқырлық пен әрекетшілдікке, ізденімпаздыққа тәрбиелейді.

Халқымыздың мәдениет тарихынан үлкен орын алатын аударма саласының бүгінде көкейкестілігі ерекше артып отыр. Ыбырай Алтынсарин сонау 1879 жылы жарияланған «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығында орысшадан қазақшаға аударудың алғаш рет жазба үлгісін жасаған. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясына» енген 7 әңгімесі орыстың көрнекті ағартушы-жазушылары Л.Н.Толстойдан, И.А.Крыловтан, К.Д.Ушинскийден, И.Паульсоннан аударылып берілген, мәдениеті дамыған елдердің тыныс - тіршілігінен мағлұмат береді. Әңгімелер сөзбе-сөз емес,

казак баласының мінез-құлқына, казак менталитетіне сәйкестендіріліп, сөз құрылысына өзгерту енгізу арқылы аударылған. Баяндау тәсілі ұтымды, тілі жеңіл, ойы көркем өрілген. Балалар өмірінен алынған оқиғаларды француз жазушысы, қысқа әңгімелердің шебері Ги де Мопассанша қысқа да нұсқа баяндайды. Жалпы, Ыбырай әңгімелерінің қазақтардың экономикалық санасына ықпалы да едәуір байқалады. Қазіргі таңдағы әрекетшіл адам болу парадигмасымен үндестік те бар. Біздіңше, Ыбырайдың аудармашылық тәжірибесі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ыбырайдың инновациялық ой-әрекетін танытатын этнографиялық еңбегі «Мұсылманшылықтың тұтқасы» қазіргі таңда ерекше аталмақ. Оқырман аталмыш шығарманың жазушы, ғалым А.Сейдімбектің редакциялауымен 1991 жылы Ыбырайдың 150 жылдығына арналып жарыққа шыққанынан хабардар. Алайда тиражы аз шығармаға сұраныстың көптігін ескеріп, алғаш рет оны таңдамалы шығармалар құрамына енгіздік.

Ыбырайдың әуелде «Шариати ислам» деген атпен жарық көрген осы кітабы туралы Қазан университетінің профессоры, миссионер, Ыбырайдың ұстазы Н.И.Ильминский Торғай уезінің бастығы Я.П.Яковлевке 1890 жылғы маусымның 15 жұлдызында жазған хатында былай депті: «Ислам — ерекше дін, ол басқа діндерді теріске шығаратын, христиан дініне өшпенді, өршіл дін; сондай-ақ, орыс бодандары — татарлар біздің православие дініне неғұрлым бәсең қарайды. Айталық, мәселен, түріктер мен арабтар өз жерлеріндегі православие христиандарына осылайша қарайды. Мұсылман дінінің осындай астамшылық пен бірбеткейлік бағыты толып жатқан аңыздардан нәр алып күшейе түседі, бұл аңыздарда Мұхаммед пайғамбардың аса күшті әрі толыққанды қасиеттері мен аса жоғары қадір-қасиеті, оның Құдайға етене жақындығы, Мұхаммедтің әр алуан әулие-әнбиелерінің ғажайыптары және таурат тарихтарына әрқилы дүдәмал қисындар суреттеледі, мұның соңғылары Мұхаммед дінін қастерлеуге бағытталған. Сонымен бірге, осының бәрі тыңдаушының жүрегіне күшті әрі терең әсер ететін сарында айтылып, зердеге құйылады.

... Мұсылман діни оқуымен байланысты казак мектептерінде мұсылман сауаты ашылуы тиіс. Мұсылмандық сауат ашуы славяндық-шіркеулік сауат ашумен қоса қабат қойылуы тиіс...

... Мынадай сауал туады: орыс балаларын өте жас шағынан православие дініне тәрбиелеп отырғанда, казак балаларын мұсылман дініне оқытуды кешеуілдету қолайлы ма?...

...Алтынсариннің «Шариати ислам» кітапшасы араб әріптерімен басылып шыққан, жоғарыда айтылған пайымдауларға сәйкес оның араб алфавитін араб мәтінінде қалдырып, ал қазақ тіліндегі түсіндірулерді орысша-қазақша әріптермен басып, қайта шығару керек болар еді»...

Бұл жолдардан мұсылмандықтың ерекшеліктерін мойындау, әрі Ыбырай құрастырған кітапқа берілген жоғары баға көрініс береді.

Жетпіс жыл бойы кенестік дәуірдің ықпалында болған қазақ мектептері діни білімнен өзінің іргесін аулақ салып келген болса, Ыбырай сол кездің өзінде-ақ оқыту ісін дінтанудан, мұсылмандық тәрбиеден бөлген жоқ. Мектепте дін сабағының дұрыста сауатты жүргізілуіне қамқорлықпен қарады. Құдай парызын оқытуға арнап, «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты кітабын дін оқытушыларына әдістемелік көмек ретінде ұсынды.

Күні кешеге дейін атеистерді тәрбиелеген, тіпті Ыбырайдың өзін атеист етіп сипаттаған, мектептен діни білімді алшақтатып келген біздің қоғамымыз үшін «Мұсылманшылықтың тұтқасы» нағыз инновациялық туынды.

Ы.Алтынсариннің инновациялық шығармашылығын танытатын тың деректердің бірі— соңғы жылдары мұрағат қазынасынан табылған (Б.Әбілқасымов) «Қазақ газетінің» макеті. Ыбырай жасаған ол макет уағында жарық көре алмаса да ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы баспасөз тарихынан елеулі орын алады, ұлттық әдеби тіліміздің сол кездегі деңгейінен хабардар етеді.

Жинақтың келесі бөлімі Алтынсариннің «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралы» атты кітабына жазған алғы сөзінен басталады.

Бұл автордың көзі тірісінде жарық көріп, пайдаланылған оқу құралының бірінші бөлімі. Ал осы оқулықтың екінші бөлімінің қолжазбасы автордың өзі дүние салғаннан кейін 10 жылдан соң жарық көрген. Шығарма Алтынсариннің шәкірті А.Балғымбаевтің «Алтынсарин жайлы естеліктері» бойынша іздестіріліп, Ұлттық ғылым академиясының сирек кездесетін қолжазбалар бөлімінің қорынан табылған. Оны А.Васильев 1890 жылдан бастап өзінде сақтап, 1936 жылы Орталық кітапханаға өткізген екен. Қолжазбаның жалпы көлемі 23 бет, 17-22 см өлшемінде, орыс әріптерімен қазақша жазылған. Бұл жөнінде мерзімді баспасөзде арнайы мақалалар жарияланды.

Жинақтың екінші бөлімі ұлы ұстаздың ғылыми-әдістемелік еңбектеріне арналды. Бар күшін әрекетке жұмсаған Ыбырай мұғалімдік, әдіскерлік, инспекторлық қызмет түрлерін ғылыми негізде ұйымдастырып, сабақтастыра білді. Қазақ - орыс балалары үшін уездік және болыстық мектептер ашып, қазақ қоғамында сауатты адам идеалының қалыптасуына ықпал етті. Ыбырай өзінің мәдени-ағарту қызметінде сауаттандырумен шектелген жоқ, тап бүгінгідей жастарды кәсіптендіру проблемасын қоса көтерді. Бүкіл қазақ қауымын өзіне қаратып, балаларды жаппай мектепке тартқан жас Ыбырайдың мәдени-инновациялық қызметі оны біраз сергелдеңге салды. Әдепкіде Ыбырайдың бастамасы Ресей империясының қырағы саясаты мен өз қандастары тарапынан сенімсіздік туғызып, дін иелерінің қызғаныш, бакастық сезімін үдетті. Абайша айтсақ, «мыңмен жалғыз алысқан» жас Ыбырайдың жаңашылдығы Ыбырайға көп кедергі келтірді.

Дегенмен, Ыбырайдың қадірін біліп, қолдау көрсетіп отырған замандастары да көп болған. Олардың қатарында Ыбырайдың ерекше қабілетін жас уағынан аңғарып, оның рухани қалыптасуына зор ықпал еткен Н.И. Ильминский, В.Григорьев сынды ғалым ұстаздары, Ыбыраймен қызметтес, силас болған В.В. Катаринский, Я.П. Яковлев сияқты орыс чиновниктері, мектеп ашу ісіне қаржылай және моральдық тұрғыда демеушілік көрсетіп отырған қазақ сұлтандары, қазақтың өнерлі, саналы, ұлтжанды азаматтары болды. Өзінің мәдени-ағартушылық еңбектерімен Ыбырайдың данқы сол кездің өзінде-ақ чуваш халқының атақты ағартушысы И.Я.Яковлевке жеткен. Яковлев Алтынсаринды сырттай біліп, қысыл-таян кездерінде «Мені Орта Азиядан ағартушы Алтынсарин қолдайды»,— деп мақтаныш тұтып, жанына жалау еткен. Ыбырай да өз тарапынан К.Д.Ушинский, Н.А.Корф, И.Я.Яковлев, грузин халқының ағартушысы С.Я.Гогебашвили, орыстың ағартушысы, әрі жазушысы Л.Н. Толстойдың пікірлерімен танысып, қолдап, білім беру ісінде басшылыққа алып отырған.

Ізденіс барысында осындай телегей теңіз біліммен қаруланған Ыбырай өзі іргетасын қалаған мектептеріне санасындағы барын сығып беріп, жанкештілік пен іскерлік танытты. Ыбырайдың қазақ-орыс тілді бастауыш мектептері жалпы Орта Азиялықтарға, қазақ халқына тән менталитет пен еуропалық озық үлгілер-

дің синтезі негізінде құрылды. Жаппай отырықшылық тұрмыс - салтына көшуді, сауат ашуды, жастарды кәсіптендіруді, шетел мәдениетінен үйренуді Ыбырай қазақтарды мәдениетке жеткізудің тетіктері деп білді.

Ол мектептер балалар ғана емес, сауаттылықтан үміт күткен бүкіл қазақ қауымы үшін мәдени орта қалыптастырды. Алғаш рет білім мен мәдениет ұғымдарының мәні жуықтап, өзара ықпалдастығы арта түсті. Ыбырай мектептеріндегі білім мен тәрбиенің мазмұны Орта Азия медреселерінен анағұрлым жоғары деңгейде, ғылыми негізде жүзеге асты.

Орта Азия мен орыс мәдениетінен бастау алып, оны өз болмысында кіріктіре білген Ы.Алтынсариннің қайраткерлік тұлғасын еуразиялық идея тұрғысынан қарастыру да педагогика саласын жаңа қырынан танытатын зерттеулердің бір тармағы болмақ. Еуразиялық тұжырымдаманың қалыптасуына үлес қосқан ағартушы-ғалым А.Е.Алекторов Ы.Алтынсаринды былайша сипаттап, ерекшелеген екен: «Наиболее блестящим представителем киргизского народа со стороны литературного творчества может быть назван И.Алтынсарин, справедливо считавшийся Пушкиным киргизов». (Алекторов А.Е. Письменная литература киргизов. Астраханский вестник.1894, №1331). Біздіңше, бұл жолдар Ы.Алтынсариннің әдеби шығармашылығына берілген баға ғана емес, оның еуразиялық тұлға ретіндегі сипаттамасы болса керек.

Тарихи деректерді сөйлетсек, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы бұратаналықтарға арналған мектеп ұйымдастыру мәселесіне орыстың озық ойлы қайраткерлері назар аударған. К.Д.Ушинский, Н.А.Корф сияқты ғалым-педагогтар әр халықтың ұлттық тілі мен мәдениетінің ерекшелігіне нұқсан келтіруге қарсы шықты. Туған халқының тілі мен діліне, дініне берік Ыбырай да қазақ балаларының ана тілін жетік білуіне, ұлттық рухта тәрбие алуына, жаңа заман талабына сай орыс тілін де игеруіне қамқорлық жасап отырды.

Бодан халықтың өкілі болғандықтан, саяси-әлеуметтік соқтығыстар мен қақтығыстардың бел ортасында жүрген Ыбырайға мектеп ашу ісі аса ауыр соқты, сәтсіздіктері мен өкініштері де болды. Білім сапасы үшін күрескен Ыбырайдың: «100 адамдық мектеп ашып, олардан қандай нәтиже шығатынына көз жетпей, босқа шығынданғанша, 10 адамға арнап білім беретін сенімді

мектеп ашқан анағұрлым пайдалы. Өйткені, мұндай аз балаға берілетін білім 100 балаға қарағанда сапалы болады, олар сауатты болып шығады. Қазақтар арасында мұндай шараны жүзеге асыру оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсартып, беделін арттырар еді», — деген пікірінде көрегенділік бар ма деп қаласын. Алды 1000-нан, соны 2000-нан астам бала оқытатын қазіргі алып-мектептердегі үздіксіз оқу-тәрбие процесін басқару мен бақылаудың қиындап, білім сапасының төмендейтінін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Ұлы ұстаздың өміршең пікірін ойға алсақ, қайсыбір алып-мектептердегі білім сапасына күмәнданбасқа шараң жоқ.

Сондай-ақ, Ыбырайдың: «Мектеп қабілетсіздік пен жалқаулықтың ұясына айналмауы тиіс», «педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе — ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде», немесе «оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай, ғылыми білім беру жүйесі сақталу керек» деген тұжырымдары, сабақта баланың ойлау қабілетін арттыратын жаттығуларды көбірек пайдалануды талап етуі, баланы шоқындыруға қарсылығы, тіл тазалығы үшін күресі, т.б. іс-әрекеттері жаңа ғасыр оқырмандарын өміршендігімен тандандырады.

Ыбырай Алтынсарин бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің негізін қалаған тұңғыш әдіскер-ғалым, кіші жастағы балалар психологиясына жетік педагог-маман, бастауыш мектеп оқулықтарының, әдістемелік құралдардың авторы. Қыздарға арналған мектеп интернаттарын ашып, кітапхана ісін ұйымдастыруда, қазақ мұғалімдерін дайындап, кәсіби білігін арттыруда да Ыбырай көшбасшылық қызмет атқарған. Қазақ жеріндегі кәсіптік мектептер Ыбырайдың белсенділігімен ресми сипат алып, еуразиялық үлгіде өрісін кеңейтті.

Сөздің реті келгенде айта кету керек, бастауыш кәсіптік білім саласының қайсыбір зерттеуші-мамандары «Ы.Алтынсарин қазақ жеріндегі кәсіптік мектептердің негізін салды» деген жаңсақ пікірде жүр. Тарихи деректерге сүйеніп айтар болсақ, қазақ кәсіптік мектептерінің іргетасы Алтынсарин өмір сүрген дәуірден бірнеше ғасыр бұрын қаланған. Өкінішке орай, кәсіптік педагогика тарихына оның Ы.Алтынсаринге дейінгі дәуірі еңбеген. Әрине, қазақ халқының арғы-бергі тарихи тамырларын біле бермейтін, орыстану саясаты тұсынан бастап кәсіптік мектептердің құлағын ұстап жүргендердің көзқарасы мен деңгейін түсінуге болады.

Алайда, бұл «Кенес дәуіріне шейін қазақ халқының бір пайызы ғана сауатты болған», «көшпелі қазақ халқында мәдениет болмаған» деп кемсітумен барабар пікір болғандықтан, онымен келісу қиын. Қазақ қоғамы жастарға кәсіп игертетін кәсіптік мектептерден мүлде жұрдай болмаған. Л.Н.Гумилев айтқандай, темір өндіру ісімен данқы шыққан, түркілер дәуірінен бастау алған, көшпелі түркі тілдес тайпалар іргетасын қалап берген халық кәсіпшілігі бүкіл Орта Азия халықтарының, қазақ қоғамының мәдени-экономикалық тұрғыда ілгерілеп отыруына үлес қосты.

Ол адам мен еңбек ресурстарын дайындайтын алғашқы басқыш болды. Мал бағу мен егіншілік, темір өңдеу және әскери іс, ағаш ұқсату, қолданбалы қол өнер, сәулетшілік пен құрылыс салу, бапкерлік, құсбегілік, бақсылық, балгерлік, есепшілік, жыраулық, сазгерлік, саудагерлік, хатшылық, тілмәштык, аспаздық, киіз басу, кілем тоқу, т.б. әрі кәсіп, әрі өнерге негізделген қазақ кәсіптік мектебі отбасындағы еңбек тәрбиесінен бастау алып, өз шеңберін біртіндеп кеңейткен. Отбасындағы кәсіби еңбек, жеке шеберхана, халық шеберлерінің жеке мектебі дәрежесіне дейін көтеріліп, қоғамдық сипат алды. Қазақ кәсіптік мектебіндегі білім мазмұны халық кәсіпшілігінің тәжірибесіне, ұлттық дүниетаным мен еңбек дәстүрлерінен туындаған мәдениет үлгілеріне сүйенді. Қазақ кәсіптік мектебі тәрбиеленуші жастардың кәсіби білігі мен дағдыларын, іскерлігі мен ісмерлігін, шеберлігін үздіксіз дамыта білді. Шебер ұстаздардың шәкірттерге кәсіп үйрету тәжірибесі дидактикалық ұстанымдарға негізделді, үйренушінің экономикалық, кәсіби деңгейі өсіп отырды.

Қазақ кәсіптік мектебі ұлан-ғайыр даламызда туған мәдениет бесігі болды. Көпғасырлық тарихи дәуірлер сынынан өткен қазақ кәсіптік мектебінің тәжірибесі ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ы.Алтынсарин ашқан алғашқы арнайы кәсіптік мектептерге негіз болды. Ыбырай ол мектептерді Ресей кәсіптік-техникалық мектептерінің үлгілері бойынша жаңа, техникалық кәсіптермен толықтырып, дамыта түсті. Оларды бүгін еуразиялық үлгідегі кәсіптік мектептер деп атауға да болар еді. Ресми мектептерде қазақ балалары жалпы білім алумен қатар, бұрыннан қазақтарға белгілі былғары мен теріні илеуге, ат әбзелдерін жасауға, ағаш өңдеу және темір ұсталығына, сабын кайнатып, етік тігуге үйретілді. Сонымен қатар, орыс жұртынан көрген байпак басу, түбіт орамал тоқу, майшам жасау, кітап түптеу сияқты заман талабына сай өнерлері мен техникасына да бет бұра бастады.

Қалай десек те, Ыбырай ашқан мектептер қазіргі таңда біздер аңсап отырған ұлттық мектептің алғашқы моделі еді.

Жинақтың екінші бөлімі Ыбырайдың мұғалімдік және инспекторлық қызметінде басқару орындарының шенеуніктеріне жазған өтініштері мен ұсыныстарына, ескертпелеріне, нұсқау хаттарына, берген есепті баяндамаларына, оқыту ісінің сметалары мен шаруашылық-экономикалық есептеріне, түрлі іс қағаздарына, мектепке қатысты заңды құжаттарға арналды. Қазақ жеріндегі оқу-ағарту ісінің құжаттарын алғаш рет орыс тілінде сауатты деңгейде дайындаған да Ыбырай десек, қателеспеген болар едік.

Екі тілділік пен жан-жақты білімнің арқасында үстемдік етіп отырған саясатпен іштей арпалыса жүріп, өз идеяларын басымдық ретінде дәлелдеп, өткізе білу, жоғарыдағыларды өзінің айтқанына ұйыта білу арқылы халықтың мәдени-әлеуметтік сұранысын қанағаттандыру тек Ыбырайға тән көрегенділік пен ұлттық намыстан, біліктілік пен жігерліліктен, өткірлік пен дипломатиялық қабілеттен бастау алса керек.

Ыбырай мұрасына құрметпен қарайтын бүгінгі мектеп басшылары мен инспекторлары үшін үйренетін істер баршылық. Оқыту ісінің сметасын жасап, басқарудың айла-тәсілдері, мектепке бірде қамқорсып, бірде қожайынсып отыратын шенеуніктермен, жалпы әлеуметпен қарым-қатынас жасаудың, ресми хаттардың түрлі үлгілері Ыбырай мұраларында қолмен қойылғандай реттеулі.

Ыбырайдың қызмет бабындағы, өмір жолындағы замандастарымен, әріптестерімен, әсіресе орыс ғалымы Н.И. Ильминскиймен жазысқан хаттары жинақтың екінші бөлімінен орын алды. Ыбырай хаттарын тұнып тұрған тарихтың өзі ретінде бағалай отырып, оларды сипаттай кетуді жөн көрдік.

Сирек қолданылатын эпистолярлық жанрдың қолма-қол үлгісі болып табылатын хаттар Ыбырай өмір сүрген дәуірдің ағымын, басты басымдықтары мен құндылықтарын танытады. Хаттарда ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының қазақ жерінде жүргізген саяси-әлеуметтік реформалары туралы тарихи мәліметтер мол. Тіпті кейбір тарих оқулықтарынан таппайтын деректер де жүр. Хаттарда орыс шаруаларының қазақтың шұрайлы жерлеріне басып кіруі, қазақ кедейлерінің патшаның жаңа Ережесіне наразылығы, ержүрек те намысқой торғай-

лықтардың көтерілісі, қазақ жерінде болыс, ауылнай сайлаудың жаңа тәртібінен, жер мен жесір дауынан, әділетсіздік пен бодандықтан күйзелген халықтың халі, орыс және қазақ менталитеттерінің кереғарлығынан, алғашқы тілдік түсініспеушіліктерден туған қақтығыстар, Торғай өңіріндегі экологиялық апаттармен келген ашаршылық, сүзек, оба сияқты індеттер жайлы егжей-тегжейлі баяндалған. Ыбырайдың патша Үкіметінің тапсыруымен атқарған судьялық қызметінің ащы сабақтары да хаттардан көрініс тапқан.

Рас, баяндау стиліне қарап хаттарды жеке адамның күнделігіне ұқсатуыңыз да мүмкін. Терең психологизмге, нәзік сезім иірімдеріне құрылған хаттардың танымдық, тәрбиелік маңызы зор. Хаттар өресі биік, рухани өрісі шексіз ғұламаның менталдық сапаларының сипаттамасын береді. Хронологиялық тәртіппен орналасқан 19 хат Ыбырайдың менталдық қасиеттерін, ақ жүрегін, адал пейілін, азаматтық үнін, саналы зердесін, даналық философиясын, ұлттық намысын, мәдени өресін сезіндіреді. Ғұламаның мөлтек сыры да, тартқан азабы мен көрген ғажабы да, бағы да, соры да сол сарғыш тартқан хаттар арқылы танылады. Замандастарынан оқ бойы озық, ықпалды да белсенді Ыбырайдың қайраткерлік келбеті елес береді.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, қашан үйілсеңіз де өткеннен сыр шертіп, келешекпен үндестік тауып, сара жол сілтеп, оқырмандарымен сырласуға бейім тұрған хаттар Ыбырайдың есімін мәңгілік етері хақ.

Н.И. Ильминский өзінің «Алтынсарин туралы естеліктер» деп аталатын кітабының алғы сөзінде: «Мен онымен 30 жылға жуық, яғни, 1859 жылдың қараша айының басынан таныс едім. Мен оған шын ықыласыммен берілдім, әсіресе орыс біліміне ерекше құмарлықпен ұмтылып, ол білімнің қазақтар үшін де керек екенін есінен шығармайтындығын айрықша бағалайтын едім...

...Алтынсариннің мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттері өзінің ішкі сезімі мен көңіл күйін тура және әсерлі етіп баяндаған хаттарында жақсы суреттелген. Бұл хаттарда оның білім жарығына деген ынтызарлығы, құштарлығы байқалады»... деген жолдар ғана емес, жалпы барлық хаттары Ыбырайдың орыс тілін жетік білгендігінің нақты дәлелі.

Ыбырай да, Ильминский де бір - бірін аса құрмет тұтқан тарихи тұлғалар. Хаттарда көрсетілгендей, олардың достығы 30

жылға созылып келген. Балғожа бидің көзін көрген, Ыбырайды бала кезінен біліммен сусындатып келген ұстазы Ильминский жүре келе ақылгөй досына айналды. Әсіресе мектеп ашуда, құрастырған оқулықтарын жарыққа шығаруда, мектептерді мұғалімдермен, оқу құралдарымен жабдықтау ісінде Алтынсарин Ильминскийдің көп көмегін көрді. Бірі Ресей империясына, екіншісі қазақ ұлтының мүддесіне қызмет қылған екі түрлі бағыттағы тарихи тұлғалардың арасындағы достық кімге де болса сабақ болардай. Бірақ сол достықтың біраз сыры әлі де толығынан ашылмағанға ұқсайды. Ол жағын ойлы оқырманның өзіне жүктелік...

Заманы мен адамына жалтақтайтын құбылмалы мінез, пендешілік Ыбырайға мүлде жат. Лауазымдыларды да, әріптестерін де қадір тұтып, өзіне үйіре білген. Мәселен, Ыбырайдың профессор Ильминский мен өзі тәрбиелеп жүрген мұғалімдері А.А.Мозохин мен Ф.Д.Соколовқа жазған хаттары бірдей. Ыбырай үшін мақсаты бір, тілегі бір адамның бәрі дос, олардың барлығы да қайырымды, мархабатты, мәртебелі, сүйікті, құрметті. Ыбырай олардың барлығына өзін «Сіздің Алтынсариниыңыз», «Сізге шын берілген пенденіз», «Сізге шын берілген досыңыз және қызметшіңіз Ы.Алтынсарин» деп жазған.

Қала берді Ыбырайдың келеңсіз құбылыстармен күресінің өзінде сабырлылық пен саналылық, өткірлігі пен дипломатиялық мәдениеті астасып жатқаны байқалады. Мысалы, өзінің В.В.Катаринскийге жазған хатында орыс мұғалімі Бессоновтың қазақ балаларына шошқа етін беріп, оларды шоқындыруға ұмтылған әрекеттерін асқындырмай тоқтатып, ақылмен жене білді. Қазақ халқын нақақтан қаралайтын жайсыз өңгімелерге де батыл уәж айтып, халқының намысын қорғаудан, өзінің түпкі мақсатынан ешқашан айнымаған.

Ұстазға деген құрмет пен қамқорлық жағы қағаз жүзінде қала беретін біздің қоғамымызда Ы.Алтынсарин тәжірибесінен үйренеріміз көп-ақ. Тілге тиек етіп отырған Ыбырай хаттарының біразында мұғалімді қадірлеудің жақсы үлгілері бар. Мысалы: «Мұғалім – мектептің жүрегі. Мен жақсы мұғалімді дүниедегінің бөрінен де қымбат бағалаймын», «Мен мұғалімдерге туған бауырымдай қараймын, өйткені бізде бәрі де – пікір де, тілек те, материалдық күш те ортақ» немесе: «Мұғалім баламен жұмыс істейді екен, бірнәрсені түсінбесе, оларды кінәламай, дұрыстап түсіндіре

алмағаны үшін мұғалім өзін - өзі кінәлауы тиіс», – деген жолдар сауатсыздықпен, надандықпен күрестің ащы дәмін татқан Ыбырайдың әлеуметтік көзқарасын білдіреді.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсариннің әмбебап тұлғасын тану ұлттық дамуымызды танумен, білімділіктен кәсіби шеберлікке талап қылумен, іскерліктен мәдениетке ұмтылуымызбен, еуразиялық және әлемдік кеңістікке үйлесіп, орнықты мойындалуымызбен байланысты бола бермек. Егемен еліміздің өркеніеттілікке жету жолында Ыбырай Алтынсариннің де үлесі бар екенін біліп, айта жүретін жаңа буын жастар бар деп сенім артамыз.

Қоңыратбай Тана Әуелбекқызы,
ыбырайтанушы, педагогика ғылымдарының
кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университетінің доценті

ЫБЫРАЙ (ИБРАГИМ) АЛТЫНСАРИННИҢ ӨМІРБАЯНЫ (1841-1889)

Ыбырай (Ибрагим) Алтынсарин 1841 жылы 20 қазан күні қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында туылды. Ыбырайдың төрт жасында әкесі Алтынсары дүниеден өткендіктен, атасы Балғожа бидің қолында өседі. Ұлы ұстазды дүниеге келтірген анасының есімі — Айман, ал жары қарапайым қазақ қызы — Айғаныс еді.

Ыбырай Алтынсариннан екі ұл бала (үлкені 9 жаста, кішісі 2 жаста), екі қыз бала (үлкені 12 жаста — асырап алған, ағасының қызы, кішісі 1 жаста) — небәрі 4 бала қалған.

Ыбырайдың үлкен баласы әкесі тірі кезінде Қостанай қаласындағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, сауатын ашқаннан кейін Троицкі қаласындағы гимназияда оқыды.

Балғожа Жаңбыршин белгілі би, ірі бай болған кісі. Ол ұзақ уақыт Орынбордағы погран (шекара) комиссиясы қоластында, Қыпшақ руына старшина болып қызмет істеген, патша өкіметінен шен-шекпен алған ірі феодалдың бірі.

1850 жылы Орынбор қаласында қазақ балаларына арналып жеті жылдық мектеп ашылған еді. Білімнің паркын білген, орыс шенеуніктеріне сиы болған Балғожа би жас Ыбырайды сол мектепке оқуға береді. Патша үкіметінің реакцияшыл саясатын бүркеу мақсатымен жұртшылықтың көзін боямақшы болып, жергілікті патша әкімдері бұл мектепті ашуда түрлі әрекеттер жасады. Мысалы, әлгі айтылған мектеп 1850 жылы 22 тамыз күні ашылды. Сол күні жергілікті колониялық өкімет Орынбор қаласында сұлтандарды, белгілі ақсақалдарды, ірі байларды шақырып, олардың құрметіне той жасады. Бұл той 23 тамыз күні қаланың сыртында, Жайық өзенінің бойында өтті. Тойға жергілікті патша әкімдері тегіс қатысты. Бұл тойға жиналған патша әкімдері мен сұлтандар, ірі байлар өзара тілектес екендіктерін білдірді.

Жаңа ашылған мектепке қазақ жерінен 30 бала, олардың ішінде 9 жасар Ибрагим де оқуға қабылданып, орысша оқып, тәрбие алды. Жергілікті өкімет орны оқушы қазақ балаларына өзгеше түрлі киім тіктіріп кигізді және оларға қазақша тамақ астырып бергізетін болды. Ондағы басты мақсат — қазақ балаларын қадірлеу емес, патша өкіметінің өрескел реакцияшыл саясатын бүркеу еді.

Балалар мектепте орыс тілі, кеңсе қатынас хаттарын жазу үлгілері, есеп, татар тілі сияқты пәндерді және мұсылман діні сабағын оқыды. Балалар жұма күні намаз оқуға міндетті болды. Жас болғандықтан олар ораза ұстаудан босатылды. Бұл мектепті ашудағы мақсат — ауылдық жердегі өкімет орындарына орыс және татар тілдерінде іс жүргізіп отыратын писарьлер дайындап шығару болды. Сонымен қатар, оқушы қазақ балаларына өзінің отарлау саясатына сәйкес тәрбие беру мақсатында ислам дінін пайдаланды. Күн сайын оқушы балалар арасына келген молда: «Құдайға сыйынындар, Мұхаммедтің үмбетісіндер, патшаға құл болындар», — деп үгіттеді.

Орынбор шекара комиссиясы жанындағы осы мектепті Ыбырай Алтынсарин 1857 жылы үздік бітіріп шықты. Тарихи деректерге қарағанда, мектепте оқып жүрген кезінде жас Ыбырайға Орынбор қаласында тұратын орыс демократтарының ықпалы болды. Ыбырай орыс мәдениетінің жетістіктерінен — А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтің, Н.В.Гогольдің, т.б., сондай-ақ, Фердауси, Низами, Навои сияқты Орта Азиялық ақындардың туындыларынан сусындап, рухани өсті. Сол кезде Орынбор шекара комиссиясында қызмет істейтін белгілі ғалым В.Григорьевтің жеке кітапханасынан көркем шығармаларды, тарихи, философиялық әдебиеттерді алып оқып, өзінің білімін тереңдетті. Жалпы, Ыбырайдың рухани өсуіне ықпал еткен орыс ғалымдарының ішінде профессор Н.И.Ильминский мен В.Григорьевтің еңбегі ерекше аталады.

1857 жылы мектепті бітіргеннен кейін, Ыбырай өз аулында мұғалімдік қызмет атқаруды мақсат тұтты. Алайда, ол кезде Қазақстанда халық мектептері ашылмағандықтан, 1860 жылы ол Орынбор облыстық басқару мекемесіне тілмәш боп кіріп, аз уақыт қызмет істеді. Тілмәштык қызметке қанағаттанбаған Ыбырай күн сайын Орынбор облыстық басқару мекемесінің мазасын ала жүріп, қазақ сахарасында бастауыш мектептер ашуға

рұқсат сұрай бастады. Нәтижесінде 1861 жылы Ыбырайдың тілегі бойынша Торғай және Ырғыз қалаларында қазақ балаларына арнап бастауыш мектеп ашуға рұқсат етілді. Сонымен, 1864 жылы 8 қаңтар күні көптен күткен халық мектебі ашылды. Ыбырай манайындағы елдерді тұтас шақырып, жаңа ашылған бастауыш мектептің құрметіне той істеді. Бұл тойға Сарыарқаны мекен еткен ауылдардың азаматтары, өнерлі жастар, орыс шенеуніктері, қазақтың ауқатты кісілері, сұлтандар қатысты.

Алтынсариннің мұғалімдік қызметінің алғашқы қадамы оның саяси-қоғамдық, мәдени-әлеуметтік көзқарасын қалыптастыра бастады.

1867 жылы патша үкіметі қазақ жерін басқарудың жаңа «Уақытша ережесін» шығарып, Ы.Алтынсарин басқарманың тағайындауы бойынша Торғай уездік басқару мекемесі жанындағы сот орнында іс жүргізуші, аға жәрдемшілік, ауылнай сайлауда судьялық қызметтер атқарды. 1883 жылы Ы.Алтынсарин өзінің туған ауылы Арақарағай болысындағы сайлауға қатысты. Болыстыққа 10 жыл бойы таласқан екі адамды емес, мүлде басқа адамды болыс сайлап, елді күйзелткен шиеленісті дұрыс шешіп кетті. Алайда, Ыбырайдың бұл шешіміне қанағаттанбаған өз қандастары оның үстінен арыз жазып, абақтыға отырғызды. Айыбы дәлелденбегендіктен, Ыбырай абақтыдан көп ұзамай босатылды.


Одан арғы өмірін түгелдей білім беру ісіне арнаған Ыбырай уездік, болыстық және кәсіптік мектептер, сондай-ақ қыз балаларға арналған мектептер ашып, қараңғы қазақ даласына нұрын шашты.

Бүгінгі өміріміз көрсетіп отырғандай, Ыбырай Алтынсарин негізін қалап берген білім беру жүйеміздің ақыры жаман болған жоқ.

Ы.Алтынсарин 1889 жылы 17 шілде күні ертеңгі сағат 11 шамасында, Қостанай қаласынан 3 шақырымдай жерде, Тобыл өзенінің иіні, «Инспектор көлі» жағасында салдырған өз үйінде дүние салды.

...«Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу — әрқайсымыздың міндетіміз», — деп кеткен көреген ғұламаның сөзі де, ісі де әрқайсымызды өмірге құлшындырып, жаңа ғасырлардан жалғасын таба берсе керек.

I бөлім



Өпәңдәр



КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!

Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап.
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Мал дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстың байлығы
Күннен-күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Сиса көйлек үстінде
Токуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шокуменен табылған...
Өнер-білім — бәрі де
Окуменен табылған.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Надандықтың белгісі —
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ-қараны танымас.
Аяңшыл ат арымас,
Білім деген қарымас.
Жөн білмеген наданға
Қыдыр ата дарымас.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Оку деген шыны-ды,
Тұрған сайын шыныққан...
Оку білген адамдар
Май тамызған қылыштан...
Білмегенді білуге
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Әлпештеген ата-ене
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Ата-енен қартайса –
Тіреу болар бұл оқу!
Қартайғанда мал тайса –
Сүйеу болар бұл оқу!

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Оқу білген таниды,
Бір жаратқан Құдайды.
Танымаған Құдайды
Неғылғанда ұнайды...
«Шырағым адам болғай» деп,
Ата-енен жылайды.
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды?!

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

* * *

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,

Сусыздан сусын ішiрдi.
Теңiзде жiздi балықтай,
Бiлгендерге осылар —
Бәрi дағы анықтай,
Бiлмегенге танықтай,
Бiз де бекер жатпалық
Осыларға таныспай.
Ат өнерi бiлiнбес,
Бәйгеге түсiп жарыспай.
Желкiлдеп шыққан көк шөптей,
Жана өспiрiм достарым,
Қатарын кеттi-ау, алысқа-ай,
Ұмтылыңыз қалыспай!
Бiз надан боп өсiрдiк
Иектегi сақалды.
«Өнер — жiгiт көркi» деп,
Ескермедiк мақалды...
Бiз болмасак сiз барсыз,
Үмiт еткен достарым,
Сiздерге бердiм батамды!

БАЛҒОЖА БИДIҢ БАЛАСЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Үмiт еткен көзiмнiң нұры, балам,
Жанына жәрдем берсiн Құдай-Тағалам!
Атаң мұнда ананмен есен-аман,
Сүйiп сәлем жазады бүгiн саған.

Атанды сағындым деп асығарсың,
Сабакка көңiл берсең басыларсың.
Ата-ананды өнер бiлсең асырарсың,
Надан боп, бiлмей қалсаң аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең нетер едiң?
Қолына құрық алып кетер едiң.
Тентiреп екi ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едiң?!

БҮЛ КІМ?

«Бала, бала, бала» деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.

Аялы қолда талпынтқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан.
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқан.

Айналасына ас қойып,
Изені көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.

ӨСИЕТ ӨЛЕҢДЕР

Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым,
Тең етті бәрімізге күн мен айын.
Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын!

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз!
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз!

Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,
Патша боп бұл дүниеге даңқы кеткен.
«Отыз ұлым бар ғой» деп көптік ойлап,
Құдайым отызында әлек еткен...

Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінің бенде екенін сонда біліп,
Мұнан соң Тақ-Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып.

Ескендір¹ патша болып дүниені алған,
Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.
Жалғыз-ақ өлмеске айла табамын деп,
Ізденіп мәңгі суын соған барған.

Мәңгіден су ішкенге өлім болмас,
Ескендір мұны сұрап білгені рас.
«Су әпкел» деп жіберді уәзірлерін,
Уәзірі қасындағы Қыдыр Ілияс.

Екеуі барды суға, судан ішті,
Бір кесе патша үшін және алысты.
Енді қайтып, жүрелік деп тұрғанда,
Бір адамға сол жерде көзі түсті.

Сұрасты: — мұнда отырған неткен жансыз,
Қарасақ келбетіңе мұсылмансыз?
Сонда ол кісі өз жайын баян етті:
— Мен-дағы бір патша едім еш күмәнсіз.

Өлмеске мен де осылай талап еттім,
Бір күні осы суға келіп жеттім.
Әрбір іс уақытында қызық екен
Ақыры өз басыма азап еттім.

Бір заман әлек болды барша елім,
Қалмады қыдырмаған ешбір жерім.
Кемдіктің неше түрлі бәрін көріп,
«Ах енді өлім болса маған» дедім!

Дүниені неше айналып, неше кездім,
Өз жаным мен денемнен өзім бездім.
Маған өлім бермеді Құдай-Тағала,
Енді тастап дүниені мұнда келдім.

«Ах» деді Қыдыр Ілияс қайтып келді,
Сонда да кеседегі суын берді.

¹ *Ескендір* – Александр Македонский

Ишейін деп Ескендір ұмтылғанда,
Су Ескендір ауызына бармады енді.

Тағы да Так-Сүлеймен нағылмады,
Өмірін соңындағы шағындады.
Наушеруан¹ діні кәпір әділ өтті,
Дозаққа соның үшін жағылмады.

Бұзбаныз әділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Өзәзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәкәппарлық қылғаны үшін?

Әйіпті сегіз жылдай мың құрт жеді,
Болыпты бөлек-бөлек соның тәні...
Мал-жаннан, ұру, туған бәрі безіп,
Далада жалғыз жатып «Алла» деді.

Малды алды, баланы алды, сабыр етті,
Дұшпандар мысқыл атып жәбір етті.
«Разымын не берсең де Құдайым» деп,
Бәрін де қабақ шытпай қабыл етті.

Қорлама кем адамды болсаң дана,
Кәріпті Құдай сүйсе неді шара?!
Ер болған сиыр бағып Зеңгі баба,
Пір болды түйешіден Ойсылқара.

Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды,
Жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды.
Мекенін білемісіз қайда қалды,
Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды.

Иманды ер Құдайынан ұялады,
Ұялып, Иесінен сый алады...
Ренжітпе бенде болсаң бейшараны,
Кәріп көңілі бір сыңғақ бияла-ды...

¹Наушеруан —ескі замандағы Иран патшасы. — ред.

* * *

Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бар, кессе басың шындықпенен!
Қорек тап бейнеттен де Тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен!

Адамға бір өзіндей көзің сүзбе,
Бір әділ қазнасы кең патшанды ізде!
Қорексіз еш пендесін қалдырмайды,
Жаратқан бір Тәңіріңнен күдер үзбе!

* * *

Мақтанба бақыттымын деп бағыңызға,
Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.
Іске аспай бақ дәулеттің қалуы оңай,
Басыңнан бағың тайған шағыңызда.

Мақтанба сұлумын деп ажарыңа,
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа!
Злиха, Жүсіппенен сұлу өткен,
Тұрмаған ажар ара ажалына!

* * *

Жүйрікте болмайды көрік сыналмаған...
Бақ тайса ерге дәулет құралмаған...
Меңзеген асқар тауға есіл көңіл,
Дүниеде ешнәрседен тыналмаған!

* * *

Арық мал жан жолатпас бір жалданса,
Бенде ойлар кемімеймін деп бір малданса.
Қадамы әзіз ердің ұзамайды
Жігітке бақыт шіркін сырт айналса.

Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын таныс болса.
Достарың, дұспан түгіл табалайды —
Аяғың бір нәрседен шалыс болса!

Асылы залымдардың лайланды,
Дүниені маған десең шыр айналдыр.
Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Қылмағы бірақ залал Құдайдан-ды.

ӘЙ, ДОСТАРЫМ!

Әй, достарым, жігіттерім,
Болмасқа болушы болма,
Қолыңнан келсе қыл қайыр,
Кісіден алушы болма!
Жақсының жүзі жәндетті¹
Бір көруің қанібетті,
Жаманның ісі міндетті.
Зар берсе² алушы болма!
Жоғары қарап оқ атпа,
Өзіңнің түсер қасыңа!
Ақылсыз жанды досым деп,
Басынды қосып сыр айтпа.
Күндердің күні болғанда,
Ол жаман айғақ болар басыңа!
Бар күшінді сынаспай,
Балуандармен күреспе.
Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың көлемге.
Ақылсыз дастан — ақылды дұшпан артық.
Дұшпаныңнан бір сақтан!
Сырты майда, іші қан,
Ел ішінде жар-жора,
Достарыңнан бір сақтанғанда, мың сақтан!

ӘЙ, ЖІГІТТЕР!

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден.

¹ *Жәндетті* — ажарлы деген мағынада айтылған — ред.

² *Зар берсе* — жалынса да деген мағынада. — ред.

Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.
Өзі болған ерлердің,
Аяғынан алмаңыздар.
Әр елге, әр жұртқа
Алтын сақа табылмас!
Бас ауырса баксыларды,
Алып келіп бақтырарсың.
Жазықсыз жануарды сойып,
Өкпеменен қақтырарсың.
«Жын-бөлекет қашады» деп,
Тұмар алып тақтырарсың.
Білмес надан еткен істен
Ешбір қайыр табылмас.
Алған жарың жаман болса,
Бір Тәңірге көп налырсың.
«Жарым сондай болса екен» деп,
Көрінгенге көз саларсың.
Әзелде маңдайыңа нені жазса соны аларсың,
Бәріңізге қасы қара, қызыл жүзді табылмас!
Қатының өлсе, қарыс ұрып қаларсың,
Аны-мұны қармалап,
Және біреуді аларсың,
Бір кеткен соң қамқор әке-шешен табылмас!

* * *

Азған елдің хандары,
Тақ үстінде отырғандары.
Жарлыдан алып байларға,
Сыйлар берсе керек-ті.

* * *

Азған елдің қожасы,
Қыдырып келер есікке.
«Бұл үйде кім бар екен?» деп,
Көзін салар тесікке.
Балаларын бастырып,
Қатындарын састырып,

Төрге қарай ұмтылып,
Тамақ үшін қылқынып,
Дуа қылса керек-ті.

* * *

Азған елдің молдасы,
Үлкен болар сәлдесі.
Аса бауыр қылмаңыз,
Оның рас емес олдасы.
Көрмей-білмей біреуге,
Қуәлік берсе керек-ті!

* * *

Азған елдің билерінің,
Барар болсаң алдына.
Алым бермей тамағына,
Қарар ма ол сенің әліңе?!
Қорадағы малына,
Төре берсе керек-ті.

* * *

Азған елдің байлары,
Ұлық тұтар басын-ай.
Қайда дәулетті адам болса,
Берер соған асын-ай.
Көзін сүзіп бір кәріп,
Төгіп келсе жасын-ай.
Бермек түгіл, бейшараны,
Маскара қылса керек-ті.

* * *

Береке кеткен елдерде
Күн қысқарса керек-ті.
Алатаудай атаға,
Ұл қышқырса керек-ті.
«Бала, бала, бала» деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.

Аялы қолда талпытқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргекте
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Айдынды көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.
Сондай сорлы анаға,
Қыз қышқырса керек-ті.


* * *

Азған елдің адамына,
Айтсаң тіліңді алмағай,
Кетсе шарлап жия алмағай,
Бір Тәңірден ұялмағай.
«Бүгін тоба қылмайын ,
Ертең тоба қылайын.
Қашан тоба қылғанымша,
Үзіп-жұлқып алайын» деп,
Өлшеп берген өмірін
Зая қылса керек-ті.

ЖАЗ

Сәуірде көтерілер рақмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Үшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы!..

Жақындар Құдайымның көктен күні,
Тең болар жарлықпенен күн мен түні.
Аспаннан рақымменен күн төнгенде
Қуанып қыбырлайды ыныс-жыны.
Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша,
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.



Шапақтан бұлты шығар мұнарланып,
Жаңбырлы күндер түсер тұманданып.
Адамзат нәр ауасын судай жұтар,
Шөл тартқан айуандарша құмарланып.
Жетпеген үлкендікке жас балалар,
Жүгірер ойдан-қырға жұмарланып...

Сәуірде алуан-алуан жауар нөсер
Нөсердің қуатымен жер шөбі өсер.
Көкорай дүние жүзі шалғын болып,
Жын, айуан, адамзат баурын төсер.
Жан-жәндік рахат тауып тұру үшін,
Үшпақтан хош иісті желдер есер.

Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,
Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен...
Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ел шығады алуан-алуан.
Күлісіп, құшақтасып әзіл етер,
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған...

Жүгірер киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып, ықыласпен келген жылға...
Алыстан мұнарланған сағымдары
Шақырып тұрар күліп «кел!» деп мұнда!...
Көл бұзылып, көк шығып, қойнын ашса,
Қаңқылдап қонар оған қаз бен тырна...

Адамзат сайран етер көңілі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай.
Қой маңырап, сыйыр мөңіреп шат болады,
Тасиды күркіресіп өзен мен сай.
Аяғын алшак басып түйе шығар,
Жаратқан мұнша таңсық Жаббар Құдай!

Кеш болса күн қонады таудан асып,
Шапаққа қызыл алтын нұрын шашып.
Аһ ұрып шүкірлікпен құшақтасар
Рахатпен кеш уақытында неше асык...

Боз үйден таң алдында күйеу шықса,
Артынан қарар жары жүзін басып.

Құдайға шүкір етер жас пен көрі,
Бердің деп жанға рахат мұндай дәрі!
Жын-айуан, адамзат, құрт-құмырсқа
Разылық бір Құдайға асар зары,
Қырда орман, жер жүзінде бәйшешектер,
Шуылдап шүкір етер мұның бәрі!

ӨЗЕН

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең ашылады,
Дененде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар,
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда¹ тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап жермен бірге бас ұрады...

Он мың мал айдап өтсең де лай қалмайды,
Тасыса су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен-судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.

Ел қыстап күн көреді жанабында²,
Дәм болар алуан-алуан балығында...
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында!

Қүдіретін Құдайымның көресің бе?
Не нәжіс токтар өзен денесінде...
Арыстан демалуға суға кірсе,
Балықтар шымшып ойнар терісінде...

¹Қынарда — жағасында. —ред.

²Жанабында — манайында

ӘДІЛДІК КӨРМЕГЕН ҮШІН ТӨРЕГЕ АЙТЫЛҒАН СӨЗ

Тақсыр-тақсыр дегізіп тамсандырдың,
Сөйтіп жүріп аяққа қан салғыздың.
Жан жүрмейтін ісіме жан алғыздың,
Ақырында малымнан құр қалғыздың!

Оразаның түбіне мақсым жетер,
Азған елдің түбіне тақсыр жетер.
Әділдіктен хан тайса наным кетер,
Жылай-жылай жарлының малы кетер...

Ай, тақсыр, бұл дүние өтер-кетер,
Мал иесі де артыңнан қуып жетер...
Жарлылар да бір табар әділ қазы,
Таразылы күн болса арыз етер!..

АНАНЫҢ СҮЮІ

Кім сендерді, балалар, сүйе-тұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйе-тұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүре-тұғын.

Кім сендерді, балалар, тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең?
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгенінше,
Құлындарын көзімен көргенінше?
Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманым болмас дер өле-өлгенше.

«ҚАЙЫРЫМДЫ» ТҮЛКІ

Бір мерген бозша құсты атып алды,
Қоймады өлтіріп-ақ жалғыз жанды.
Басында бір ағаштың үш баласы,
Шырылдап ұясында жетім қалды.

Ана жоқ таситұғын тамақ, жемді,
Күн көрер бишаралар қайтып енді?
Шулаған балапанның даусын естіп,
Сөз сөйлеп аянышты түлкі келді.

«Алда, сорлы, мүсәпір балалар-ай!
Жасынан өлген екен аналары-ай!
Көбелек, шыбын аулап күн көретін,
Жоқ екен бишаралар шамалары-ай!

Ай, құстар, тындандыздар құлақ салып,
Кезекпен жем тасындар ұшып барып.
Асырау бұл үшеуін емес қиын,
Етіндер, аз күн қайыр, бөліп-жарып.

Көкек құс, жүнің түлеп жүр ғой бекер,
Азырақ жетім үшін жұлсаң нетер?!
Қайырдың бұл дүниеде жетімге еткен,
Басқа еш сауабына бар ма жетер?!

Бозторғай, карап тұрма сен де текке,
Жүрсін ғой бекер шарлап, ұшып көкте.
Даладан, тоғайлардан тамақ ізде,
Бұлардың үшеуіне көп керек пе?!

Сар мойын, ер жетті ғой балаларың,
Бөледен құдай сақтар бірер-жарым.
Бұлардың күндіз-түні жанында бол,
Жоқтатпа пақырлардың аналарын.

Қарлығаш, сен келтірсең маса, шыбын,
Бұларға о да керек болар тығын.
Осындай жұрт жабылған сауап іске,
Ұят қой кіріспеске жарықтығым.

Сандуғаш, не қылайын сені қайрап,
Қоярсың оқтын-оқтын өзін сайрап.
Көңлің бір аз ғана көтермекке,
Зарлының жетім қалған соры қайнап.

Достарым осындай бір іс істелік!
Жастарды жетім қалған кісі етелік.
Ізгілер орманда да бар екенін,
Осындай сауап іспен көрсетелік!»

Тұрғанда түлкі сөйлеп сауап жолды,
Риза боп естігеннің көңлі толды.
Аштыққа шыдай алмай үш балапан,
Ағаштан төмен, жерге түсіп қонды.

Жұрт жинап, жақсы кеңес қылған түлкі
Зарланып, жетімді аяп тұрған түлкі,
Аузына үшеуін де қағып салды,
Өзі екен нағыз «құдай» ұрған түлкі.

ЕГІННІҢ БАСТАРЫ

(И.Крыловтан)

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.
Қыдырып әрі-бері жүрді-дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кезі еді пісіп тұрған егін түрлі.
Бастарын дөнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке санап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңілі жөнін сұрап.

Құбылып, бидайлар тұр басын салып,
Маужырап, ырғатылып, нұрға қанып,

Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.

Бұл бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзге көпке.
Өзіне өзгелерін теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

(И. Крыловтан)

Ашығып түлкі жүрді жапандарда,
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...
Ешнәрсені көре алмай келе жатса,
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.

Жүгіріп түлкі соған жетіп келді,
Қарға ағаштың басында мұны көрді.
Тістегені аузында төтті ірімшік,
Оны көріп түлкі екен сөйлей берді:

— Қарға батыр, әр сөзің күміс, алтын,
Сырттан тілеу тілейді барша халқын.
Қарға-екендей дүниеде әуез жоқ деп,
Осылайша шығады сыртқа данқын.

Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,
Жүзінді бір көруге келіп едім.
Даусынды бір шығаршы, шаттанайын,
Сырттан асық болғаннан өліп едім.

Басын салып құйрығын былғандатып,
Екі көзін қарғаға қылмаңдатып,
«Қарға тақсыр, көзім жасын көріңіз» деп,
Жыламсырап сөйлейді жылмаңдатып.

Масаттанып бұл қарға сілкінеді,
Ішін тартып, миықтан бір күледі.

«Арып-ашып алыстан келген шығар,
Көңлі тынып кетсінші, шіркін» деді.

Мақтау сөзге семіріп судаи тасып,
Пәрменінше «карк¹» етті ауызын ашып
Карк еткенде ірімшік жерге түсіп,
Оны кетті түлкі- екең ала қашып

II бөлім



Әңгімелер



СӨЗ БАСЫ

Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де бір кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына, татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге, амалсыздан, татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен, араб, парсы сөздеріне лық толған. Сондықтан да ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар, осы жағынан алып карағанда да, дүнияуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тіліне аудартып, жаттықтыру үшін қолайсыз.

Осылармен қабат, бір ескертетін нәрсе — қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды. Оның ой-пікірі еркін. Оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай, жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық. Сондықтан, бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық.

Жоғарыда айтылған қайшылықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын. Сондықтан, мен сол білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де осылай етуді қажет деп тауып, осы хрестоматияны құрастыруға кірістім. Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім. Екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім. Сондықтан бұл кітапқа енгізетін әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.

Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруды ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді.

1) Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды; мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары.

2) Өртүрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3) Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4) Қазақтың мақал-мәтелдері.

Екінші кітапта, қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақшымыз.

Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін. Бірақ, сонда да болса, бұл кітап ізсіз қалмас, тұңғыш оқу кітабы ретінде, көздеген мақсатына жетер деген үмітпен өзімді жұбатып отырмын. Оның бержағында, осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына, надан жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамасынан келгенінше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз екеніне, бәлкім, басқа да, менен білімдірек елдестеріміздің де санасы жетіп қалар.

*Ибрагим Алтынсарин,
Торғай қаласы, 1879 жыл.*

ӨРМЕКШІ, ҚҰМЫРСҚА, ҚАРЛЫҒАШ

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

— Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

— Көремін, өрмек тоқып жүр.

— Анау құмырсқаны көремісің?

— Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

— Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

— Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

— Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет¹. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай-Тағала бос жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, — деді.

СӘТЕМІР ХАН

Сәтемір жеті жасар күнінде атасынан жетім қалыпты. Күндерде бір күн Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі. Тұра салып тағы да өрмелейді, манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі. Үшінші рет құмырсқа және тырмысады. Ақыр бар күшін салып, қисая-мисая барып, тамның төбесіне шығып кетеді. Мұны көріп Сәтемір ойға қалды: Құдай-Тағаланың жа-

¹Әбірет — өнеге, үлгі —ред

ратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа-екеш құмырсқа да тынбай жұмыс істеп жүр. Өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті. Тамның басына шықты. Мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен, деп ойынын тастап, қалаға барды.

Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс.

Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған.

•

ТАЛАПТЫҢ ПАЙДАСЫ

Петр Великий деген осы күнгі ақ патшамыздың бабасы бір күні шіркеуде тұрғанда көп адамның артқы жағында үңіліп патшаға қарап, бөркімен қалқалап қана бір нәрсені сызып тұрған балаға көзі түседі. Мұнымен бөтен кісінің ісі жоқ, жалғыз-ақ ақылы кемел патша сол бала-екеш балаға да көзін салып тұрған екен. Тілек тілеп болған соң, жұрт екі жарылып, патшаға жол беріпті. Сонда патша түп-тура манағы балаға барады. Бала қолындағы сызумен болып тұрып, тіпті патшаның қасына келгенін де байқамай қалыпты. Сонда жұмсақ шыраймен патша сұрады:

— Неғылып тұрсың?

— Сенің жүзінді жазып алайын деп едім.

— Оны неғылмақсың?

— Данқың, дабылың жер жүзіне жайылған патшам, сенің суретінді сызып алып, өміріме шейін бойымда сақтайын деп едім.

— Қане, көрсетші сызғаныңды?

Сол уақытқа шейін қорықпай жауап беріп тұрған бала, «сызғаныңды көрсет» дегенде, қысылайын депті. Сөйтсе де, сызған қағазын әдеппен патшаның қолына берді. Қараса, сурет реуішті де емес, әйтеуір өз білімінше

сызған сызық, бала ол күнде сурет салуды қайдан білсін?! Солай да болса, әлемге ақылы жеткен патша баланын талапты, зерек екенін аңғарып, оқуға бергізіп, ақырында сол бала бүкіл орыс жұртына даңқы шыққан Матвеев деген суретші болған.

ӘКЕ МЕН БАЛА

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

— Анау тағаны, балам, ала жүр, — деп.

Бала әкесіне:

— Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, — деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

— Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң — көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең — көптен де құр боласың, — деді.

АСЫЛ ШӨП

Злиха мен Батима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха аһлап-уһлеп, шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Злиха айтты:

— Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбедегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзін де менен күшті емессің?

— Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым,— деді Бәтима.

— Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін, — деді Злиха.

— Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты «сабыр» деген, — деді.

БАҚША АҒАШТАРЫ

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

— Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисайып біткен? — деп сұрады баласы.

— Оның себебі, балам, анау ағашты бағу- қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,— деді атасы.

— Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, — деді баласы.

— Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің. Бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, — деді.

БІР УЫС МАҚТА

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

— Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,— деп.

Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

— Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас, — деп.

Шешесі:

— Балам, сол да жерде қалмайды, — деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды. Мұны бір торғай көріп, қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:

— Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? — деп сұрады.

Әжесі айтты:

— Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, — деді.

АЛТЫН ШЕТТЕУІК

Бір күн мейрам алдында, әкесі балаларын қуанту үшін үйіне әртүрлі жеміс алып келді. Леночка деген кіші қызы сол келтірген көп жемістің ішінде, сырты алтындаған шеттеуіктерге қызығып, соны маған бер деп қоймады. Шешесі айтты:

—Бұл шеттеуіктер тек әдемілікке істелген, мыналарды ал, — деп, бөтендерін беріп еді, Леночка жылай бастады:

— Мен қара шеттеуікті алмаймын, алтын тыстысын аламын, оның ішіндегі дәні де тәтті шығар, — деп.

Шешесі тіл алмайтын қисық баланың дегенін істегеннен артығы жоқ екенін ойлап, Леночкаға алтын тыстыларын, бөтен балаларына бөтен шеттеуіктерді таратып берді. Леночка қуанып, шеттеуіктерін дереу шаға бастады. Қараса, бірінің де ішінде дәні жоқ, бос қабықтар екен. Мұны көріп қасындағы балалар мазактап күле бастады. Сонда атасы айтты:

— Бұл шеттеуіктер жеу үшін жасалған емес, тек көзге әдемі көріну үшін қойылған. Мен шеттеуіктердің бос қабығын алып, сыртын күміспен бояп қана қойып едім. Екінші рет не нәрсенің де құр сыртына қызықпа, асылы ішінде болар, — деді.

ШЕШЕ МЕН БАЛА

Шешесі қыз баласынан сұрады:

—Берген ақшамды қайда қойдың?

Бала:

—Біреуге бердім.

Шешесі:

— Кімге?

Бала:

—Бір тентек балаға бердім.

Шешесі:

—Мұнан былай тентек болма деп берген шығарсың?

Бала:

—Рас, әже, екінші рет тентек болма дедім. Құс та Құдайдың жәндігі ғой, әже?

Шешесі:

— Біз де, құс та, бөтен жан-жануардың бәрі де Құдайдың жаратқан жәндігіміз.

Бала:

— Әлгі бала Құдай-тағаланың жаратқан кішкентай құсын ұстап алып, сатайын деп жүр екен. Құс кісі аярлық болып, шикылдап тұрды. Сонда алып жүрген бала тұмсығын қыса береді, бейшара құстың дауысын Құдай-тағала есітеді деп қорыққан шығар деймін.

Шешесі:

— Онда сен неғылдын?

Бала:

— Мен балаға ақша беріп сатып алып, құсты ұшырып қоя бердім. Менің бұл ісім сауап емес пе?

Шешесі:

— Әрине, сауап, бейшараларға қайырымды болғаның.

Бала:

— Ол бала, кім біледі, кем-тарлықтан құсты сатуға жүрген-ау?

Шешесі:

— Мен де солай ойлаймын.

Сонда сөйлеп отырған бала сінлісіне қарап:

— Мана ақшамның бәрін бергенім жақсы болған екен,— деді.

Сінлісі шешесіне қарап:

— Апаммен екеуміз мана бөстесіп едік, ол балаға апам құсынның бәсі не деп те сұрамай, ақшасының бәрін берді. Мен айттым: Құстың бәсі не? — деп сұрау керек еді деп, қайсымыздікі дұрыс?

Шешесі үлкен қызына қарап айтты:

— Сенің де бұл істеген ісінді дұрыс демеймін. Егер тағы бір манағыдай бала жолықса, ақшанның бәрін бастапқы балаға беріп қойдың, соңғыға не берер едің?

Үлкен қызы:

— Онда мен тағы да саған келер едім.

Шешесі:

— Егер менде де мал, ақша болмаса қайтер едің?

Бала:

— Онда... деп, не дерін біле алмады.

Шешесі:

— Көбірек жақсылық етуге шамам келсін десең, әрнәрсеге күтімді болу керек. Құстың бәсін сұрап, кемге бермеймін десе, сонда ақшанның бәрін беру керек еді. Ол құстың өзі не құс екен?

Баласы:

— Мен сұрағаным да жоқ, әже, өзің айтушы емес пе ең, жақсылық еткен жаныңның атын да сұрама деп.

Шешесі күліп:

— Солай, солай, шырағым, — деді.

Баласы:

— Әже, сен көрсең еді, құсты қоя бергенімде, әуелі қуанғаннан тіпті ұша алмады. Сонан соң құсты сатқан баладан уәде алдым, екінші рет ұстама деп.

Шешесі:

— Қызым, жақсы іс істепсің, мінекей саған тағы да теңге.

Қызы:

— Алда разы болсын, әже.

Шешесі:

— Шырағым, қызым, әрдайым осындай рақымды бол, саған мұның үшін Құдай рақым етер, — деді.

АУРУДАН — АЯҒАН КҮШТІРЕК

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, андаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

— Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? — деп сұрады.

Сейіт, шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді:

— Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, — деді.

МЕЙІРІМДІ БАЛА

Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесе-тұғын. Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны беруге тұрғанда, күнәлі төренің жас қыз баласы «әкем үшін жауап беремін» деп, мәлім болды. Қызды патшаға алып келісті.

— Тақсыр патшам, — деді қыз, — менің әкем жазаға лайық болғаны рас, соның үшін қолынан айрылуы керек болды. Мінекей, тақсыр, әкемнің қолы, —деп өзінің қолын көтерді. — Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала-шағаларын асырауға шамасы келмейді. Бұйырыңыз, тақсыр, осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала-шағаларын асырайтын қолын атама қалдыруға.

Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешті дейді.

ПОЛКАН ДЕГЕН ИТ

Біз оқып жүрген шағымызда, ұстазымыздың қорасында бір Полкан деген зор ит бар еді. Терезеден қарап тұрғанымызда, әлгі Полканға бір кішкентай қанден ит келіп, өршеленіп үріп, аяғын тістеп, үстіне секіріп тиісе бастады. Сонда мен тұрып айттым:

— Токта, қанденім, ойнақтағаныңды қоймасаң, Полкан сазайыңды берер, — деп. Біраз қарап тұрсақ та, кішкентай қанденнің ойнақтағанына, тістегеніне Полкан ашуланып қозғалмады. Түрегелсем, арт жағымда ұстазым келіп, менің әлгі сөзімді естіп тұр екен, маған қарап айтты:

— Көрдің бе, анау Полканның сенен көрі көңілі жұмсағырақ. Сен өзіңнен кіші балалармен ойнасаң, ақырында біреуін жылатасың, немесе ренжітесің. Полкан ит те болса, өзінен кіші әлсіздерді ренжітуді ұятсынып, қанденге тимей тұр, — деді.

ТЫШҚАННЫҢ ӨСИЕТІ

Тышқан баласына оңашада үйретіпті: Адам деген мықты жауымыз бар, ағаштан қақпан құрып, үстіне ғана май байлап қояды, соны жеймін деп барсаң, қақпан ұстап алады, балам, соған жолай көрме, — деп. Бір күні әлгі баласы ойнап жүріп, майдың иісін шыққан соң, неғылып қойған екен деп, қасына жоламай, алыстан сығалап қана қараса, шешесінің айтқан қалыбынша қақпан, үстінде майымен тұр екен. Ойлады: қарашы, адамның ақылсыздығын, ағаштан қақпан ғана істеп, үстіне май байлап, бізді қызықсын деп қойғанын. Біз сол қулыққа бола қоямыз ба деп, олай-бұлай одырандап жүгіріп жүрді де айтты:

— Сөйтсе де, айхай майы құрғырдың иісінің жақсысын-ай, жемесем де биттей ғана жақындап иіскеуге болады ғой,—деп, бірте-бірте жақындай-жақындай бара жатқанда, қақпан тарс етіп, тышқанды жаншып тастады.

ІЗБАСТЫ

Қыпшақ Избасты би, он жасар күнінде көш үстінде көп адаммен бір түлкі қуысып, бөрінен бұрын жетіп, түлкіні соғып алды. Артынан келген жасы үлкен кісілер «түлкінді бізге байла» деп еді, Избасты бермеді. Қазақшылық өдетте жасы үлкенге мұндай соғып алған түлкіні байлаушы еді, мынау бала бізге байламайды деп, заманындағы ханына арызға келісіпті. Сонда Избасты ханға айтты дейді:

— Ойдан қашты бір түлкі, тауға қарап демалмай, жабыла құдық көп кісі, бөрі де қалды ере алмай. Сол түлкіні кім алар, жалғыз жеткен мен алмай, ағайыннан дұшпан жауым жоқ, алдына салып айдап жүр, алтайы түлкі көре алмай, ұялып, таксыр, жүрменіз, мұның төресін оңдап бере алмай.

ТҮЛКІ МЕН ЕШКІ

Бір түлкі жүгіріп келе жатып абайсызда бір терен апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе шыға алмай тұрғанда, ешкі су іздеп жүріп, өлгі апанға келіп, түлкіні көріп:

— Әй, түлкі батыр, неғылып тұрсың? — депті.

Түлкі айтты:

— Ой, неғыласың, батыр, жаным райыс¹ тауып тұрмын. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен, — деді.

— Мұны естіп ешкі мен де салқын су ішейін деп секіріп апанға түскенде, түлкі-екен секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетті, — дейді.

ҚАРҒА МЕН ҚҰРТ

Қарға ұшып жүргенде жерде жорғалап бара жатқан құртты көріп, тұмсығымен тістеп алып ұшып кетті. Құрт байғұс істің жаманға айналғанын біліп:

— Әй, қарға батыр, әке-шешенді де көріп едім, асқан жақсы құстар еді, — деді.

Қарға тәуір көріп, тұмсығымен «уһ!» деді.

— Апа-ағаларыңды да білуші едім, — деді құрт.

Қарға тағы «уһ!» деді.

— Бірақ соның бәрі де сенен жақсы емес еді, — деді.

Сонда қарға масаттанып «аһ!» дегенде, аузы ашылып кеткен соң, құрт жерге түсіп кетіп, құтылды дейді.

САУЫСҚАН МЕН ҚАРҒА

Ала сауысқан бір бұтақтан бір бұтаққа қонып, тынбай шикылдай беріпті. Қасындағы құзғын-қарға үндемей отырыпты-мыс. Сонда сауысқан:

— Қарға тамыр, сен неге үндемейсің, әлде менің айтқан сөздеріме нанбай отырмысың? — депті.

¹Райыс—ракат — ред

Оған қарға айтты дейді:

— Рас, сауысқан мырза, еркін сөзіне наныңқырамаймын. Саны-сапасы жоқ көп сөйлеген мылжың шын сөзді азайтады деп білемін, — депті-міс.

ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ДАУЛАСҚАНЫ

Жылқы, түйе, сиыр, қой, ит, тауық, тышқан және бөтен жан-жануарлардың бәрі де адамның жылына ағалыққа таласты дейді.

Жылқы айтты:

— Мен, адам үстіме мінсе, алысын жақын етемін, күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, қылыма дейін арқан істейді, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын,— деді.

Түйе айтты:

— Сен адам жұмысын қылсаң арпа, сұлы, шөп асайсың, тамағың үшін құл болдың. Мына мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын, аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса — көде, жусан болса — жусан, не кез келсе соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлге де шыдап жүре беремін, жыл ағасы болу маған лайық, — деді.

Сиыр айтты:

— Адам егін ексе менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт, май істейді.

Қой айтты:

— Мен болмасам қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз істейді, жабағымнан күпі тігеді, арқан, жіп еседі, сүтімнен құрт, май алады, — деді.

Ит айтты:

— Мен болмасам сенің көбінді не ұры ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Сенің бәріңнің бақташыңмын, дұшпан көрінсе үріп-абалап, иеме хабар беремін.

Тауық айтты:

Мен болмасам кісі ерте тұрып, жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып шақырып, ха-

бар айтамын, таң атты деп, көп отырса, жұмысыңнан қаларсың, жатар уақыт болды деп, түн ортасында да шақырамын, кеш болса да шақырамын, демалар мезгіл болды деп, — деді.

Тышқан не дерін біле алмай тұрды да, бір түрлі қулық ойлап, жиналған көпке айтты:

— Бұл таластан ештеме өнбес. Жылды карап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын, — деді.

Түйе өзінің биіктігіне сеніп, менен бұрын кім көреді деп тышқанның сөзін қостап, бәрі де жылды карап тұрды.

Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінді де отырды. Сонымен, бәрінен бұрын жылды тышқан көріп, хабар беріп, жылдың басы болған. «Түйе бойына сеніп құр қалды» деген сөз осыдан қалған екен.

ҚАРА БАТЫР

(ертегі)

Қара батыр деген ерді бала күнінде түрікпен елінің жортуылшылары ұстап алып, еліне апарған соң қой бақтырыпты. Аш, жалана ш сақтап, жөнді тамақ бермеген соң, бала қойдың далада сүтін сауып ішіп, сонымен күн көріп жүріпті. Бір күні бала далада қамығып жылап отырғанда, алдына бір қарға келіп қонады. Бала қарғаға айтты:

— Қарғалар-ау, қарғалар, қанды көрсе жорғалар, тұмарымды алсана, біздің елге барсана, сағынып жүрген әкеме, тұмарды бере қалсана.

— Қарға бір қарқ етті де ұшып кетті. Бір мезгілде сауысқан келіп қонды.

— Ай, сауысқан, сауысқан, өлексе жеп тауысқан, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Сауысқан шық-шық етті де ұшып кетті.

Келіп тырна қонды.

— Ұзын мойын тырналар, қайыры бар мырзалар, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Тырна тыррау-тыррау деді де ұшып кетті.

Келді қаз.

— Әй, қаздар-ау, қаздар-ау, Сізге бар-ды наздар-ау, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Қаз қаңқ-қаңқ етті де ұшып кетті.

Келді аққу.

— Көлден ұшқан қуларым, құс төресі туларым, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Аққу тоқталыңқырап, көлдендеп тұрды да, ол да ұшып кетті.

Біраздан соң қарлығаш келді.

— Әй, қарлығаш, тамыр-ай, жауда болдым қалар-ай, тұмарымды алсана, елге бара қалсана...

Қарлығаш ұшып олай кетті, ұшып бұлай кетті, ақыр кимай келіп, баланың қолына қонды.

Бала ойлады: әкем тұмарымды көріп таныса да, қай елде екенімді біле алмас. Бұған бір белгі салайын деп, өзінің қолын пышақпен шаншып қанатты да, қанымен тұмар үстіне түрікпен елінің таңбасын салды. Сөйтіп болған соң, тұмарды қарлығаштың мойнына байлап, елінің, әке-шешесінің жерін айтып, ұшырып қоя берді.

Қарлығаш ұшты аспанмен, баланың айтқан жоспармен, асқар-асқар таулармен, айдын шалқар көлдермен, батпақ-лай шөлдермен, түрлі-түрлі жерлермен, қос қанатын қамшылап, аспаннан қатер көрінсе, таса жерді жамшылап, үстінен тері тамшылап, неше мерзім жерді өтті, неше мерзім елді өтті, нақ отыз күн болғанда, бір ауылға сол жетті, баланың айтқан ауылы осы ма деп меңзепті.

Бір ауылға келген соң, қарлығаш әр үйдің төбесіне қонып, адамын байқап жүрсе де, баланың айтқанына ешқайсысы ұқсамайды. Сөйтіп шаршап, қалғып отырғанда, бір ыңырсыған кемпірдің дауысы шықты. Құлағын салып қараса, кемпір айтады:

— Ау, шырағым- құлыным, мандайымда тұлымым, көлге біткен құрағым, жалғыз ұлым шырағым! Жау алды

ма білмедім, су алды ма білмедім, аң алды ма білмедім, жөнінді біліп, шырағым, құрбаның болып өлмедім, жиырма төрт ай болды, мен жалғызды көрмедім!...

«Сен тұра тұр» деп кемпірді тоқтатып, шал айтады:

— Жалғыз біткен талшыбық, келбетің келген қарағым, бір дерегің білуге, дүниені кезіп қарадым, аш бурадай жарадым, он екі мүшем сөгілді, аш күзендей бүгілді, таулардың насат тасындай, берік-ақ еді сүйегім, өрт шалғандай егілді. Қайда да кеттің, сұңқарым, үміт еткен тұлпарым, бір көрсетіп алмады, сол ғана болды-ау інкәрім.

Онда бір жас қыз бала әке-шешесін тоқтатып сөйлейді:

— Наркескен деген алмастай, асыл еді негізің, бірге туған егізім, сен тұрғанда ойлаушы ем, арғымақ ат мінермін, асыл киім киермін, тең құрбымнан ілгері, мен жарқырап жүрермін, биіктен талап тілермін, ойын-күлкі сауықпен, қызық дәурен сүрермін. Егізімнен айрылып, ақша беттен қан кетті, көңілімнен жан кетті, желкілдеп шыққан көк шөптей, жап-жас қана күнімде, міне бізден сән кетті. Әй, қартымыз, қартымыз, көзіңнің жасын тартыңыз, мен бүгін бір түс көрдім, әжептәуір іс көрдім, түсіме жору айтыңыз: қолдан ұшқан сұңқарым, қайта қонып жүр екен, үйірден жойған тұлпарым, қайта келіп жүр екен, бірге туған құлыным, үйге келіп жүр екен. Бізге құдай берген-ді, кісі көрмес өлгенді. Баба-түкті Шашты-өзіз нақ сарт болып кетпесе, хабар алып шырақтан, бір қарлығаш келген-ді...

Бұл сөзді есіткен соң, қарлығаш тіп-тіке шал-кемпірдің алдына қонды. Бейшаралар жылап-сықтап тұмарды алып, таңбасынан Қара батыр түрікпенге барғанын білісті. Сонан соң ат жаратып, адам жиып, түрікпен жұртына барып, көп тарту-таралғы беріп, баласын алып қайтты дейді.

БАЙҰЛЫ

Байұлы жеті жасар күнінде ел көшіп, көп балалар: біреу тайына, біреу атына мінгенде, бір бала жыламсырап қарап тұрып қалды. Мұны көріп, Байұлы қасына барып:

— Сен неге атыңа мінбейсін? — деді.

Бала қамығып:

— Атым жоқ, көшкенде әжеммен түйеге мінуші едім, — деді.

Сонда Байұлы аттан түсіп, жаяу әкесіне барып:

— Мен атқа мінгенде, ер-тоқымымен маған бір жорға тай атап едіңіз, сол тайымды біреуге берсем, сіз ұрыспайсыз ба? — деді.

Әкесі:

— Кімге бересің? — деді.

Бала қысылыңқырап тұрып, жаяу жылап тұрған жарлының баласын көрсетті. Бұған әкесі де түсініп, бетінен сүйіп:

— Тайынды кімге берсең де өз ерік өзінде, — деді.

Сонан соң Байұлы қуанып, тайды ерттетіп, манағы балаға әкеп беріп, қасына ертіп алды да, шауып кеп көп балаға қосылды.

Сол уақытта бір ақсақал жақсы кісі қонақ болып жатыр екен. Байұлының әлгі мырзалығын көріп, разы болып, сыртынан бата берді:

— Ей, Құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер, — деп.

Сол кісінің батасы қабыл болып, ақырында Байұлынан он екі ұл туып, бәрі де асқан бай, елге бас болды. Он екі ата Байұлы деген ру сонан тарады деседі.

ЖӘНІБЕК БАТЫР

Жәнібек батыр бала күнінде ақыл-білім үйрену үшін, Қаракерей Соқырабыз дегенді іздеп келген екен. Сәлем

беріп кіріп келсе, қарттықтан екі жағын жібекпен танып отырған кісі екен. Жәнібекті көріп:

— Сен қай ұлсың? — деді.

— Қошқар ұлымын, — деді.

— Қошқардың адам есті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың ба? — деді.

— Болармыз, — деді.

— Балам, не жұмысың бар, бұл жақта неғып жүрсің? — деді.

— Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл-білім алайын деп жүр едім, — деді.

— А-а!!! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің, алдына келсе әділдігінді аяма — аймағың кетпес алдыңнан; қол бастап жол алайын деген ұл екенсің, жолдастың мыңын алма, бірін ал, мың кісіге — бір кісі олжа салатұғын, олжаңды аяма-саң — жолдасың қалмас жаныңнан. Жүз жиырма алтыға келіп отырмын, жас күнінде қалың бер де қатын ал, жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын уақыты сол, қартайған соң өкінбе, ұлым. Қару жисаң мылтық жи, жаяу жүрсең — таяғың, қарның ашса — тамағың.

Мұнан шығып, Кіші жүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген биге келді. Келсе бидің елі көш екен, көш үстінде кез болып, сәлем беріп, ат үстінен көрісті. Мұнысын жақтырмай, бұл би де сұрады:

— Жаным, қай ұлсың?

— Қошқар ұлымын.

— Ұлым, неғып жүрсің?

Оған да айтты:

— Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге, жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрайын деп едім.

— Е!Е!Е! — деді ол. — Азуы алты қарыс арғынның Қошқарұлы Жәнібек, Алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші.

Жәнібек:

— Мен сөз сұраймын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой, — деп, атының басын бұрып алып жүріп кетті.

Анадай бара жатканда, би:

— Әй, Жәнібек, — деп шақырды. Жәнібек артына қарады. Сонда би:

— Атыңның басын бұрма, солай тұр, жүзім кішілігінен¹ бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. Өгізді өрге салма — қанатың талар, жаманға жүзінді салма — сағың сынар, — деді.

БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

Асан деген бай баласы. Үсен деген жарлы баласы — екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айқай салып, жылай бастайды. Үсен ойла-нып тұрды да айтты:

— Жылағанмен ешнәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық.

— Елді қайдан табамыз, қай жаққа кеткенін де көргеніміз жоқ? — деді Асан.

Үсен үндемеді. Асанды ертіп көшкен жұртқа келді. Жұртта бір көзі сынған ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл тауып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүрлеуге түсіп жүре берді.

Біраз жер өткен соң сүрлеу екі айрылды. Мұны көріп Асан жылай бастады.

— Енді қайсысына түсеміз? — деп. Үсен қарап жүріп, біреуіне түсті:

— Мынау сүрлеу, бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен, малдың жас тезегі бар, — деді.

Біраз жер жүрген соң Асан қарным ашты деп жылады. Үсен үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір үйрек

¹Кіші жүз деген мағынада

ұшып, ұзамай қасына қонды. Асанның онымен ісі болмай жүре берді. Үсен жүгіріп барып сипалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты. Асан қуанып жұмыртқаны алайын деп еді, Үсен алдырмай:

— Жолдан адасып көп күн жүрсек, бізге тамақ керек болар, үйректі де ұстап алайық, — деді.

Асан айтты:

— Қалай ұстаймыз?

Үсен:

— Мен әкемнің ұстағандарын көріп едім, — деп манағы жұрттан тауып алған қылдан есіп тұзақ істеді де, оны апарып үйректің ұясына құрды. Мұнан соң Асанды шақырып алып, екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты. Көп ұзамай-ақ үйрек қайта ұшып, жан-жағында адам көрінбеген соң, ұясына келіп қонды. Бітегенеден соң Үсен түрегеліп, жүгіріп ұяға барып еді, үйрек ұша алмай далбырлады да қалды. Қараса, үйрек мойнынан тұзаққа ілініп қалған екен.

Үйректі Асан:

— Тірі алып, ойнап баралық, — деді.

Үсен айтты:

— Жоқ, әкем: үйрек, қаз адал құстар, мұқтаждықта Құдай-тағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырады. Бірақ тірілей байлап-матап әуре ету обал деп айтушы еді, әуре етпей бауыздап алалық, — деп манағы жұрттан тауып алған пышақтың сынығымен бауыздап алды.

Мұнан соң келе-келе жатып, түс ауған шақта, екеуі бір өзен-судың бойына жетті. Су ішіп, сусындарын қандырған соң, Үсен айтты:

— Енді бір тамақ пісіріп желік.

Асан:

— От жоқ, неғылып пісіріп желік? — деді.

Үсен үндемей су жағалап кетіп, бір шақпақ тас тауып әкелді және шапанының бір кішкентай жыртылған жерінен азғана мақта суырып алып, оны тастың үстіне

қойып, бәрін бармағына қатты қысып тұрып, манағы пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, от шығып, мақта тұтанды. Сонан соң айналасына азғана тезек үгіп салып, Үсен өзі отты үріп тұтандырып жатып, Асанды қу тал жинап алып кел деп жіберді. Тал келтірілген соң от жағып, әуелі жұмыртқаны отқа салып пісірді. Онан соң үйректің жүнін жұлып, бұтарлап, бір талдан істік істеп, үйректі отқа қақтады. Піскен соң екеуі де жесіп, тойып алысты.

Тамағы тойған соң көңілінен уайымы шығып, Асан су жағалап жүгіріп кетті, бір мезгілде дауыстады:

— Үсен, Үсен! Мынау тайыз жердегі балықтарды қарашы! — деп.

Үсен оған қарамай баяғы жұрттан тапқан инені отқа салды. Ине біраздан соң оттың күшімен еріп, қызарды, сол уақытта пышақпен инені алып, ептеп иіді, қармақ істеді.

Сонан соң Асанды шақырып:

— Сен шегіртке тере бер, — деді де, өзі манағы қылдан есіп қармаққа бау істеп байлап, талдан кесіп оған сап істеді. Сөйтіп, қармақ әбзелімен даяр болған соң, Үсен суға барып, Асанның жиған шегірткесін жемге шаншып, қармағын суға салды. Су әдемі, айнадай таза су екен, ішіндегі ойнаған балықтары көрініп жүре-тұғын. Әуелі шабақтар келді, біреуі бір, екеуі екі жемді иіскеп, тиіп-қашып, жұлқып өтті. Сөйтіп тұрғанда, шабақтар дүркірей келіп қашты. Қараса, бір шортан келген екен. Ол Шортан жемге де қарамай, тәкәппарланып жайымен былғандап өтіп жүре берді. Шортан өткен соң манағы бытырап кеткен шабақтар тағы жалма-жан жиылып келісіп, жемнің айналасында ойнап, бірін-бірі қуып, жемге де тиіп-қашып, соғып өтіп жүрді. Сөйтіп тұрғанда, шабақтар және дүркірей қашып, жоқ боп кетті. Қараса, бір бөлек алабұғалар келген екен. Жемді ең бұрын көрген біреуі тоқталмастан келіп асап келіп қалғанда, Үсен қармақты тартып алып, оны қырға шығарып тастады. Сол қалыпша Үсен бірталай алабұға алды.

Балықтың алынған қызығына айналып тұрып, балалар күннің кешке таянып қалғанын аңғармаған екен. Бір мезгілде Үсен күнге қарап:

— Аһ, күн кеш болып қалыпты ғой, жарықта өткел тауып алайық, — деп, қармақпен алған балықтарын біреуінің шапанына орап алып, манағы шакпақ тасын және сабы-бауымен қармағын да қалдырмай алып, енді өткел іздесті. Бұл турада Үсен кідірместен, манағы өздерінің түсіп келген сүрлеудің өткен жерін тауып алып, сол жерден өте шықты.

Біраз жүрген соң-ақ күн кеш болды және біраздан соң ымырт жабылып, жол көрінбеді. Түн болған соң, балалар екеуі де қорқайын деді. Сөйтсе де Үсен сыр білдірмей, енді жүрсек адасармыз деп тоқтады, тезек теріп, от жақты. Біраз отырған соң Асан күндіз көп жүріп шаршаған бала, ұйықтап қалды. Үсен ойлады: әкем айтушы еді «елді жердің ұрысы, далалы жердің бөрісі болады» деп, ұйықтамай отқа күндізгі алған балығын пісіріп, ермек етіп отыра берді. Есітуі бар еді: от жағып отырса, қасқыр келмейді-міс деп. Қарап отырса, бір мезгілде бір топ киік келді. Олар анадайдан одырайып қарап тұрып-тұрып, өз-өзінен үркіп жөнелді. Біраздан соң құлын, тайы бар бір үйір құлан келді. Айғыры алдында басын тікшитіп, құйрығын шаншып, осқырынып, өзгелері танданып қарап тұрды-тұрды да, олар да шауып жөнелді. Бір мезгілде жақын жерде қасқыр ұлыды. Алысырақта өгіз-шағала адамша шыңғырып, біресе жылаған балаша, біресе қарқылдап күлген адамша, әртүрлі дауысқа салды. Үсен түйсінінкіреп, бойы мұздап, қолын манағы қармақтың таяғын қысыңқырап ұстап және отыра берді. Сөйтіп әр жануарларды көріп және оттың жарығына жиылған құрт-құмырсқа, көбелектерді қарап, бұл көбелек-қоңыздар неге өлім іздеп отқа түсе береді екен деп, әртүрлі ойларға қалып, сүйеніп жатып, танды атырды. Күншығыста таң әуел алтынмен бояғандай қызарып, жан-жаққа жайыла-жайыла барып, ақыры

қызылы тарап ағара бастағанда, Үсен Асанды да оята бастады: «Жүрер уақыт болды» деп. Асан далада екенін ұмытып, үйдегі қалыбынша, жуық арада оянбай ыңырсыса да, Үсен қоймай оятып алып, қасына ертіп, жолға шығысты.

Күн сәскеге шейін жүріп отырып, сәскеде сүрлеу бір қатаң шоқаттау жерге түсіп көрінбей кетті. Балалар енді қай жаққа жүрерін білмей дағдарып тұрды. Сөйтіп, жанжағына қарап тұрса, ілгергі алдында бір киік қыр үстінде, үлкен мола көрінді. Сонда Үсеннің ойына әкесінің сөзі түсті: далада жүріп адассан, молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады, — дейді екен. Сол ақыл бойынша Үсен Асанды ертіп, молаға қарай жүрді. Молаға жақындап келгенде, қанқылдаған қаздың даусы шықты. Үсен енді білді жақын жерде көл бар екенін, оның үшін қаз сусыз жерді мекен етпейді. Келіп екеуі енді молалы қырға шықты, қараса қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де жыңылдаған мал. Жағасындағы жібектей жапырылған көкорай шалғынында қора—қора қой мен жылқы, жылқының бір парасы көл ішіне кіріп, белінен құраққа кіріп тұр, енді бір жағасындағы сортаңда бір топ түйе жатыр. Бұларды көріп, балалар қырдан түсіп, жүгіріп малға келді. Келсе, өз ауылдарының малы екен. Малшылар Асан, Үсенді көріп, олар да қуанып, біреуі әке-шешесінен сүйінші сұраймыз деп шауып кетті, өзгелері балаларды атқа мінгізіп, ауылға алып жүрді. Жолда келе жатып малшылар айтты: — Сендердің жұртта қалғаныңды біліп, кешеден ауылдың жан біткені іздеуге кетіп еді, — деп. Нақ бесін мезгілінде балалар аман-есен үйлеріне келіп, әке-шешелеріне қосылды дейді.

БАЛАНЫҢ АЙЛАСЫ

Бір әлім адам жапанда келе жатып, аяғы астында бір үлкен тасқа сүрініп жығылып, ойлады: бұл тас адамға

зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан бір сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, шағамын деп әлімге ұмтылды, әлім айтты:

— Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқыннан шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?

Жылан айтты:

— Бар.

Әлім айтты:

— Олай болса біреуге жүгінелік, төре саған тисе шағарсын, — деп.

Жылан да бұл сөзге тоқтап, екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді, түйе айтты:

— Жақсылыққа жамандық бар. Не үшін десеніз: мен адамның қанша ауыр жүгін, мүлкін тасып, өмірімше қызмет істесем де, адам қай уақытта шамамнан тысқары жүк артады да, жүре алмасам ұрып-соғып ренжітеді.

Жылан мұны есітіп, әлімнің мойнына бір оралды. Мұнан шығып, жеміс ағаштарына келіп жүгінді. Бұл ағаш та айтты:

— Жақсылыққа жамандық бар. Не үшін десеніз: менің жемісіммен қанша адам күн көріп, пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты ұрып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді, — деді.

Жылан әлімнің мойнына тағы бір оралды. Онан кетіп, бір итке жолығысты.

Ит те айтты:

— Жақсылыққа жамандық бар, мен иеме қанша түн күн ұйықтамай мүлкін, малың, өзін бағып қызмет қылып едім, ақырында мен қартайып аурулы болған соң, таяқтап ұрып, мені қуып жіберді, — деді. Жылан және бір оралып, — енді шағамын, — деді.

Әлім айтты:

— Енді тағы біреуге-ақ жүгінейік, төрелік тағы саған тисе, шаға бер.

Сонан шығып ойнап жүрген бір топ балаларға келді. Ішінде бір бала әлімге сәлем берді. Әлім сәлемін алып, сол балаға істерінің мәнісін айтты.

Бала есітіп болып:

— Әй, ата, бекер сөйлейсің, осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдиға мойныңа үш оралған әйдік жылан сиюшы ма еді? — деді.

Сонда жылан да айтты:

— Бұл сөз рас, — деп.

Бала тіпті нанбады, «бұл сөзге көзбен көрмей кісі нанып болмас» деп.

Сонда жылан баланы нандыру үшін иіліп барды да, манағы қобдиға кіріп жатты.

Бала сонда тарс еткізіп сандықты жауып бекітті де, әлімнің қолына берді, «алған орныңызға апарып қойыңыз» деп.

ОҚУДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙНЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ

А

Қамқор, дуагөй атам мен әже, сіздерге ықласты сәлемдерімді жолдап қаламын. Өзім сіздердің оң баталарыңыздың арқасында сау-саламат бармын. Өткен почтадан жіберген сәлем хатыңызды, азын-аулақ ақшасымен, жолығып алдым. Алда разы болсын, мендей нашар балаңызды естен шығармай тұрғаныңызға. Ықыласыммен Құдай-тағаладан тілеймін: сіздердің еңбек қамқоршылығыңызды бізге де қызметімізбен өтеуге жазғай еді деп. Оқыған оқуымыз турасында бұл күнде ұстаздарымыз сонша разы. Жанада ең жақсы оқыған балалардың есебіне қосып, кенегесіне жазып қойды. Ата, сіз әрқашан ақыл айтушы едіңіз: «балам алаң болмай ұстаздарыңның айтқанын орнына келтіріп, берген сабақтарын толық үйреніп, білуге тырыс» деп, мен ол сөздеріңізді ұмытқаным жоқ...

Сіз жазасыз, ата, Қасенге қорасан¹ шықты деп. Аман жазылып кеткеніне қатты қуандым. Бізге ұстаздарымыз айтады: қорасанды егіп шығарған балаға қайта қорасан шықпайды, шыға қалса, қатерсіз, жеңіл шығады, — деп. Осы сөзді жөні келсе ескеріп, жақын жердегі лекарьлерге² кішкентай інілерімді апарып, шешек ектірген қалай болады екен?

Қош, дауаларыңыздан үміткер балаңыз Н.

Б

Ағамыз Ыбырайға көп сәлемдерімді жолдадым. Өзінен көптен ешбір хат-хабар болмады. Тек ауру сырқауға душар болмасаң болады-дағы, шаруашылық жұмыстан да қолың тимейтін шығар. Сөйтсе де, уақыт тауып, есендігіңді білдіргейсің. Өзім денім сау, ұстаздарымыздың тәуір назарындамын. Бір-екі айдан соң екінші класқа шығармын деген үмітім бар.

Осы хатты тапсырушыдан Қадишаға екі қадақтай конфет жібердім, сен алып өзіне тапсыра көр. Әкеме бас құлдығымды айтып және менен өтін, маған берген ақшасын босқа шығарды деп ұрыспасын. Қадиша кішкене бала ғой, ағам жіберіпті деп, қуанып қалсын дедім.

Қош, аға, сау бол. Хат жаз дегенімді ұмытпа деп, — есендігіңді Құдайдан тілеп жазушы ініңіз Н.

В

Мінекей, достым Мұратбай, мен екінші класқа шығып, енді бір-екі жұмадан соң елге де қайтуға тұрмын. Енді көп ұзамай-ақ сендерді көрсем керек. Осы күнде-ақ көзіме елестеп тұр, ауыл көкорай шалғындарға қонып, жан-жақтың бәрі желкілдеген көк шөп ішінде жыңылдаған малдың жүргендері. Көп жазуға уақыт жоқ, құрбы-

¹Қорасан — шешек

²Лекарьлерге — дәрігерлерге

құрдастарыма сәлем, ағама айт: менің күрең дөненімді кісіге мінгізбей, семіз сақтасын, барған соң өзім жаратып жайлармын. Достың Н.

Г

Ағамыз Ыбырайға сәлем. Сен бекер қауіп етесің, менің азырақ ауырғанымнан; сені көріп әжемдерде үрей қалмаған-ды. Ауырғаным себебі, қыстың күні ауылы жақын жердегі бір ептешімнің¹ үйіне қонаққа барып едім. Ағаш үй жоқ екен, киіз үйде патшалық жеңіл киіммен жатып-тұрып жүргенде бойымды суық ұстады. Соған азырақ басым ауырған соң, қайтып дәрігерге айттым. Дәрігер дәрі беріп, енді жазылып келемін. Ай, аға, әкеме айтып, жылы ағаш үй салып алсаңызшы. Киіз үй жаздың күні қанша жақсы болса, қыстың күні сонша жаман ғой. Суық киіз үйде қыс күні бүрісіп, алдың отқа жылынса, арқан тоңып отырып, не таза жуынуға болмайды, не таза тамақ жеуге болмайды. Осындағы оқымысты дәрігерлер айтады: қазақтың дертінің көбісі— не бойын суыққа алдырғаннан, не тазалық жоқтықтан пайда болады, — дейді. — Қотыр, бөрткен — таза болмағаннан, сүзек, шаншу, жөтел — бәрі де суықтан, — дейді. Еріккен соң ойыма келгенін жазып, ермек етіп жатырмын. Көп мылжындады деп айыпқа бұйырма және менің үшін келемін деп азаптанба. Әкем көрі кісі, шаруашылық жұмысыңнан қаларсың. Інің Н.

ӘЛІМ КІСІ

Бір зор әлім молдадан жаңа дінге кірген адам:

— Тақсыр, мен иманды қалай етсем үйренемін? — деп сұрапты.

Әлім айтты:

— Шыққан күн мен айдан, көк пен жерден, су мен желден, жер мен таудан, жаңбыр мен қардан үйрен, — деді.

¹Ептешімнің — жолдасымның

Сұрап тұрған адам бұл сөз не сөз екенін біле алмай дағдарып тұрды. Сонда әлім айтты:

— Далаға шықсаң көк пен жерді көресің, күн мен айды, көк үстінде жұлдыздарды, тауды-тасты, жел мен жаңбырды — осының бәрін көресің, соларға қарап ой жіберсең, оның бәрін адам жаратуға қолынан келер істер емес. Олай болса, соның бәрін жоқтан бар еткен бір Құдіретті Ие болса керек, біз көрмеген. Сол ақылға ойланып жетіссең, иманынның жартысы тамам болғаны, — деді.

ЛҰҚПАН ӘКІМ

Лұқпан әкімге бір сопысымақ адам бір жиылыста айтты: — Сіздің ауруға ем етуіңіз күнә, Құдайдың жіберген қаза-бәлесіне себеп табамын деген Құдайға қарсылық болып табылады деп білемін, — деді.

Лұқпан айтты:

— Олай болса, сол айтқан сөзіңіз жазылған кітапты келтіріңіз, сенімді кітап болса, біз тоба етіп, дәрігерлікті қоялық, — деп.

Сопы бұл сөзді еш кітаптан көргені жоқ, кітап алып келе қоямын деп қозғалмады.

Жиылып отырған халық шулап қоя берді:

— Сопы, Лұқпан жесірге байдай, жетімге атадай болып, неше мұнды бейшаралардың көзінің жасын тыйды, сен бұл істі күнә деп білсең кітабынды көрсет, болмаса қазыға алып барып, жазаландырамыз, — деп.

Істің бұлайынша зорайып бара жатқанын көріп, Лұқпан халықтан өтініш етіп тысқа шығып, сопыны оңаша қалдырып айтты:

— Алда разы болсын, молдам, білген шаманызша бізді күнәдан тыю үшін ақыл айтқаныңызға. Бірақ бізден де сізге бір ақыл айтылсын: қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, онан соң көзіңізді жұмсаңыз, сонан соң ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін танып, мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда

ерік берініз. Екінші, сіздің айтқан сөзіңізден оқып жетіспегендік көрінеді. Құдай Тағала адамға әртүрлі дене берді: қол берді жұмыс қылмақ үшін, көз берді көрмек үшін, аяқ берді жүрмек үшін, құлақ берді есітуге, ақыл берді ойланып, жаман-жақсыны аңғаруға. Сол берген денелерді тиісті орнына жұмсамасаң, Құдайдың бұйрығына қарсылық болып табылса керек. Оның үшін жүрмей, тұрмай, отырмай, көрмей, есітпей Құдайға құлшылық етіп те болмайды. Сол реуішті жансыз нәрселердің де керексіз жаратылғаны жоқ. Бір шөпті у етіп жаратты, екінші шөпті оған басытқы етіп жаратты. Бұларды да танып, біліп, бұйрықты орнына жұмсамасаң күнәлі боласың, тиісті пайдалы орнына жұмсаудан обал болмаса керек, — деді.

ЗЕРЕКТІК

Англия жұртында Броун деген білімді ұста судың үстіне бір қолайлы көпір салуға жүріп, «қалайша салсам қолайлы, нық болар екен» деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстіне кесе тартқан өрмекшінің өрмегіне көзі түсті. Мұны көріп Броун тоқтай қалып ойланды: «Бұл өрмекші мынау жол арқылы көпір салыпты, астында тіреуі жоқ, осындай көпір қолайлы болар еді» деп. Сонымен келді де, су үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасына тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істеді. Шынжырдан көпір салу содан қалған үлгі екен.

СИЛИНШІ ДЕГЕН ХАНЫМ

Қытай жұртының патшасының ханымы Силинші жібек құрттарын абайлап қарап жүрсе, бұл құрттар өлерінде өзінің өрмегіне кіріп өледі екен. Ханым сол өрмекті алып, ширатып жіп істеді, сонан тоқып жаңа жібек орамал істеді дейді. Мұнан соң сол құртқа назар салып

карап жүрсе, тұт деген ағаштың жапырағын жеп күн көреді екен. Ханым тұт ағашының жапырағын жиып, әлгідей көп құрт жиып асырап, ақырында, бұл құрттың пайдасын халқына үйретті дейді. Жібектің шығатын орнын ең әуелі сол ханым тауыпты-мыс.

Бұл уақытта Силинші ханымның өткеніне бес мың жыл болыпты. Қытай жұрты әлі күнге данышпан ханымын ұмытпай, жыл сайын соның құрметіне той етеді.

МАЛДЫ ПАЙДАҒА ЖАРАТУ

Бір үйші жұмысымен көп мал тауып тұрса да, сонша азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұрады екен. Бір күні көршісі сұрады:

— Осы сен бай бола тұрып, малыңды қай жаққа жібересің, көзге түсетін ешнәрсең көрінбейді? — деді.

Үйші айтты:

— Тапқан малымның бір бөлімімен борышымды өтеймін, бір бөлімін өсімге беремін.

Көрші:

— Қойшы, батыр, сенің борышың бар ма еді және өсімге қашан ақша беруші едің? — деді.

Үйші айтты:

— Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе? — деді.

ДҮНИЕ ҚАЛАЙ ЕТСЕҢ ТАБЫЛАДЫ?

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

— 1791 жылда, өзім университет деген үлкен шkolда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып,

қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

— Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесін және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді. Сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшік қылғаным жоқ елден. Қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілірден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк¹ ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым² бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі, баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай бола-сың, Антон, — деді де жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті кө-

¹Француз жұртының теңгесі, біздің ақшамызға шаққанда, бір франк жиырма бес тиын күміс есеп. — (автор).

²Жұртым — үйім. —Ред.

рінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

— Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдағы үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

— Рас, — деді Антон, — мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп кетіп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.

БІЛГЕННІҢ ПАЙДАСЫ

Бір қарт ұста күні-түні тынбай іс соғып отырады екен. Оған көрші, заманындағы бір зор бай, Броун дегеннің баласы ойнап жүріп қызыққа күнде ұстаға келіп, іс соққанына қарап тұрады екен. Бір күні ұста мырзаға айтты:

— Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керегі болар.

Бала нем кетеді деп, күнде мазаққа шеге соғып жүріп, бірнеше күнде жақсы соғуға үйреніпті.

Мұнан соң бірнеше жылдар өткен соң, жұртында қатты жаугершілік басталып, Броунның мал-жаны таланып бітіп, өзі қатын, баласымен қашып шығыпты. Сонымен, ішерге-жеуге, киюге де кем-тар соғып, бір қалада жүрген уақытта, қаланың әкімі бұйрық шашты: әскерге көп етік керек, жақын жердегі қалалардың сататын мығы¹ таусылды, мық даярласын, — деп. Сонда манағы мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, патшалық етікшілерге хабар салды:

¹Мығы — шегесі

— Егер көп мық-шеге керек болса, мен пәдіретін аламын, — деп.

Етікшілер істеген мығын көріп ұнатқан соң, әскердің етігіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып, ақыр өміріне шейін кемдік көрмей өтіпті-міс.

ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай тересіндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалын Қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен. Інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін етуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын

төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп, әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.

Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да малдары көбейіп, бай болды. Ел жиылып, Сейітқұл жұрт ағасы болды. Енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, мандай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауылшындауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарап бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңілі тыныш болған соң, Сейітқұл енді Бұқара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден¹ қазақ қолды өртүрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрменке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, терітерсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты.

Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұртың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті. Қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейітқұл құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер

¹Кент — қала

Торғай жағында дереу егіншіге айналады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.

ТАЗА БҰЛАҚ

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан. Айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың су ағар жеріне жазу жазыпты:

— Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол, — деп. Маңағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған сон, жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

— Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кенейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсен, ақырында, сен де зорайып, мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, — деді.

Екінші жолаушы мүсәпір молда екен, басын шайқап:

— Жоқ, мен олай ойламаймын. Бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаннан гөрі жоғарырақ соқса керек. Бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады, сусағанның сусынын кандырады, оның үшін ешкімнен ақы дөметпейді. Бұлай болса адамға да әбірет сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек, — деді.

Үшінші жолаушы көркем келген бір әдемі жігіт екен, бұл үндемей тұрды. Жолдастары: Сен не ойлайсың? — деп сұрады.

Жігіт айтты:

— Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді. Бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-

қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді. Бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңілінді, бойынды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, — деді.

ӘДЕП

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп

тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

— Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша басұрасыз? — деп айтты дейді.

Сонда әкім:

— Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? — деді дейді.

ҚАНАҒАТ

Әзірет Әліден бір жүт¹ келіп сұрады дейді:

— Толық байлық қайтсең табылады?

Әлі айтты:

— Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды. Қанша мал аз да болса, барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады. Соның үшін Әзірет Әлі: байлық — қанағатта, — деді.

¹Жүт — еврей. — Ред.

МҰҢСЫЗ АДАМ

Бір патшаның ханымы ауру болып, жұрттан неше-неше дәрігер жидырып, ем еткізсе де ешбір дауасы табылмады. Патша мұнан соң бақсы-балгерлерді жидырып жарлық айтты:

— Балдарыңызды ашып, осы ханымға не ем болатынын табыңыздар, егер таппасаныздар бәріңізді де астырып өлтіремін, — деп.

Бақсы-балгерлер қорқып, сасып тұрғанда, ішінде біреуі айтты: «Мен бұл аурудың емін таптым». Сол сөзбен мұны ханға алып келісті. Бұл балгер ханға айтты:

— Дүниеде мұңсыз кісі тауып, соның көйлегімен қақтырсаңыз, бұл ауруға сол ем екен.

Патша жер жүзіне жасауылдарын таратып, қанша іздесе де мұңсыз адам табылмады. Біреу бай, не бақты болса баласы жоқ, екеуі де болса не қатыны, не баласының мейірімі жоқ, болмаса біреулерден көрген кемшілігі бар, болмаса не өзі, не қатын-балалары сырқау, ең болмаса сол айтылғанның бәрін құдай берген болса, қанағат жоқ болғаннан уайымы көп — тағы ілгерірек болмадым деп.

Күдер үзіп, мұңсыз адам жоқ екен деп қойған кезде, бір күн патшаның баласы келе жатса, бір кедей адам даладағы бұзылған тамның түбіне келіп айтады: «Бүгін жұмысымды бітірдім, қарнымды тойдырдым, енді не уайымым бар, кел жатып ұйықтайын» — деп, тамның қасындағы жиынды салам үстіне жығылды да жатты. Сәлден соң қорылдап ұйықтап та қалды.

Патшазада мұны көріп, мұңсыз кісі таптым деп патшаға хабар берді. Патша қуанып, жасауылдарын жіберді, ол мұңсызды алып келіңіз деп. Алып келген соң, бұл адамға алтын-күміс беріп, енді көйлегінді бер деп қараса, мұңсыздың үстінде көйлегі де жоқ екен.

ӘДІЛДІК

Хусейін қазының терезесінің түбіне келіп, екі жаман киімді тіленші:

— Құдай үшін қайыр беріңіз, — деді.

— Құдай өзі берер, барыңыз, — делі қазы.

— Пайғамбар ақы үшін.

— Ей, тіленшілер, енді басымды ауыртпай кетіңіз, — деп ашуланып, қазы оқып отырған кітабын жерге атып ұрды.

— Аһ, қазы, бейшарашылыққа бір нәрсе берсенші, — деп тіленшілер кетпей, жылап тұрды.

Сонда қазы ыза болып, ұшып тұрып, жұмыскерлерін шақырып бұйырды:

— Мынау бір-екі қыдырындыны зынданға тастаңыз, — деп. Бірақ ол арада тіленшілер жоқ болып кетті.

Мұнан соң үш күн өткен соң, қазыға көп қонақтар келіп, той болды. Қазының үйінің іші жарқыраған алтын, шамасыз сәулет, өзі терезесін ашып, сол терезе түбінде мүфтимен¹ әңгімелесіп, көзін Бағдаттың қаласына салып отыр екен. Сол уақытта терезе тұсына анакүнгі екі тіленші тағы келді.

— Қуаныштарыңыз қайырлы болсын, қазы, осы қуаныш үстінде бізді де бір нәрсе беріп қуантыңыз, — деп жылап тұрды.

Сонда қазы қасындағы мүфтиге айтты:

— Осы екі қыдырынды тіленшілер екінші рет келіп беймаза етеді, қалипа қазіреті осындайларға жаза бұйырмайды. Сөйтсе де, бұл жолы бұйрықсыз да болса, осы екі тіленшіні ұстатып, кісендетемін, Бағдаттай қаланың сынын бұзып, қыдырып жүрмесін, — деп, адамдарын шақырды.

Сол уақытта екінші тіленшінің өздері де үйге кіріп келіп, үстіндегі ескі киімдерін тастап, біреуі айбатты дауыспен ақырды:

¹Мүфти — мұсылмандардың дін басысы

— Қазы, мен сені қазы қойғанымда: жұртқа қайырлы, байға, жарлыға бірдей, ақ-сарағат би болар ма екен? — деп үміт етіп едім, бұл жаңылысыма тоба қылдым. Жапар! Мынау онбаған құртты алып, әділдікпен жазасын бер, жұртым көріп-білсін патша құрығы ұзын екенін, ерте ме, кеш пе қылған жамандық патшаға білінбей қалмайтынын, білінсе үлкен-кішілікке қарамай, жаза тартатынын, — деп.

Жиылған қонақтар бұларды танып, аяқтарына құлап жығылысты. Тіленші болып келіп жүрген Һарунрашит деген қалипа патшасы, қасындағы Жапар деген уәзірі екен.

ПЕТР ПАТШАНЫҢ ТЕРГЕЛГЕНІ

Рига деген қаланы жаулап алғанның соңында, Петр патша Меньшиков деген князьға және Шереметьев деген графқа наград есебінде жаулап алған жерлерден жер беріпті-міс. Осындай берілген жердің біреуі Рига қаласының бір қарапайым адамына тиісті жер екен, барып патшаға арыз етті:

— Не күнәм бар, жерімді біреу алғандай?—деп.

Патша арызын тыңдап болып, айтты:

— Арызың дұрыс болса, тиісті қазыларға (сотқа) арыз ет.

Ол кісі арыз берді:

— Меньшиков деген кісі жерімді тартып алды, — деп.

Қазылар арызын сұрап еді, Меньшиков жауап берді, «ол жерді маған наградқа патша берді» деп. Қазылар Петр патшаға да хабар беріп, патша өзі де келді. Патшадан да жауап сұрап болып, ақырында қазылар:

— Петр патшаның бұл ісі дұрыс емес, нахақ біреудің жерін наградқа беріпті,—деп, жерді иесіне қайтаруға бұйырысты.

Патша билігін есітіп болған соң түрегеліп қазылардың бетінен сүйіпті:

— Әділдіктеріне алда разы болсын, — деп және сол жерде айтты дейді:

— Законға мен мұнша көнгенімде, бөтендер көнбестік етуді ойынан шығарсын!

МҰЖЫҚ ПЕН ЖАСАУЫЛ

Бір мұжық далада жүріп, біртүрлі әдемі тас тауып алып, көршісінен сұрады:

— Бұл тасты неғылсам болады екен? — деп.

Көршісі айтты:

— Патшаға алып бар, — деп.

Сонымен, мұжық келіп, патшаның алдындағы жасауылының аяғына жығылып, мені патшаға жолықтыр деп тілек етті.

— Не жұмысың бар? — деді олар.

— Патшаға сый алып келемін, — деді мұжық.

Жасауыл айтты:

— Патша саған не сый берсе, жартысын маған бер, болмаса жолықтырмаймын.

Мұжық бұған разы болды.

Мұнан соң, мұжықты патшаға алып келісті. Патша тасын алып, мұжыққа алда разы болсын айтып, мың теңге беріп еді, мұжық аяғына жығылып:

— Тақсыр, мың теңгені алмаймын, арқама елу шыбық салдырыңыз, — деді

Патша бір мағынасы бар шығар деп, жасауылына бұйырды: «ақырын ғана мұның арқасына елу шыбық соқ» деп. Жиырма бес шыбығын соғып болғанда мұжық айтты:

— Енді маған болар, қалғанын бөлен жасауылға салдырыңыз, алған сыйымның жартысын не де болса соған бермекші едім.

Бұл жасауылды шақыртып, оған келістіріп жиырма бес шыбық ұрдырды. Сонан соң, бұл айласына разы болып, мұжыққа патша екі мың теңге бергізді дейді.

ЖОМАРТ

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақынтаныстары сұрады дейді:

— Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа — тамақ, жалаңашқа — киім, үйсіздерге — үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не?—деп.

Жомарт айтты дейді:

— Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді. Сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай-Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, — деді.

САРАҢДЫҚ ПЕН ЖИНАҚТЫЛЫҚ

Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үй ішін жылу жиямыз деп, әр үйге қыдырып барып жүріп, бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырда ұмытып, далада қалдырыпсың деп, қатты ұрысып тұр екен. Ұрысып тұрып айтады:

— Сен білмейсің, ол кішкентай жіп те болса, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес, — деп.

Мұны есітіп, көріп, әлгі жолаушылар өзді-өзі сөйлесті: Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырдың деп сон-

ша кейіп тұрған адам бізге ешнәрсе бере қоймас, аузымызды ауыртпай, келген ізімізбен қайталық. Ішінде біреуі айтты:

— Неміз кетіп барады, келген соң бұған да айтып кетелік.

Бұл сөзбен байға келіп, сәлем берді. Бай бұларды әдеппен үйіне кіргізді. Сонан соң келгендердің жұмысын есітіп, сол жердің өзінде бөтендерге қарағанда екі есе ақша шығарып берді және мұнан басқа төрт-бес қап астық беремін деп уәде етті. Мұнысын көріп жолаушылар танданып отырды да, өздерінің далада байды саранға санағандарын айтысты. Сонда бай айтты:

— Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетісті, жинақтылық — сарандыққа жатпайды, — деді дейді.

САЛАҚТЫҚ

Кәрім деген мешер өзі жұмысқа тәуір жігіт те болса, жуынып, кірсіз көйлек киіп, таза жүрумен ісі жоқ еді. Әркім айтушы еді:

— Саған не болды, Кәрім, бойыңнан кірінді ағызып жүргенше, жуынсаң болмай ма? — деп.

— Қолым тимейді, — деуші еді ол.

Сөйтіп жүріп, тұлабойын шиқан қаптап және қотыр болды. Бұл күйде құрысып-тырысып жатқанында, әркім сұрайды:

— Кәрім, саған не болды? — деп.

Кәрім айтады екен:

— Күнәм үшін Құдайдың бір берген сазайы-дағы, — деп.

Оған қарсы таныстары:

— Рас, Кәрім, Құдай-Тағала таза жүрмеген былғаныш кісіні сүймейді, тым болмаса жұмасына бір моншаға түсіп, не болмаса үйінде сабынмен жуынуды әдет етсең, бұ бөлеге душар болмас едің.

Сонымен, Кәрімді ауру жататын үйге алып барып, таза жуындырып, таза киім киіндіріп, ем қылған соң, аз

ба, көп пе жатып жазылды. Мұнан соң, Кәрім бір зауытқа барып жалданыпты. Өздеріне де белгілі шығар, зауытта нәрсе бояйтын бояулардың бәрі де у болады. Бір күні қожасы Кәрімге бір бояуды былғап қой деп беріпті. Былғап отырып-отырып, кәдімгі үйренген қалыбынша, қолын жумастан барып, тамаққа отырып нан жепті. Қолындағы бояудың жұғынының бәрі де жеп отырған нанына жабысып отырғанда, бір мезгілде Кәрімнің іші бүрісіп, ауыра бастапты. Әрлі-бері, олай-бұлай аунақшып, біраз жатып, Кәрім ұзамай-ақ жан тапсырыпты. Әлгі бояу у бояу екен.

АҚЫМАҚ ДОС

Бір мырза орманнан бір аю баласын ұстап алып, үйіне алып келіп, сонша жақсы күтіп асырапты. Бір күндерде мырза қатты ауырып, бір айдай төсектен тұрмай жатып, сол уақытта аюды да қараған кісі болмай, бұл да қатты жүдеп зарығыпты. Аурудан аз-ғана тәуір болған соң, мырза бір күні далада, есік алдына отырып, күннің жылысымен маужырап қалғиды, бірақ маңдайына, бетіне шыбын қонып, шыдатпайды. Соның бәрін де манағы аю көріп отыр екен. Мырзаға тыныштық бермегені үшін шыбынға қатты кейіді. Сөйтіп, аю ыза бола тұра жұлқып кеткенде шынжыры үзіліп кетіп, жүгіріп барды да, мырзаның бетіне табанымен салып келіп кеткенде, мырза қалпақтай ұшып, сол жерде-ақ жан тапсырды дейді.

Бұл іс Дәуіт пайғамбардың заманында болған екен. Аюды халық пайғамбарға сүйретіп алып барды, бұған қалайынша жаза береміз деп.

Әзірет Дәуіт аюдан сұрады:

— Не себептен қожанды өлтірдің ?

Аю жылап айтты дейді:

— Қожам мені баласындай күтіп, асыраушы еді, ол ауырған уақытта мені күткен кісі болмай, қожамның жазылуын тілеп зарықтым. Бүгін сол аурудан тәуірірек

болып, қожамның далаға шыққанына қуанып карап тұрғанымда, мырза есік алдына отырып, қалғиын деп еді, шыбындар тыныштық бермеді. Соған ашуым келіп ұрғанымда қожам, не себептен екенін білмедім, өліп қалды. Мен кожама қастық ойламадым, шыбынды қырайын деп едім, — деді.

ЖАМАН ЖОЛДАС

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт. Аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты. Есітуі бар еді, «аю өлген кісіге тимейді» деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң, манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

— Достым, аю құлағына не деп сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

— Аю құлағыма ақыл айтып сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

АЙУАННЫҢ ЕСТІСІ КӨП, БІРАҚ АДАМДАЙ ТОЛЫҚ АҚЫЛЫ ЖОҚ

Ит адамға шын дос жануар. Дүние жүзінде иттің неше атасының ұлы бар: біреуі қора, біреуі үй күзетеді, біреуі малшы орнына мал бағады, біреуі аң, құс алып береді, біреулері, тіпті, ат орнына жегіліп те жүріледі. Бұлардың бәрін де екінші кітапта уақытымен айтармыз.

Англия жұртының ең үлкен Лондон дейтін қаласында өрт болған уақытта, жанып жатқан үйдің ішінде қалған балаларды алып шығуға үйретілген иттер бар.

Соның біреуі Боб деген ит он екі баланы өрттен алып шығыпты.

Бір күні бір үй жанып, өрт сөндіргіш адамдар келген уақытта, бір қатын жылап тұрды, «балам жанып жатқан үйде қалды» деп. Өртшілер әлгі Бобты жіберді. Боб баспалдақпен үйге кіріп, түтін ішінде жоқ боп кетіп, біраздан соң баланы көйлегінен тістеп қана алып келді. Шешесі қуанып баласын алды, өртшілер иттің өрт шалған жері жоқ па деп қарап тұрғанда, Боб өршеленіп, жанған үйге қарай тағы ұмтыла беріпті. Өртшілер ойлады, «шамасы үйде тағы да бір бала бар шығар» деп. Сонымен, Бобты және қоя берді. Біраздан соң Боб, ауызында бір тістегені бар, үйден жүгіріп шыға келді. Қараса, әкелгені бір үлкен қуыршақ екен.

ӨТІРІКТІҢ ЗАЛАЛЫ

Үш кісі жаланға шығып, күн бойы құс аулап, жалғыз-ақ шүрегей үйрек атып алыпты. Кешке бір жерге келіп отырып сөйлеседі: бұл үйректі үшеуіміз жеп тоймаймыз, біреуімізге жөн болмайды, — деп. Ішінде біреуі ку жігіт екен, бұл айтты:

— Оған ақыл табылады. Үйректі пісіріп, бетін жауып қоялық та, үшеуіміз де жатып ұйықталық, қайсымыз жақсырақ түс көрсек, үйректі сол жесін, — деді.

Осыған сөз қойысып, үйректі пісіріп, бетін жауып, өздері жатып ұйықтағанда, манағы ку тұрды да үйректі жеп алып, табағының үстін әуелгіше жауып қойды. Ертең жолдастарымен бірдей тұрып ку сұрады:

— Не түс көрдіңіздер? — деп.

Біреуі айтты:

— Мен ақбоз атқа мініп, алтын тәж киіп, көкке ұшып жүр екенмін.

Екіншісі айтты:

— Мен ұшпаққа кіріп, хор қыздары маған қызмет етіп жүр екен.

Сонда ку айтты:

— Екеуіндікі де рас, мен түсімде сендерге карап тұрып едім, бірін патша болып көкке ұшып кеткен соң, енді бірін ұшпаққа кіріп кеткен соң, бір шүрегей үйрекке бола қайтып келіп жатар деймісін деп, үйректі мен жеп қойдым, — деді.

НАДАНДЫҚ

А

Аңқау елге арамза молда тұрып, балаларға сабақ оқытыпты—мыс. Молда жазу да танымайтын, надан өзбек екен. Балалардың қолына қағаз беріп, шимайлап оқытатын оқуы:

— Неке қияр ат болар, бала туса шат болар — оған асыл зат болар, ат қояры — семіз ат, сүндет басы — үш түйе, ысқат деген бес түйе.

Бір күндерде сол елге шын молда келіп, әлгі бала оқыған медресеге келіпті. Сонда арамза молда жалма-жан бір балаға, келген молдаға есіттіріп, сабақ берді дейді:

— Е-е, ме-е демелік, өзге былшыл не керек, он бес түйем, бір атым, жартысы сенікі, жартысы менікі.

Б

Бір ноғай түн ортасында үйінен жалаңаяк, жалаңбас қашып шығып, оны көрген соң қатын-баласы да үркіп, үйін тастай қашып, үздік-создық көршісінің үйіне барып тығылыпты. Көршісі:

— Мұның не?—депті.

Демін алып, ноғай біраздан соң жауап берді:

— Үйімді көптен бері жын-шайтан аралап жүр еді. Күнде жатып қалсам, шайтандар үйімнің төбесінде жылысып, ойын салып, тасырлатып жүретін. Соларды қашыру үшін неше рет молдалар жидырып, дуа оқытып,

көп пұлым шықты. Бүгін түнде тағы да бұрынғы қалпынша, тасырлатып жүрген соң, ұйықтай алмай жатыр едім. Бір мезгілде шайтанның біреуі тарс еткізіп үйдің төбесін сындырып, маған қарай қарғыды, мен жалтарып қалып, бір жағымен қашып шықтым. Апыр-ай, шайтанның мүйізі де болады екен ғой, қашып бара жатқанда, қолым мүйізіне тиіп кетіп еді, — деді.

Көршісі есті кісі екен, «қане шайтаныңды біз де көрелік» деп, қолына фонарь алып, үш-төрт кісі ертіп, ноғайдың үйіне келді. Қараса, үйінің төбесін жұқа камыспен тоқып сылаған екен, ортасы құлап түсіпті және қарап жүргенде, бұрышта бір ешкі жайына күйсеп жатыр. Сәлден соң, үй төбесінде маңыраған лақтардың дауысы шықты. Мұны есітіп ешкі де түрегеліп маңырады. Соның артынша лақтар манағы құлаған жерден секіріп түсіп, енесіне қосылысыпты. Қараса, лақты ешкілер көршінің өзінікі екен. Түнде үйдің төбесіне үйілген шөпке келіп жеп, ойын салуды әдет етіп жүріп, манағы үй төбесінің жұқа жерінен құлап түскен екен.

В

Екі кісі жаздың бір әдемі күнінде сайранға шығып, бір ағаштың қасынан өтіп келе жатқанда, көкек шақырды дейді. Біреуі тұрып айтты :

— Көкек тек құс емес, ол мені көріп шақырғанын ырым етемін, маған ұзамай-ақ бір дәулет жолығады екен,— деді.

Қасындағысы айтты:

— Көкек саған шақырған жоқ, маған шақырды, дәулетке мен жолығамын, — деді.

Әуелгісі айтты:

— Сен итке неғылған дәулет?!

Оған қарсы екіншісі:

— Мен ит емес, сен ит! — деп екеуі ұрсысып, ұрыстан соң төбелесіп, екеуінің де аузы-мұрны қан болды. Мұнан соң екеуі де дәрігерге келіп, жараларына ем етті-

ріп отырып, ұрыстың неден басталғанын айтысты. Сонда дәрігер айтты дейді:

— Ей, ақылсыздар, ол көкек сендер үшін емес, менің үшін шақырған екен. Көкек шақырмаса, сендер төбелеспес едіңдер, төбелес болмаса, сендер жаралы болып, мен емдеп, ақы алып, олжа таппас едім, — деді.

Г

Менің бір дос адамым әңгіме етеді:

— 1875 жылы, жолаушылап келе жатып, бір ауылға түстім. Әңгімелесіп отырғанда, бір бала келді, екі көзі жылағаннан ісіп кеткен. Бөтен балалардай ойнамай, тамақ та жемей отырған соң аяп, қасымдағы кісілерден сұрадым: «бұл бала неге қамығып жүр, ойнамайды, тамақ жемейді?» деп. Сонда ауыл кісілері айтты:

— Бұл баланың кешегі күн ертемен шешесі қазаланды. Өлген соң-ақ қасымыздағы қыр үстіндегі молалардың қасына апарып қойдық. Кешке бұзау қайтарып жүрген балалар моланың қасына барса, манағы қатынның моласынан дауыстап шақырғандай көмескі бір үн келеді. Балалар бұзауларын тастай қашып, ауылға айтқан соң, үлкен кісілер де молаға жақындап барсақ, анық есіттік моладан үн шыққанын. Бұл сұмдықты көрген соң бір кесапатына ұшыраймыз деп, ауылымызбен көшіп, бүгін осы жерге қондық. Сол қатынның мынау он екі жасар баласы: Әжем тірі жатыр ғой, көрден ашып алып бер деп, — жылап, тілемеген адамы қалмады. Әрине, ешкім көрге бармақ түгіл, баланың, тіпті өзін де жібермей, бағып тұрмыз.

Сонда манағы бала өзі де жылап қоя берді:

— Ағаке, сіз бір қайыр қылмасаңыз... әжем тірі қалуы рас, — деп.

Бұл балаға абайлап қарасам, сонша есті бала кескінді. Қанша үлкендердің айтқанына болмай өз ақылына салып, шешесін тірі қалды деп тұрғанына таң қалып, алдыма шақырып, сүйіп отырып айттым:

— Тірі болса-болмаса да, шырағым, мен әженді барып көрейін.

Отырған кісілер үрпиісе түрегелді:

— Ойбай, мырза, айта көрменіз, өлген кісі тіріледі деп көр ақтарған не сұмдық, ол дүниедегі күнәсін тартып жатқан қатынға бола өзіңіз мерт боларсыз, — деп.

Мен балаға «үйіңе барып киініп кел», деп шығарып жібердім. Отырған кісілерге айттым:

— Дұрыс, өлген кісі қайта тірілмейді, бірақ сіздер есі танып жатқан қатынды өлді деп біліп, тірілей көмгенсіз. Дауыстап шақырғанын естіп тұрып, ашып алмағаныңыздан қатты обалға қалыпсыз, ешбір Құдай-Тағаланың кәләмінде¹ жоқ көрдегі азап адам құлағына естіледі деген, — дедім.

Сол арада манағы бала келді, ауылдан кетпен, күрек алып, қасымдағы екі жолдасыммен, баланы ертіп молаға бардық. Ауылдан қорыққанынан адам ермеді. Молаға барып сырттан құлақ салсақ та, ешбір дыбыс естілмеді. Сонсоң аштырып, екі кісі түсіріп қарасақ, бейшара қатынның қолы-басы жара, қан, үстіндегі киімін айырып тастапты, өзінің әлі күнге денесі жып-жылы екен. Қатынды көрден алып, үстіне шатыр тіккізіп бір күн бақтым. Көрден алған уақытта аз ғана жаны бар ма деп едім, сол күннің кешінде-ақ суынып, шынымен жан тапсырды.

Осындай істер әр елде болатын шығар деймін. Білімді зор дәрігерлер айтады: қайсыбір аурулар бар — бір жұмаға шейін адамды есінен тандырып, ешбір жан бар белгісі болмай жатқызатын деп. Соның үшін өлікті тым асықпай, байқаңқырап көму керек.

ЖАМАНДЫҚҚА ЖАҚСЫЛЫҚ

Қызылбас патшасының Абдулла деген уәзірі бар еді. Соның заманында жұрт бұзылып, бір күні уәзір патшаға келе жатқанда халық қамап: Дегенімізді істе, істеме-

¹Кәләм — сөз (арапша)

сеңіз өлтіреміз, — деп, ішінде бір батырырағы уәзірді сақалынан алып жұлықты. Уәзір ашу етпеді. Бұлардан шыққан соң патшаға барып, жұрттың тілегін беріңіз деп өтініп, тілегенін патшадан алып берді және өзінің көрген кемшілігі үшін ешкімге жаза берменіз деп оны да тілеп алды. Ертеңіне уәзірге бір саудагер келіп:

— Тақсыр, кеше сізді ренжітіп, сақалыңыздан жұлыққан кісіні айтайын деп келдім, ол Нағым деген менің көршім еді, алдырып жаза беріңіз, — деді.

Бұл сөзді есіткен соң уәзір саудагерді қайтарып, Нағымды шақыртып алды. Нағым: Менің кешегі ісімді біреу айтып танытқан екен, — деп қорыққанынан үрейі кетіп, келе-ақ уәзірдің аяғына жығылды. Уәзір Нағымды жерден көтеріп алып, айтты дейді:

— Мен сені жазаландыру үшін шақырмадым. Бірақ, көршің саудагер жақсы кісі емес екен. Сенің білместігіңді маған келіп айтты. Екінші рет ол көршіңнен сақтанып жүргендей екенсің.

Соны айтайын деп шақырып едім. Енді аман бол! — деп ішкергі үйіне кіріп кетті дейді.

САҚЫП

Сақып деген бір жақсы кісі мал жинамай жүріп, ақырында әл кеткенде қатты кедейшілік тартып, бір күні етігі болмаған соң жалаңаяқ далада жүргенінде, аяқтары тас жыртып ренжіңкірепті. Сөйтіп келе жатып, екі аяғы жоқ, ағаш балдақпен жүрген бір тіленшіге жолықты. Мұны көріп, Сақып аһ ұрып айтты дейді:

— Әй Құдайым, ренжігеніме тоба қылдым, шүкір саған, менің жүруге аяғымды аман сақтағаныңа, мынау балдақты бишараға жаңадан аяқ табылса, жалаңаяқ та болса жүріп жүруді дүниенің бір қызығы деп білер еді-ау, — деп.

ТӨКАППАРЛЫҚ

Вениямин Франклин деген даңқты білім иесі, Америка жұртының кісісі, он сегіздегі жас күнінде, Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып, шығар уақытта қарт ішкергі бір есіктен шығарып салуға алып келіпті. Франклин бұл кісіге сөйлесе келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда қарт дауыстапты:

— Еңкей, еңкей, — деп.

Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тартса ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді:

— Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар, ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басынды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсен, мұнан да артық неше соққылардан құтыларсың.

Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, әрдайым айтушы еді:

— Сол қарттың ақылы маған көп пайда болды, және көзіммен көрдім: басын жоғары көтерген төкаппарлардың нешеуінің әлек болғанын, — деп.

КИІЗ ҮЙ МЕН АҒАШ ҮЙ

1876 жылы мен судиялық орында тұрғанымда, екі ептеш адам бір-бірімен ұрысып арызға келді. Біреуі мешер, біреуі қазақ — екеуі де іскер, қазақтарға жер үй, ағаш үй істеп, көп мал тауып жүруші еді. Ұрыстарының себебі, мешер айтыпты:

— Қыстың күні тоңармыз, өзімізге бір жер үй салып алалық.

Қазақ айтыпты:

— Жок, киіз қос істеп алалық, қысымызға да, жазымызға да бұл қолайлы. Біреу жұмысқа шақырса, қосымзды қыс болсын, жаз болсын артып жүре берерміз.

Мешер айтыпты:

— Ой, киіз үйің құрсын, не күндіз, не түнде бір жылынбай, бүрісіп отырғаның.

Қазақ айтыпты:

— Сенің ағаш үйің құрсын, көшсең артуына көнбейтін.

Сонымен, біреуі киіз үйді, біреуі ағаш үйді мақтап таласып отырып, бірін-бірі сөгіп, ақырында қайсымыздың сөзіміз дұрыстығын судияға сынатамыз деп маған келісіпті. Екеуі де өзіме белгілі ақкөңіл, бейнетқор адамдар еді.

Істің себебін білген соң, сұрадым:

— Айына екеуің қанша мал табасың?

Олар айтты:

— Екеуміз 40-50 теңге табамыз.

— Қос пен жер үйдің бағасы не болады?

Олар айтты:

— Екеумізге кішкентай ғана қос, кішкентай жер үй болса болады, жұмысын өзіміз істейміз, отыздай теңгемен істеп болар еді десті.

— Бұрын қайда тұрып жүруші едіңіз?

— Ел жайлауға кеткенде біреудің киіз үйін жалдап, жазына 10-15 теңге беруші едік. Қыс болса кез келген үйде жатып тұрушы едік. Не болмаса бір үйді меншіктеп жатсақ, оған да ақы беруші едік.

Сонан соң айттым:

— Екеуіңнің де сөздеріңіз дұрыс. Киіз үй көшіп-қонып жүруге қолайлы. Жаз ел жайлауға кеткенде, сіздер қыстауда қалып, бір қыстаудан бір қыстауға көшіп, сонда алып жүруге киіз қос қолайлы, және жаз қоста қону түгіл, ауасы да ағаш үйден жақсырақ болады. Соның үшін сен қазақ бір шағын қос істеп ал. Қыс қазақ үй салдырмайды, ол уақытта сіздер әртүрлі уақ жұмыс істейсіз, көбісінше үйде отырып. Күні бойы далада жүрген жұмыс адамына, түнде бір мезгіл жылы жер де керек, дұрыстап дем алып, және жұмысқа ренжімей даяр болуға. Соның үшін, сен мешер, бір жер үй істеп

ал. Сонымен жаз қосты алып жүріп сонда тұрасыз, қыс жер үйде тұрарсыз, және жыл сайын біреудің үйін жалдап жүрген ақшанызға неше жылдық қос пен үй істеп алсаңыз, ақырында бұл пайдалы болар дедім.

Екеуі де төре маған тиді деп шығып бара жатқанда, және шақырдым:

— Екеуін жер үйді бірігіп істейсіндер ме, жоқ бөлек істейсіндер ме?— деп сұрадым.

Қазақ айтты:

— Үйін мешер өзі істей берсін, мен қос тауып аламын.

Сонда және төрелік айттым:

— Сен, мешер, жаз болса мынау қазақтың салған қосында бірге тұрарсың, соның үшін қостың жарты пұлын сен төле, сен, қазақ, қыс болса, мынау мешердің жылы земленкесінде бірге тұрарсың, соның үшін земленкені сен де бірге істе.

Екеуі де менікі дұрысқа шықты деп, құлдық ұрысып, шығып кетісті.

ДАНЫШПАН ҚАЗЫ

Алжир жұртының патшасы Бауақас деген қол астындағы қалалардың біреуінде бір данышпан қазы бар, онан өтірік айтып ешкім құтыла алмайды, даугердің қайсысының ісінің ақ екенін айтпай табады деп есітіп, рас па екен білейінші деп, бір көпес кескінді киініп, қазыға қарай жүрді дейді. Қалаға кіре бергенде, бір аяғы жоқ ақсақ тіленші қайыр сұрады. Бауақас қайыр беріп өтейін деп еді, тіленші етегінен ұстап айрылмады.

— Мен қайыр бергенім жоқ па, енді не керек? — деді Бауақас.

Тіленші айтты:

— Қайыр бердің, бірақ тағы бір қайыр қыл, мені мінгестіріп, орам ортасына жеткізіп таста, әйтпесе базардағы ат пен түйелер басып кете ме деп қорқамын, — деді.

Бауақас тіленшіні мінгестіріп, орам ортасына жеткен соң, тіленшіні түсірейін деп тоқтады. Тіленші түспеді.

Бауақас айтты:

— Енді неге тұрсын, түс, орам ортасына жеттік қой.

Тіленші айтты:

— Неге түсейін, ат менікі, атыма дау еткің келсе, қазыға жүр.

Төңіректегі халық жиылып, бұлардың даусын есітеді, бәрі де айтты:

— Қазыға барыңыз, ол қайсыңның ақ-қаранды табар, — деп.

Бауақас тіленшімен қазыға келісті. Келсе, қазының алдында бұрынырақ келіп тұрған да даугерлер бар екен. Қазы ретпен сұрап отырып, бір молда мен мужикті шақырды. Бұл екеуі бір қатынға таласып, молда менің қатыным, мужик менің қатыным дейді. Сөздерін тындап болып, оларға қазы айтты:

— Қатынды мұнда қалдырып, өздеріңіз ертең келіңіз.

Олардан соң рет бір қасапшы мен май сатушыға келді. Қасапшының тұла-бойы қан, майшының үсті-басы май. Қасапшының қолында ұстаған ақшасы бар, майшы сол ақша ұстаған қолынан ұстап жібермей тұр. Қасапшы айтады:

— Мен бұл майшыдан май сатып алып, ақшасын беруге қалтамды шығарып едім, майшы ақшаның бәрін тартып аламын деп қолымнан ұстады. Сол ұстаған қалыбымен ақшаны тартып ала алмаған соң, саған бөле саламын деп сізге келді.

Майшы айтты:

— Бұл сөзі өтірік, қазы. Қасапшы маған май сатып алуға келген соң, бір бақыраш май құйып бердім. Сонда қасапшы айтты: бір алтын айырып берейін, — деп.

Мен: айырып бер, — деп қалтасымен ақшамды шығарып, алдымыздағы тақтайға қойғанымда, қасапшы ақшаны алып қашайын деп еді, қолынан ұстай алып, жібермей сізге келтірдім, — деді.

Тындап болып, қазы айтты:

— Ақшаны мұнда қойып, өздеріңіз ертең келіңіз.

Енді кезек Бауақас пен тіленшіге келді. Бауақас бастан аяқ істің мәнін айтып еді, тіленші дауыстады:

— Мұның сөзі өтірік. Мен атқа мініп, қалаға келе жатыр едім, бұл көпес жерде отыр екен, қалаға жеткізіп таста деп өтінді. Сонан соң, атыма мінгізіп, қалаға келтірген соң, түс десем, аттан түспей, ат тіпті өзімдікі деп әуре етіп жүргені, — деді.

Қазы азырақ ойланып тұрып:

— Атты мұнда қойып, өздеріңіз ертең келіңіз, — деді.

Келесі күні көп кісі жиылды қазының төресін есітеміз деп.

Әуелі молда мен мужик келді. Оларға қазы бұйырды:

— Қатын молданікі, мужикке елу шыбық ұрыңыз.

Айтқанынша сол жерде-ақ қатынды молда алып, мужикке жасауыл елу шыбық ұрды.

Екінші қасапшы мен майшы келді. Қазы:

— Ақша, қасапшы, сенікі, майшыға елу шыбық ұрыңыз.

Үшінші Бауақас пен тіленші келді. Қазы Бауақастан сұрады:

— Жиырма аттың ішінен атыңды танып алармысың?

Бауақас айтты:

— Танырмын.

Тіленшіге тағы:

— Сен де танырмысың? — деді қазы.

Ол да айтты:

— Танырмын.

Сонан соң «екеуің де маған еріңіз» деп, ат қораға алып келді. Қораға екеуі Бауақасты кіргізіп, ол көп аттардың ішінен түп-тура барып өз атын ұстады. Оның артынан тіленшіні кіргізіп еді, ол да атты танып қасына барды. Сонан соң қазы орнына келіп отырып төре берді:

— Ат, көпес, сенікі, тіленшіге елу шыбық соғыңыз.

Бұл істердің төресін беріп, орнына келтірген соң, қазы үйіне барды, Бауақас қалмай ере келді.

— Сен неге келесің, — деді қазы — әлде берген төреме разы болмадыңыз ба?

— Жок, — деді Бауакас — төреңізге разымын, бірақ білгім келеді: «Қатынның молданыкі екенін, ақшаның қасапшынікі екенін, аттың менікі екенін қайдан білдіңіз?»

Қазы айтты:

— Қатын турасында білгенім, таңертен қатынды үйіме шақырып: «қара сауытыма қара сия құй дедім». Қатын жып-жылдам қара сауытты жуып, сонан соң қара сия құйып, бұл іске сонша ептілік көрсетті. Мұнан көрінді қара сия сауытпен айналысып көрген қатын екендігі. Мұжық қатыны болса, ондай іске епті бола бермес еді. Осынан молданың сөзінің растығы білінді. Ақша турасында білгенім, ақшаны кеше кешке бір кесе суға салдым да, төнертен тұрып қарадым: «судың бетіне май шықпас па екен?» деп. Май шыққан жоқ. Мұнан көрінеді майшының сөзі өтірік, қасапшынікі дұрыс екендігі, не үшін десеңіз — майшының майлы қолымен ұстап тұтыңған ақша болса, су бетіне ақшадан май жүзіп шығар еді. Бәрінен сіздің ат турасында қиынырақ болды. Сен таныған атты тіленші де таныды, бірақ менің ойымда сендерге ат таныту емес еді, ат қайсынды таныр екен деп атқораға алып барып едім. Сіз аттың қасына барғанда оқыранып, ат саған мойнын созды, тіленші қасына барғанда құлағын жымитып, аяғын көтерді. Мұнан ат сенікі екендігі білінді деді.

Сонда Бауакас айтты:

— Мен көпес емес, Бауакас деген патшаңмын. Сенің тураңда жұрттың айтуы дұрыс па екен деп сол үшін келіп едім, айтқаныңдай бар екенсің. Енді тілегің болса тіле, — деді.

Қазы:

— Маған сый керек емес. Патшамның осы мақтағаны да жетерлік сый деді, — дейді.

ҮШ ҰРЫ

Бір сарт қалаға бір есек, бір ешкі сатуға алып келеді. Ешкінің мойнында қоңырауы бар екен. Мұны үш ұры көріп, біреуі айтты:

— Мен осы сарттың өзіне білдірмей ешкісін ұрлап аламын.

Екіншісі айтты:

— Мен қолындағы есегін ұрлап аламын.

Үшіншісі айтты:

— Оның бәрі де қиын емес, мына мен сарттың өзінің үстіндегі киімін де ұрлап аламын.

Сол сөзбен бастапқы ұры сарттың артқы жағынан келіп, ешкінің мойнындағы қоңырауды алып, есектің құйрығына тақты да, ешкіні жетектеп далаға алып кетті. Біраздан соң сарт артына қараса ешкі жоқ. Сөйтіп аңтаң болып тұрғанда, екінші ұры келіп:

— Неғылып тұрсын? — деп сұрады.

Сарт:

— Ешкімді алдырдым, — деді.

Ұры айтты:

— Мен көрдім, ешкі жетектеген біреу жаңа ғана осы орманға кіріп кетті, қусаң жетесін.

Сарт:

— Ендеше, құдай үшін есегімді ұстай тұр, — деп, есегін ұрыға ұстатып, өзі ағашқа жүгіріп кіргенде, бұл ұры есекті алып жөнелді.

Біраздан соң қайтып келсе, есегі тағы жоқ. Мұнан соң сарт байғұс жылап, жолға түсіп жүре берді. Сарт сөйтіп келе жатса, жол үстінде, судың жағасында жылап отырған бір адамға ұшырап, «неге жылап отырсын?» деп сұрады.

Ол кісі айтты:

— Бір байдың қызметкері едім, бай бір қапшық алтын беріп «қалаға алып бар» деп жіберіп еді. Осы судың жағасына жеткен соң, дем алайыншы деп сүйеніп жатып ұйықтап кетіп, ұйқысырап абайсыз қапшықты суға итеріп жіберіппін. Енді неғыларымды білмей отырмын.

Сарт:

— Ендеше суға неге түсіп, алтыныңды алмайсың? — деді.

Кісі айтты:

— Жүзе білмегеннен судан қорқушы едім, қапшықты алып берген кісіге 20 алтын берер едім.

Сарт ойлады:

— Есегім мен ешкімді алдырған үшін маған бұл Құдайдың жіберген олжасы шығар, қапшығын әперіп, 20 алтын алайын, — деп, жалмажан шешініп, киімінің бәрін тастап суға түсті. Су ішінде олай-бұлай жүзіп, тайыз жерінде жүріп іздесе де қапшық табылмады.

Біраздан соң, шаршап қайтып келсе, киімін манағы үшінші ұры алып жөнелген екен.

ҮНДІ

Үнді жұртының бір адамы бір жақтан үйіне қайтып келсе, үйдің қасындағы ағаштың басына кептіруге іліп қойған еті жоқ. Ағаштың айналасын әбден жүріп, қарап болған соң, орамға шығып жолай дауыстап сұрайды:

— Аласа бойлы, қолында қысқантақ мылтығы бар, соңында тарақ-күйрық кішкентай иті бар, бір қарт адам көрдіңіз бе?—деп.

Бұл кісіні өркім көрген екен, сілтеумен барып тауып, ұрысын ұстапты-мыс. Ауылдас адамдары үндіден «ұрының түсі-түгін қайдан білдіңіз?» деп сұрасыпты. Сонда үнді айтты дейді:

— Ұрының аласа бойлы екенін білгенім, менің қолыммен ілген етімді, ол ағаштан аяғының астына тас қойып, соның үстіне шығып алыпты. Қарт екенін білгенім, жүргендегі ізінен байқадым — адымының арасы тым жақын екен. Мылтығының қысқа екенін: етімді ұрларда, мылтығын ағашқа сүйеп қойған екен. Сонда мылтықтың аузы ағаштың кішкене қабығын жырып кетіпті. Жер мен сол жырылған қабықтың арасынан ша-

маладым. Ұрының қасында иті бар екенін, және ол итін өзі кішкентай, құйрығы тарак-құйрық екенін білгенім, етімді ұрлап жатқанда, ит анадай бір құмайтырақ жерде отырған екен. Соның құмға түсіп қалған ізінен, және былғандатқан құйрығының табынан байқадым депті-міс.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

Жиренше шешен жолаушы келе жатып, бір ауылдың тұсына келсе, ауылмен екі арада өзен суы тұрған соң, өткелін біле алмай сасып тұрғанда, судың аржағынан су алуға шелекпен бір қыз келді дейді. Жиренше дауыстап сұрады:

— Бұл өзеннің өткелі қайда? — деп.

Қыз айтты:

— Анау жақта бір өткел бар алыс, алыс та болса жақын, берірек бір өткел бар жақын, жақын да болса алыс.

— Мұның не сөз екенін аңғармай, Жиренше жақын деген өткелге барып, жүріп кетіп еді, судың орта жеріне барғанда аты омбылап жығылып, үсті-басы былғанып, азар-мазар қайтып шықты. Сонан соң алыста болса жақын деген өткелге барып, оп-онай аржақтағы қыздың үйіне келді. Үйіне кіріп отырған соң, Жиренше қызға карап:

— Жаным, қарным ашып алыстан келемін, тамағыңның тәттісін бер, — деді.

Қыз айтты:

— Бір тамақ бар ащы, ащы да болса тәтті. Бір тамақ бар тұщы, тұщы да болса ащы.

Жиренше:

— Ащы да болса тәтті деген тамағыңды келтір, — деді. Қыз тұрып, шанастан бір уыс тұз алып, бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды. Жиренше мұны көріп:

— Жаным, құр тұзды қалай жеймін?— деді.

Сонда қыз үндемей, тұзы жоқ қара көже құйып берді.

Жиренше өзі де данышпан ақылды кісі, ойлап отырып, бұл сөздерге түсінді, және өзінің үй иесінің берген мәзірін күтпей, тәтті тамағынды бер деп сұрағанына ұялды. Сол істерінен Жиренше қыздың есті қыз екенін аңғарып, ақырында өзіне қатындыққа айттырып алды дейді.

Қыздың аты Қарашаш сұлу, жұртқа белгілі көркем, данышпан болған соң, заманындағы хан күндеп, Жиреншемен қас болды. Бір күні ханның көңілі шапқан соң, аспазшылар алдына бір қаз пісіріп алып келіп қойысты. Жиренше қасында отыр екен, хан оған бұйырды:

— Бұл қазды өзіме, ханымға, екі балама, және өзіне, біріне артық, бірімізге кем жібермей бөліп бер. Егер біреуімізге бір мысқал артық-кем болса, өзінді қатты жазаландырамын, — деп.

Жиренше қолына пышақ алып, әуелі қаздың басын кесіп ханға берді:

— Тақсыр, сіз біздің басымызсыз, міне сізге бас, — деп.

— Екінші, хан ханымсыз болмас, ханым хансыз болмас, құс мұрынсыз болмас. Олай болса ханым сіздің мойыныңыз деп, оған қаздың кеңірдегін кесіп алдына қойды.

— Мынау екі балаңыз — сіздің екі қанатыңыз, оларға міне канат деп, қаздың екі қанатын кесіп қойды.

— Мен өзім, тақсыр, бас та емес, аяқ та емес, орташа ғана адаммын, мынау құстың орта денесі маған лайық деп, қаздың қалған денесін өз алдына қойды дейді.

Және бір аз күн өткен соң, хан аң аулай далаға шығып жүріп, домалап бара жатқан бір қаңбақты көріп, Жиреншеге бұйырды:

— Барып қаңбақтың көшу-қонуының қайда болатынын сұрап кел, жауабын дұрыс келтірмесең, жасауылдарға ұрдыруға бұйырамын, — деп.

Жиренше атын борбайға салып жіберіп, шауып кетті де, қаңбақты қуып жетіп, найзасымен шаншып тоқта-тып, біраз тұрды-тұрды да, қайта ханға келіп айтты дейді:

— Тақсыр, қаңбақтан бұйрығыңызша сұрадым. Қаңбақ айтты:

— Сұрата жіберген хан тентек пе, сұрай келген сен тентек пе, көшерімді жел біледі, қонарымды сай біледі, — деп.

Осылайша өуре етіп жүре-жүре, хан Жиреншенің ешбір тұзаққа түспегеніне өшігіп, енді лайығын тапса, тіпті өлтіріп, қатынын алуға ойланды. Бұл ыңғайын таныған соң, Жиренше қайғыда болып жүргенде, бір күні Қарашаш сұлу байынан сұрады:

— Неге қамығасың? — деп.

Жиренше себебін айтты. Қарашаш айтты:

— Достым, қайғырма, бұған бір ақыл табылар. Екі күннен соң хан-билерді үйге қонаққа шақырыңыз.

Жиренше елінен озған алаяқ шешен атанса да, өзі кедей екен дейді. Кедейлігі турасында өлі күнге қазақта қалған бір сөзде бар ғой. Ханның сәулетті ордасында күн бойы әдемі төсек үстінде отырып, кеш өзінің қара лашығына келіп, тулақ үстіне жатып айтады-мыс: айһай менің өз үйім — кең сарайым боз үйім, — деп. Қатынының әлгі айтқан сөзін есітіп, Жиренше айтты:

— Хан-қараны шақырып, қай жерге отырғызамыз, және немен сыйлаймыз?

Қарашаш айтты:

— Оның ақылын маған қоя беріңіз.

Екі күн өткен соң, Жиренше ханды жан-жаранымен қонаққа шақырды. Хан да, жасауылдары да «Жиренше бізді немен сыйлар екен, көрейік» деп келіпті-міс. Сыйғаны үйге кіріп, сыймағанына далада киіз жайып, тегіс отырып болған соң, Қарашаш сұлу өзі тұрып ханның алдына бір аяқшаға салған аз ғана сүт-қаймақты келтіріп қойды. Хан шынашағымен ғана қаймақтан аузына алып салып еді, бұл қаймақ ханның өмірінде жеп көрмеген артықша бір тәтті дәм, және сол шынашағымен бір-екі алып жегенде тойып та қалды. Ханнан қалғанын қасындағы жақсыларына беріп, үй ішіндегі жан біткеннің бәрі де «не тамақ екен?» деп аздап алып, дәмін татысты. Аттанар уақытта, хан Қарашаш сұлудан сұрады:

— Сұлу, бұл берген тамағыңыз не тамақ? Біз көрмеген бір тәтті дәм екен, үйретсең аспазшыларыма бұйырайын, әрдайым осындай тамақ істеуге.

Сонда Қарашаш айтты дейді:

— Тақсыр, сіз білесіз біздің жарлы екенімізді. Ерім сізді жақсыларыңызбен қонақ етуге ниет еткен соң, «не тамақпен сыйласам болар?» деп уайымға қалдым. Ақырында ойладым: дүниедегі тамақ асылы— адамның сүті болса керек. Не үшін десеңіз — бала бес алты жасқа келгенше жалғыз емшек сүтімен күн көреді. Соның үшін өз сүтімді сауып, осы қаймақты істедім, — деді.

Хан «аһ» деп санын бір соғып, шыға жөнелді, — дейді. Ол заман да бұл заман да белгілі — емшегінің сүтін ішкен әйел шеше есебіне кіріп, қатындыққа алуға болмайтындығы.

Мұнан соң бірнеше күннен соң, хан Жиреншені шақырып алып: «қиянат істерімді кешіңіз» деп өтініп, көп мал сыйлапты-мыс.

ҚАРАҒЫЛЫШ

Ертеде бір бес ағайынды жігіт бар екен. Бесеуі бір бәйтеректің қасына жарты жер салған екен. Егіні піскен соң, түнде келіп біреу жеп кетеді екен. Сонан соң олар егінін күзетіпті. Әуелі үлкен ағасы күзетіпті, бірақ ешкімді көрмепті. Солайша төрт ағасы төрт күн күзетіпті. Бесінші күні ең кішісі күзетіпті, аты Қарағылыш екен. Қарағылыш күзеткен күні көктен бір қара бие келіпті. Егінді жеп жатқанда Қарағылыш оны ұстап алыпты. Сонда әлгі қара бие айтыпты:

— Ей, бала, мені жібер, — деді. — Менің бес құлыным бар, бесеуін бесеуіңе берейін, — деді.

Қарағылыш оны қоя берді. Сонан соң қара бие құлындарын алып келіп, ең кішісін Қарағылышқа берді, бөтен төртеуін төрт ағасына берді. Сонда бәрі жарысқанда Қарағылыш озады екен.

Бір күні Қарағылыш жұлындай жерден түтін көріпті. Көрген соң соған барыпты. Барса, бір жалмауыз кемпірдің үйі екен. Ол кемпірдің бес қызы бар екен. Қыздарының ойнайтын, жататын, тамақ ішетін үйлері бөлек-бөлек екен. Сонда Қарағылыш қыздардың ойнайтын үйіне барып, кілемнің астына жатыпты. Қыздар келе бергенде, кілемді көтеріп қалыпты. Сонда қыздар ойбайлап шешесіне барыпты. Шешесі ұрысып жіберіпті. Сонан соң қыздар келіп ойнап отырғанда, Қарағылыш қыздарды ұстап алып, төртеуін екі қолтығына тығып, біреуін иініне тығып, атына мініп қашыпты. Қашқанда кемпір Қарағылышқа жылап айтыпты:

— Қыздарымды ертең ұзатайын, бүгін өзің қон! — депті.

Сонан соң Қарағылыш қыздарын өзіне беріп, өзі қоныпты.

Кеш болған соң, Қарағылышқа ұйықта деп, төсек салып беріпті. Қарағылыш тысқа шықса, аты бір көзінен қан, бір көзінен жас ағып тұр екен. Сонда аты айтыпты:

— Сен бүгін ұйықтама, ұйықтасаң сені өлтіреді, жалмауыз кемпір темір тіс соқтырып жатыр, — деді.

Қарағылыш үйге келіп, ұйықтамай жатыпты. Сонда кемпір келіп, есікті қарап айтыпты:

— Ұйықта шырағым! — депті де, кетіп қалыпты.

Біраздан соң тағы келіпті. Сөйтіп жүргенде таң атып қалыпты. Сонан соң кемпір қыздарын ырғап-жырғап ұзатыпты, сонда айтыпты:

— Осы жерде үш бел бар, екеуіне қонбандар, ең шеткісіне қонындар, — депті.

Күн кеш болған соң төрт ағасы ең ортадағысына қоныпты. Қарағылыш жаңғыз өзі ең шеткісіне барып қоныпты. Қарағылыш ертең тұрған соң, төрт ағасы жылап жатыр екен, есітіпті оларға бір кісі айтады екен:

— Қарағылышты әкеп берсендер, жіберейін, — деп.

Соны Қарағылыш есітіпті де, соған келіпті. Келсе — бір айдаһар екен. Ол айдаһар бөтен ағаларын қоя беріп,

Қарағылышты алып қалыпты. Сонан соң Қарағылышқа айтыпты:

— Бермес ханның өлмес қызын әкеп бер!— депті.

Қарағылыш жарайды деп кетіпті.

Келе жатса, бір тауды бір тауға қосып жатқан кісіге жолығады. Сонда Қарағылыш сұрапты:

— Неғылып жүрсің?—деп.

Ол кісі айтыпты:

— Қарағылышқа жолдас болайын деп жүрмін, — депті.

Сонымен жүргенде Қарағылыш тағы бір көлді көлге қосып жатқан кісіні жолдас қылып алыпты және бір мергенді және бір шапшанды. Шапшаң сонша асқан екен. Екі отырған сауысқанның бірінің құйрығын біріне кесіп алып жалғайды екен. Солармен бір атқа мінісіп келіпті. Келсе, бір екі тау көріпті. Сол таудың бүйірінен ірің ағып жатыр екен. Мұның астында ханның ауылы бар екен. Қарағылыш ханға барып айтыпты:

— Сенің қызынды алайын деп келдім, — депті.

Сонан соң хан айтыпты:

— Бес айла қыламын, бесеуін де тапсаң қызымды беремін, таба алмасаң өлтіремін! — деді.

— Әуелі ат жарыстырамыз, — деп, ат жарыстырыпты. Сонда Қарағылыштың аты алдымен келіпті. Сонан соң хан: «жаяу кісі жарыстырамын» депті. Сонда Қарағылыш манағы жүйрікті шығарыпты, хан бір кемпірді шығарыпты. Ол кемпір бір шелек бал алыпты. Жарысардың алдында ол кемпір жүйрігіне балды беріп-беріп мас қылыпты, ұйықтатып тастап, өзі кетіп қалыпты.. Сонда жер тындаушы да айтыпты:

— Сол бір адам келеді, — депті.

Сонда Қарағылыш мергенге:

— Ат! — депті.

Мерген басындағы шелекті атыпты. Шелектің дыңғырлаған дауысымен жүйрік оянып тұра салып, орнынан бір уыс топырақ ала салып жүгіріпті. Кемпірге жеткен соң ол:

— Шеше! — депті.

Сонда кемпір артқа қарағанда, көзіне топырақ шашып қалғанда, кемпір ойбайлап қалыпты. Сөйтіп, жүйрік алдымен келіпті.

Сонан соң хан барлығын бір темір үйге қамапты да, жан-жағынан көрік басыпты. Сонда манағы көл ұрттағыш екі ұртына екі көлдің суын ұрттап әкеліп, үйге шашыпты. Сонан соң хан қызын ұзатыпты. Манағы Қарағылыштың жолдастары орнында қалыпты. Оларға Қарағылыш киім берген екен, олар алмапты. Сонан соң Қарағылыш қызды айдаһарға әкеліп беріпті де, өзі кетіп, ағаларын тауып алыпты.

ТАЗША БАЛА

Ертегі

Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен, арқалап кетіпті. Келе жатса, бір өнерші байдікіне келеді. Бұл байға өнер үйренуге ол жігіт жалданыпты. Өнерші бай бек қатты жауыз адам екен. Ол жалданған жігітті бір сандыққа салып қойып, аштан өлтіріпті. Үйінде қалған ортаншы баласы, бұ да өнер үйренбекке талап етіп, о да ағасының кеткен жолымен кетіп, о да өнерші байға келіп жалданыпты. Өнерші бай оны да ағасынша аштан өлтіріпті. Үшінші ұлы — Тазша бала, о да ағаларындай өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, жарты етін әке-шешесіне беріп, олардан рұқсат алып, арқалап кетіпті.

Келе жатса, бір қора қойға ұшырапты. Бұл қора қойдың қойшысына жолығып сұраса, бұл қойлар өнерші байдікі екен. Ол Тазшадан сұрайды:

— Балам, қайда барасың? — деп.

Тазша бала жауап береді:

— Өнер үйренуге барамын, — деп.

Сонда шал тұрып айтады:

— Балам, бұл сөзіңді бөтен ешкімге айтпа, жатқа (бөтендерге) шыныңды айтпа деген, — деп.

Сонан соң, бала «шалдың бұл айтқаны рас екен» деп ойлап, өнерші байға барыпты. Байдың үйіне қонып, ертең жүрейін деп жатқанда, өнерші бай Тазшадан сұрайды:

— Балам, қайда барасың, жолың болсын? — деп.

Тазша бала жауап береді:

— Мен өзіндей ер баласы жоққа еншілес бала боламын, — деп.

Сонда өнерші бай айтады:

— Балам, сен біздікіне қал, маған бала бол, біздің бір ақ құнан қойды сойып, той қылып, асық жілігін етімен өзін жеп той, мен өзім жолаушы барамын, — дейді де, өзі жолына кете береді.

Тазша бала:

— Хош әке, жақсы бол! — деп, үйінде қала беріпті.

Бұл өнерші байдың үйінде бір қызы бар екен. Бұл Тазша балаға айтады:

— Аға, сен асық жіліктен өзін жемей, керегенің басына іліп қой, сонда бір ақ тазы келіп, жілікке ұмтылар, сонда сен балтамен ол тазыны лақтырып өлтір, — деп.

Мұнан соң Тазша бала ақ құнан қойды сойып, той қылып, көршілерін шақырып, асық жілігін өзі жемей, қыздың айтқанын қылып, керегенің басына іліп қойғанда, айтқанындай ақ тазы келіп, етті жілікке ұмтылғанда, Тазша балтамен жіберіп қалыпты. Бірақ балтасы тазыға тимей, ит қашып құтылып кетіпті.

Өнерші бай үйіне келген соң, Тазша баланың мұндай істерді істегенін біліп, қатты ашу етіп, «бұл итті аштан өлтірейін» деп сандыққа салып қойыпты. Бұл байдың бағанағы қызы, әкесі жоқта, сандығының түбін тесіп, тамақ беріп, Тазшаны тойдырып тұрыпты.

Бірнеше күндер өткен соң, Тазшаның өз әкесі балаларын іздеп шығып, өнерші байдікіне келіп сұрады:

— Бір Тазша деген балам бар еді, соны көрдіңіз бе? — деп. Өнерші бай:

— Көргенім жоқ, — деп жауап береді.

Бұлардың сөйлесіп тұрған сөздерін Тазша үйде, сандықта жатып есігіп жатыр еді. Бай әлгідей дегенде, Тазша:

— Әке, мен мұндамын! — деп сандық ішінен айқайлапты.

Даусынан баласын танып, байдың сандығынан шығарып алып, Тазша мен әкесі үйіне қайтыпты.

Тазша жолай әкесіне айтады:

— Әке, мен бір қара құнан қой болайын, мойныма жіп тағып, жетектеп барып базарға жақсы бағаға сат, бірақ жібінді алып қал, — дейді.

Баласы сол жерде айтқанынша қара құнан қой болады, әкесі мойнына жіп тағып, базарға апарып сатып, ақшасын алып үйіне қайтады.

Ертеңіне баласы өз қалпына түсіп, әкесіне айтады:

— Әке, мен бір қара жорға ат болайын, мені базарға апарып сат, пұлымды ал, бірақ шылбырымды алып қал, — депті.

Баласы айтқанынша ат болып, әкесі базарға апарып сатып, шылбырын алып, үйіне қайтты.

Ертеңіне баласы, Тазша, тағы өз қалпына түсіп, үйіне келіп әкесіне айтады:

— Әке, мен бір жез бұйдалы нар-тайлақ болайын, сен мені базарға апарып сат та, пұлымды алып, бірақ бұйдамы алып қалып, үйге қайта бер, — деді.

Тазша айтқанынша тайлақ болып, әкесі базарға сатайын деп жетектеп келе жатса, алдынан баяғы өнерші бай шығыпты. Ол айтады:

— Маған мынау тайлағынды сат, — деп.

Тазшаның әкесі айтыпты:

— Тайлағым басы жүз тілла, — деп.

Сонда өнерші бай бұлардың айласын біліп, жаман оймен, тайлақты жүз тіллаға сатып алыпты да, үйіне жетектеп келіп, баяғы қызын шақырып алып, «мынау

тайлақты ұстай тұр» депті де, өзі үйден пышақ алып, тайлақты бауыздайын деп, үйіне жүгіріп кетіпті. Қыз әкесінің жаман ниетін біліп, үйден бұ да пышақ алып шыққан екен, әкесі үйге кірген кезінде, тайлақтың бұйдасын пышақпен қиып жіберіп, босатып қоя беріпті.

Өнерші бай тұра салып, үйінен шығып, қашып бара жатқан тайлақты көріп қуыпты. Тазша сонда түлкі болып қашыпты, өнерші бай тазы болып қуыпты, өнерші бай жете берген кезде, Тазша түлкіден үйрек болып ұшыпты, бай онда қаршыға болып қуыпты. Біраздан соң, Тазша бала Торғай болып қашыпты, онда бай қырғи болып соңына түсіпті. Онан соң Тазша Торғай қалпында шаныраққа ұшып келіп қонып отырғанда, бай — қырғи келіп таяна бергенде, Тазша қорқып, шүберек болып жерге түсіпті. Өнерші бай онда кісі болып, шүберекті қолына алайын дегенде, Тазша тары болып домалапты. Онда өнерші бай тауық болып шұқиын дегенде, Тазша мысық болыпты да, өнерші байдың желкесіне мініп алып тістеп, тырнап, зорлықпен өнерші байды өлтіріпті. Сөйтіп, оның қызын өзі алып, барша мұратына жетіп, зор бай болып дәурен етіпті.

АЛТЫН АЙДАР

Бір хан болған екен, оның екі қатыны болыпты. Олар бала таппапты. Сол уақытта бұл бай сапарға шығуға ойланып, қатындарына айтыпты:

— Мен келгенше не істеп, не тауып қоясындар?— депті.

Сонда үлкен қатыны айтыпты:

— Мен сен келгенше алтыннан әдемілеп үй салдырамын,—депті.

Кіші қатыны айтты:

— Мен алтын айдарлы бір ұл, бір қыз табамын, — депті, — ол баланың аты Алтын Айдар болады, — депті.

Сонан соң бұл хан сапар шығып кетті.

Хан бір екі - үш жыл жүріп қайтып келіпті. Сонда манағы үлкен қатыны үй салдырып қойыпты, кіші қатыны Алтын Айдар баланы тапқан екен, бірақ оны үлкен қатыны күндеп, бір сиқыршы қатынға айтып, баласын ұрлап алып, құдыққа тастапты. Ол кіші қатынға «сен күшік таптың» деп, күшік беріп, бөле қылыпты. Сонда бейшара тоқал жылапты да, шарасыз көніпті. Манағы хан келіп, күшікті көріп, тоқал қатынды қуып жіберіпті. Енді баланы өлгі кемпір құдыққа салып жіберіпті. Сонда Құдайдың құдіретімен Жәбірейіл періште құс болып келіп, аяғымен көтеріп алып кетіпті де, қаланың шетіндегі бір кемпірге әкеліп беріпті. Ол кемпірдің ұлы, қызы жоқ екен. Сонда ол екі бала үш-төрт жыл тұрыпты. Сол уақытта өлгі кемпір өліпті. Сонан соң бала оқ мылтық атып, құлан-бұлан аулап, етін тамақ қылып, терісін киім қылып жүріпті. Сөйтіп жүріп бір таудың шұқырына келіп, соны үй қылып, сонда тұрыпты.

Ол баланың тірі екенін біліп, бұрынғы қас қылған шешесі баяғы сиқыршы кемпірді жіберіпті: «Алтын Айдарлы баланы өлтіріп кел» деп. Сонан соң, ол сиқыршы кемпір баланы іздеп келсе, бала аңға шығып кетіпті. Қарындасы үйде отыр екен, оған айтыпты:

— Ағаңа айт, мына жақта Күлмесхан дегеннің бір биесі бар. Күнде құлындайды, құлындары арғымақ, тұлпар болады, — деді де, кетіп қалды.

Ол кемпір қастықпен өлтіруге ойлапты. Ол жолға барған кісі — жолда адасып кетіп өледі екен. Кешке ағасы келіпті. Сонда қарындасы кемпірдің айтқанының бәрін де тамам айтыпты. Мұны есітіп, ағасы құлынды іздеп, сапар шығып кетіпті.

Жолда келе жатқанда бір дарияға келіпті. Ол дариядан жүрген, өткен кісі әлек болады екен. Алтын Айдар өтіп келе жатса, бір перінің қызы дарияны толқын қылып, кемені аударуға келе жатыр екен. Ол аудар бергенде, Алтын Айдарлы бала қолынан ұстап алып, қолындағы сақинасын, білезігін тартып алып, жөніне кетіпті.

Сөйтіп жүріп Күлмесханға келіпті. Ол Күлмесханның биесі құлындап жатыр екен. Күлмесханға айтыпты:

— Ай, тақсыр, құлыныңызды ұлықсат болса алайын, — депті.

Сонда хан:

— Ала ғой, — депті.

Олар өздері де құлындарын ала алмайды екен. Ол құлынды туысымен бір перінің қызы бермей алып кетеді екен. Сол уақытта бала мұны күзетіп тұрғанда, бір перінің қызы бұлт болып келіп, құлынды алып бара жатқанда, Алтын Айдар қылышпен бұлтты сермеп қалыпты. Сөйтіп перінің кебісі мен құлынды алып қалыпты. Сонан соң ханға келіп, кебіс пен құлынды көрсетіпті. Сонда хан бұған бата беріпті. Бұл қарындасына келіп, құлынды, сақинаны беріпті де, және аңға кетіпті.

Сикыршы кемпір тағы келіп, құлын мен сақинаны көріп, қарындасына айтыпты:

— Мінекей, мен сендерге жақсылық ойлаймын, — депті, — ағаң саған сақина алып келді, — депті. — Тағы енді бір жаққа жібер, онан барып, алтын сандық алып келсін, — депті де, кетіп қалыпты.

Ағасы келген соң, қарындасы:

— Тағы бір жерде бір жақсы сандық бар, соны маған алып келіп бер, — деді.

Сонан соң ағасы тұлпар құлынына мініп кетіпті. Жолда бір кемпірді көріпті. Ол кемпір жердің жарығын жамап отыр екен. Бұған келіп:

— Шеше не қылып отырсың? — депті.

Ол кемпір айтыпты:

— Мен осы жердің жарығын тігіп отырмын, — депті. — Не үшін десен, осы жерге өзіндей батырлар келіп кіріп, бір сандық үшін өлді, — деді.

Сонда бала:

— Маған да сандық керек, — деп, келіп кіріп кетіпті. Жердің астынан бір пері шығып айқайлапты:

— Тапал-тас үйде болсаң, хабарлас, — деп айқайлағанда, Алтын Айдарлы бала тас болып қалыпты.

Тұлпары бір-екі күн келмеген соң, үйіне қайтып, жылап тұрыпты. Сонда қыз ағасының өлгенін біліп, тұлпарға мініп, манағы жер жамап отырған кемпірді көріп, ағасын сұрапты. Кемпір айтыпты:

— Ағаң өлген, барма, барсаң сен де өлерсің, — депті.

Сонда қыз айтыпты:

— Мен ағамды көріп өлермін, көріп кетейін, — деп!

Кемпір айтыпты:

— Сен жылай бар: «жер үстінде мен мұндық, жер астында сен мұндық» деп.

Сонда ол қыз осылайша жылап кіріп бара жатқанда, алдынан бір пері қызы шығып, мұнын сұрап, мұны аяп, ағасын тірілтіп беріпті.

Сонан соң бұлар көп ағаш көріп, соған келіп кіріпті. Қарындасын тұлпарымен ағаштың шетіне қойып кетіпті, өзі ағаштың ішіне кіріп аралап жүре беріпті. Сөйтіп жүріп бір ақ отау көріпті де, оған келіп кіріпті. Біраз отырған соң, екі пері қызы ұшып келіп, сол үйдің төбесіне қонып отырып, екеуі біріне-бірі айтыпты:

— Ай, мен бір қорықтым, — депті, — неге десең, мені бір бала, суда жүріп, кемені аударып жүргенімде қолымдағы сақинамды тартып алды, — депті. — Мен ол баланы көрсем, оған қатын болар едім, — депті.

Сонда кішісі айтты:

— Мен де бір қорықтым, — деді. — Неге десең, мен де бір ханның құлынын күнде алып кетуші едім. Бір күні алайын деп келгенімде, бір бала күзетіп тұр екен. Мен ала бергенімде, менен құлынды тартып алып қалды. Ол табылса мен де оған қатын болар едім, — дегенде:

— Міне, қатын болсандар, оларды тартып алған бала мен деп түрегелді. Сонан соң екі қыз да бұған некесін қиып тиді. Бұл бала қыздарды отаумен көшіріп, манағы қарындасы мен тұлпарына алып келді. Сонан соң бәрі жиылып бұрынғы орнына келді.

Сол жерде төрт-бес жыл өмір сүрді. Неше күндер өтіпті, бала әр күнде аңға шығып жүреді екен. Бір күні аңға шығып жүрсе, бір адамды көріпті. Екеуі келе жатса, алдынан бір аң шықты да, көлбектеп жүре берді. Сол уақытта бала да, қасындағы кісі де атайын деп ұмтылғанда, әлгі аң кісі болды да, атайын деген кісіге айтты:

— Сенің мынау балаң, — деді.

Балаға айтты:

— Сенің мынау әкең, — деді, — сендерді Мыстан кемпір деген сиқыршы кемпір айырған, — деп, өзі жоқ болды.

Сонан соң әкесі мен баласы жылап көрісіпті де, әкесі баласын үйіне әкеліп қонақ қылып, үлкен қатыны мен мыстан кемпірді шақыртып алдырып өлтіртіпті. Мұның шешесін «бала таппадың» деп қайыршы қылып, қаңғыртып жіберген екен. Соны алдырып, өзіне бұрынғыдай қатын қылыпты. Алтын Айдар бала патша болыпты. Бұл баланың қарындасын, қатындарын алдыртыпты. Бәрін жинап алып той қылдырыпты, ат шаптырыпты, барша мұратына жетіпті.

МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ

Бұл екеуі дос болып жүреді. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады. Мақта қыз мысықты шақырады. Мысық келмейді. Шақырады, келмейді. Сонсоң «келмесең қой» деп өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп:

— Неге шақырдың? — деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды, сонсоң мысық:

— Ендеше қатығынды төгем, — дейді. Мақта:

— Мен құйрығыңды кесіп аламын, — дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық:

— «Апа, апа, құйрығымды берші», — дейді. Мақта қыз:

— Менің қатығымды төле, — дейді.

Мысық сиырға барады:

— Сиыр, сиыр, маған қатық берші, — дейді. Сиыр айтады:

— Менің қарным ашып тұр, маған жапырақ әкеліп берші, — дейді.

Мысық ағашқа барып:

— Ағаш, ағаш, жапырағынды берші, — дейді. Ағаш айтады:

— Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең жапырақ беремін, — дейді.

Суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көріп:

— Қыздар, қыздар, маған су беріндерші, — дейді.

Қыздар:

— Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, — дейді.

Мысық дүкенге барады:

— Әй, дүкенші, маған сағыз берші — дейді, дүкенші:

— Маған тұқым бер, — дейді. Мысық тауыққа барады:

— Тауық, тауық, маған тұқым берші, — дейді. Тауықтар айтады:

— Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз, — дейді.

Мысық «енді не қыламын?» деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды қорқытып:

— Жаныңның барында айт, үйінде не бар? — дейді.

Тышқан қорыққанынан:

— Үйімде бір батпан тарым бар, — дейді. Мысық айтады:

— Маған бір уыс тары бер, — дейді.

Тышқан үйіне барып бір уыс тары береді. Тарыны апарып тауыққа береді. Тауық тұқым береді, тұқымды апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді. Сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді. Суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырағын береді, жапырақты

апарып сиырға береді, сиыр қатық береді. Қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын береді. Сөйтіп мысық мұратына жетеді.

ДҮНИЕДЕ ЖАМАНДЫҚ НЕДЕН?

Дүниеден безіп, тасқа шығып кеткен, бір ақ жүрек шал қалың ну орманды мекендейді. Ормандағы аң мұнан қорықпайды. Аңмен сөйлесіп ұғысатын болады.

Бір ағаштың түбінде ақ жүрек жатыр еді. Сол жерге түнемек болып қарға, кептер, бұғы жылан жиылды. Олар: «Дүниеде жамандық неден болады?» — деп, кеңес құрды.

Дүниеде жамандық түбі — аштық, тамаққа әбден тойсаң, бір бұтақтан бір бұтаққа қонасын.

«Қарқ-қарқ!» — деп, өленді соғасын, тұла бойың лықылдап толған қызық, қуаныш, не көрсең, соған қуанасың, — ал, енді, бірер күн аш болсаң, көзіне көрінгеннің бәрін иттің етінен жек көресің, құдайдың күніне де қарағың келмейді, қайда барарыңды білмейсің, бір жаққа жоғалып кеткің келеді де тұрады. Бірден ұшып, бір жерге қонасын, сенде дамыл жоқ. Ұшып көрсең, есің шығып, бұрынғыдан да жаман боласың. Не екенін аңдамай киіп кеп кетесің, сені таспен, таяқпен жіберіп ұрады. Ит, қасқыр сүйрелеп жүрген жемтіктен айырмайсың, тамақ үшін аштан қанша қарға өледі. Жамандықтың бәрі аштықтан, — деп шешен қарға соқты.

— Дүниеде жамандық аштықтан емес, жамандық түбі — махаббат. Біз жалғыз-жалғыз өмір сүрсек, уайым қайғы жоқ болар еді. Жалғыз басқа кедейлік, кемшілік жоқ. Біз жұптан жүреміз, жұптан өмір сүреміз. Жарынды өзіңнен артық көресің, жарынды ойлап сенде тыныштық жоқ.

«Тоқ па, аш па, суыққа тонды ма?» деп, сорлайсың да жүресің. Бір жаққа бөлек ұшып жырақ кетсе, «не болды?» деп, ойлап әуре сарсаң боласың; «қаршыға көзін

шұқып жатыр ма, балалар ұстап алды ма?» деп, іздеп өзін ұша жөнелесің, сөйтіп қаңғып жүріп, не қаршығаға, не тұзаққа өзін кез келесің. Жарың жоғалса, жарың өлсе, дүние түкке тұрмай кетеді. Енді дүниеде сүйікті еш нәрсе болмайды. Түк жемей, түк ішпей іздейсің де, жылайсың. Қанша көк кептер осыдан өледі, жамандықтың бәрі аштықтан емес, махаббаттан, — деп көк кептер сөйледі.

— Жок, жамандық аштықтан да, махаббаттан да емес. Жамандық түбі — жаман мінез.

Біз тату жүрсек, қастық ойламасақ, кекшіл болмасақ, жақсы болар еді. Бір нәрсе өзін ойлағандай болмаса, ашуланасың, дүние көзіңе түк құрлы көрінбейді. Көзіңе не түссе, бәрін жек көресің. Ойлағаның біреуден кек алмақ. Біреуді шақпақ болып ысқырып, іздеп, иіріліп жүргенде, ашуланып өзінді өзін ұмытып кетесің, ешкімді аямайсың: әке-шешен тұрса, шағасың, өзінді-өзің жегің келіп тұрады. Өлгенге кейін ашуланасың. Дүниеде жамандықтың бәрі — кара жүректіктен деп, — жамандықтың иесі жылан соқты.


— Жок, дүниеде жамандық аштықтан да емес, махаббаттан да емес, жаман мінезден де емес, — қорқақтықтан. Қорықпайтын болса, дүниеде жақсылық жауғандай болар еді. Аяғымыз жүргенде желмен таласады. Қуат көп, мықты жаудан қашып құтыласың. Бірақ, қорықпаса болмайды. Сырт етіп бір бұтақ сынып кетсе, бір жапырақ сылдырласа, қорқып, селкілдеп кетесің. Жүрегің тас төбеңе шығады, қаша жөнелесің. Қоян жүгіріп келе жатса, құс талпынса, бұтақ сынса, жау келіп қалды ғой деп, тұра жөнелесің, дәл жаудың өзіне жүгіріп кез келесің...

О болмаса иттен қашып жүгіріп, аншыға соқтығасың. Қорқып, жүгіріп жөнелесің. Қайда қашып бара жатқаныңды білмейсің, құза шығып кетіп, құлап өлесің... Ұйықтағанда да бір көзіңмен ғана ұйықтайсың, тындап жатасың. Бәрі қорыққанның азабы... тыныштық бізде жоқ. Жамандық қорқақтықтан деп, момын бұғы сөйледі.

— Жоқ, жамандық аштықтан да емес, махаббаттан да емес, біздің көріп жүрген азабымыздың бәрі жамандықтың бәрі — біздің тәнімізден: аштық, махаббат, жаман мінез, корқақтық бәрі — тәннен өсіп-өнеді, олар тәннің асырап өсірген балапаны.

Сондықтан тәнді таза ұстау керек, — деп ақ жүрек ақсақал өңгімені байлады.

III бөлім



**Этнографиялық
еңбектер**



ОРЫНБОР ВЕДОМСТВОСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӨЛГЕН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ОҒАН АС БЕРУ ДӘСТҮРІНІҢ ОЧЕРКІ¹

Өлген адамды қазақтар әдетте үш-төрт сағаттан артық, ал көп дегенде жарты тәуліктен артық сақтамайды. Сол сағатта өлген адамның үйіне төңіректегі ауылдың молдалары шақырылады. Олар шақырысымен тез келіп жетеді. Шарифат бойынша өлікті арулап жуып, жаназасын оқып, көмгеннен кейін, оның көйлек-көншектері мен басқа киім-кешектері кедейлерге беріледі. Содан кейін молдаларға садақа үлестіріледі, бұл садақа «ысқат» деп аталады. Ысқат — қазақтардың түсінігі бойынша, молдаларға, шарифат заны арқылы белгіленген төлеммен, өлген адамның күнәсін сату деген сөз. Мұхаммедтің шарифаты бойынша ысқат — өлген адамның тірі күнінде, балиғыға жеткен күннен бастап, күніне бес рет оқылатын намаздың оқылмай қалған қазалары үшін және рамазан айын (мұсылмандардың ораза ұстайтын айының аты) оразасыз өткізгені үшін құдай жолы (садақа) түрінде кедейлерге берілуге тиіс. Бірақ осы шарифат бойынша: «Өлген адамның күнәсін көтеру», яғни өлік басында «көтердің бе?», «көтердім» деп уәде беру міндеті молдаларға жүктелмеген. Мұндай сөздерді молдаларға қазақтардың өздері айтқызады. Шарифат бойынша өлген адамның тірі кезіндегі әрбір күніне 30 қадақ бидайдан, ал рамазан айының әрбір күніне 35 қадақ бидайдан, небәрі 365 күнге — 277 пұт 20 қадақ бидай ысқат берілуі керек. Бұл бидай жергілікті баға бойынша ақшаға шағылады. Ақша малға аударылады, мал келіп молдаларға үлестіріледі. Ал енді, бұл есеп бойынша өлген адамның үйінен өте көп мал немесе ақша шығару керек болатын. Оны төлеуге кей адамның бүкіл мал-мүлкі

¹Осы еңбек 1870-жылы шыққан *Ресейдің географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің І санды запискасында* басылған.

жетпейтін болғандықтан, әдетте молдалар, әйтеуір, қайткен күнде де шарифат талабын сақтау үшін ысқатқа шығарылған малды аса қымбат бағалайды. Осы баға бойынша ысқат малын алады. Бұл дәстүрді қазақтар былайша орындайды: өліктің бір жағында, басына таман, оның баласы не туысканы отырады, ал екінші жағында қолына құран алып, молда отырады. Соған, өлген адам, жоғарыда айтқанымыздай, балиғыға жеткеннен бері (күйлі адамның балаларын 13 жастан, кедей балаларын 15 жастан бастап есептегенде) неше жас жасаған болса, өлген адамның туысканы молдаға құранды өлік үстінен сонша рет беріп: «Әкемнің, ағамның, не сондай бір туысканымның күнәсін қабыл етесің бе?» деген сұрақ қойып отырды. Молда құранды ала беріп, «қабыл еттім!» деп жауап қайырып отырады. Сүйекті шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады. Беттерін тырнап, қан қылады. Бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі. Соған кейін, Мұхаммед заңы бойынша, молдалар өлік басына келіп, жаназа оқи бастайды. Жаназадан кейін өлік бейітке апарылады.

Бейіт ауыл төңірегіндегі ең биік жердің үстінен қазылады, ал оның үстіне салынатын ескерткіш алыстан көрінетін болуы үшін қатары биік етіліп жасалынады. Еркектердің ескерткішінің төбесіне — найза, әйелдердің бейітінің үстіне — бақан мен піспек, ал балалардікіне — бесік қойылады. Бұл бейіттерді жергілікті қазақтардың бәрі де жақсы біледі. Елсіз, жолсыз еңдалада келе жатқан жолаушыға ол бейіттер жөн сілтейтін белгі болып табылады. Өйткені, қазақтар бейітке қарап бара жатқан бағытын түзейді де, даңғыл жолдың үстіндегі жолаушылар сықылды жүре береді. Өлген кісіні жерлейтін орынды қарастырғанда, оның бейітінің суға жақын болу жағы еске алынады. Өйткені, жүргіншілердің сол бейітті бағдарлап су тауып ішу мақсаты көздестіріледі.

Өлген кісінің әйелі ерінің қайтыс болған күнінен бастап, басына қара жамылады. Өлген кісінің әйелі, оның қызы, апа- қарын-

¹ Шарифат бойынша өлік үстінен құран емес, өлген адамның бір қымбатты заты берілуі керек. Бұл ретте молдаға: «осы марқұмның оқи алмай кеткен намазы, ұстай алмай кеткен оразасы үшін кешірім жасауға оның осы затын аласың ба?» — деген сұрақ қойылады. Молда «аламын» деп жауап беруі керек. Кәзіргі кезде қазақтарда ысқаттың осы заңды тәртібі көбінесе сақталып отырады. (Ы.А.)

дастары және ауыл әйелдері күн сайын (ас бергенше), таңертең тұрады да, керегенің көзіне беттерін беріп отырады, содан кейін үш-төрт сағат уақыт бойы өленге қосып дауыс шығарады. Бұл «жоқтау» деп аталады. Бұл жоқтау өленде марқұмның өзі, оның тірі кезіндегі істеген істері мақталады, оның қайтыс болғандығы, үй-ішінің және туған туысқандарының бақытсыздыққа ұшырағаны еске түсіріледі. Бата оқи келген қонақтардың алдында өлген адамның өмірі туралы жоқтау айту — оның қызына, немесе, егер жас болса, оның әйеліне тапсырылады. Ал егер бұлар өз жанынан жоқтау өленін шығарып айта алмайтын болса, онда өлен шығара білетін басқа біреуден үйреніп, жаттап алады.

Бата оқу үшін өлген адамның алыста тұратын ағайын-туғандары, дос-жарлары, тамыр-таныстары келеді. Келген адамдар өздерінің дәулетіне қарай, өлген адаммен көңілдегіне қарай, ысқатқа, жерлеуге шығарылған шығынның орнын толтыру үшін екі, үш, жеті не он шақты жылқы немесе түйе жетектеп келеді, бұл «аза» деп аталады. Келушілерді өлген адамның туысқандары зор құрметпен қарсы алады, ал әйелдер жоқтау айтып қарсы алады. Жоқтау, қонақтар біраз уақыт тындап, құран оқуға кіріскенге дейін созыла береді, құран оқылған кезде басылады.

Өлген адамның ер-тұрмандары, киімдері, қару-жарақтары және басқа жақсы заттарының бәрі үй ішінде ілулі тұрады. Үйдің сол жағына ұшы сыртқа шығарылған ұзын найза қойылады. Найзаның ұшына үлкен орамал байланады. Егер өлген адам жас болса — қызыл, орта жастағы адам болса — қара, қарт болса — ақ орамал байланады. Мұның мәнісі — бұл үйде қандай жастағы адамның өлгенін осы белгі бойынша жүргіншілерге білдіру. Бұл заттардың бәрі кейде бүкіл жыл бойы сол қалпында тұра береді. Қырық күн өткен соң — қыркы, жыл толғаннан кейін — асы беріледі.

Бір ай бұрын төңіректегі және алыстағы ауылдарға ас берілетін күн туралы (астың сауыны айтылып) хабар беріледі. Асқа қатысқысы келетіндер бөйгіге қосу үшін аттарын жаратуға тиіс болады. Тағайындалған мерзімде, ауылдың қасына толып жатқан қазқатар киіз үйлер тігіледі, содан кейін келушілерді қонақ ету үшін астың малы сойыла бастайды.

Бай қазақтардың асы ас берушіні көп шығынға ұшыратады. Мысалы, менің өзім білетін бір байдың асында 100-ге жуық жылқы, одан әлдеқайда көп қой сойылды, 30 пұт күріш асылып, оның

үстіне 10 пұт мейіз салынды. Келген қонақтардың көптігі сонша, олар 200 киіз үйге орналастырылды, асқа қосылған аттардың бас бөйгісіне 40 жылқы, 4 түйе тігілді.

Қонақтарға тігілген үйлерге кілемдер төселіп, көрпелер жайылады. Шақырылған адамдардың бәрі осы үйлерге келіп орналасады. Асқа келген әрбір құрметті қазақ саба-саба қымыз әкелуге тиіс. Жасы үлкен адамның әкелген сабасы сондай жасы үлкен қарт адамдардың алдына қойылады. Қонақасы берген кезде әрбір қазаққа, оның құрметілігіне қарай еттің тиісті сыбағалы мүшесі тартылады. Атап айтқанда, қарттар мен молдаларға — бас тартылады, оның бір құлағы балаға беріледі. Сұлтандар мен жалпы құрметті адамдарға — жая, қабырға, бір кесек бауыр және құйрық тартылады.

Ішек-қарын ауыл әйелдеріне беріледі. Мойын малшыларға беріледі. Сирақтары мен бүйректері балаларға беріледі. Бұл дәстүрлер сақталынбаса, қонақтар қатты зәбірленіп қалады.

Ет, палау жеп, қымыз ішіп болғаннан кейін жиналған жұрттың бәрі ат шабысты қарау үшін қырға шығады. Бұл арада, ат бөйгеден келгенше, күрес басталады. Күресте жыққан адам азын-аулақ бөйге алады. Бөйгеде аты озып келген адам мен күресте жығып шыққан адам бөйгелерін түгел ала алмайды. Бөйгені олардың туыскандары, таныстары үлесіп әкетеді. Сондықтан, кейде аты озып келген адам мен күресіп жыққан адам, тек жеңістің даңқына риза болып қала береді.

Бөйгеден кейін қонақтар тарайды. Өлген адамның үйіне ілініп қойылған заттардың бәрі жиналып алынады. Ұшына белгі тағылған найза сындырылады. Өлген адамға молда құран оқығаннан кейін, өлген адамның әйелінің басындағы қара орамал алынады, сөйтіп бәрі де дағдылы қалпына келтіріледі.

Ас тек ер адамдарға ғана беріледі. Ал егер әйел адамдарға беріле қалса, қонақасыдан басқа жоғарыда айтқанымыздай, бөйге, күрес және де басқа қызғылықты сән-салтанаттар көрсетілмейді және үйге әйелдің қайтыс болғандығы жөнінде белгілер де қойылмайды. Балиғыға толмай өлген балаға, жоғарыда айтылғандай, жаназа оқып жерлеуден басқа, ешқандай ас беру деген болмайды.

*Ы.Алтынсарин,
1870 жыл.*

ОРЫНБОР ВЕДОМСТВОСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰДА ТҮСУ, ҚЫЗ ҰЗАТУ ЖӘНЕ ТОЙ ЖАСАУ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ОЧЕРКІ ¹

Қазақтардың өзара қоғамдық қатынастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде, өздерінің достығын жекжат болып нығайтқысы келген адамдар, бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз тапса, оларды некелеп, бір-біріне қосатын болып уәделесе беруші еді. Бұл әдет қазіргі уақытта қалып барады. Мұны көршілес халықтардың бірқатар ықпалының нәтижесінен (олардың ықпалы бұл жағынан өте аз) деуге болар еді. Бірақ, солай бола тұрса да, бұл әдет көп реттерде әлі күнге дейін бар. Екі-үш жасар ұлы бар дәулетті қазақтың қайсысы болса да, баласына өзі сықылды дәулетті және беделді біреудің қызын айттыруға тырысады. Баласы 10-11 жасқа толысымен-ақ, оның ата-анасы тиісті кәдесін беріп, қалыңдығына ұрын жібереді. Баласын өзінің күйіне және жалпы жағдайына қарай жасы толмай тұрып та, жасы толғаннан кейін де үйлендіре алады. Бірақ көбінесе, балиғыға жеткенше үйлендіріп қояды. Ауқатты қазақтар баласын 11-12 жасында-ақ үйлендіре береді. Ал енді мынадай реттерде, мысалы, біреудің жалғыз баласы болса, сондықтан ол қазақтарша айтқанда, баласына келін әперіп, қызығын көргісі келсе, онда баласын 8-9 жасында үйлендіре салады. Сол сияқты осындай реттерде он жастағы не одан да жас қызды күйеуге бере береді. Онан соң кейде он жасар бала, алды 7-8 жасқа келген балалары бар әйелге де үйленіп қалады. Бұл, әдетте баланың ағасы өліп, оның артында әйелі қалған жағдайда кездеседі. Мұндай жағдайда әйел әменгерлік дәстүр бойынша, өлген күйеуінің ту-

¹Осы еңбек 1879-жылы шыққан Ресейдің географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің І санды запискасында басылған.

ған інісіне тиеді, ал егер оның туған аға-інісі болмаса, онда оның туысқандарының біріне күйеуге тиюге тиіс. Ал егер өлген кісінің жесірді алатын жас туысқандары болмаса, онда ол әйел (жас та болса) кейде алпыс немесе жетпіске келген шалға тиюге тиіс. Қазақтардың жалпы неке шарты бойынша жесір әйелдің екінші ерімен жас айырмашылығы да, оның тілегі де, сол сияқты басқа дәлелдері де есепке алынбайды. Әменгерлердің мұндай правосына басқа рудың адамдарының қандай да болса қол сұғуы бітіспес дау туғызады. Мұндай араздықтың түбі, кейде кісі өліміне апарып соқтырады ¹.

Әйелінен айрылып қалған қазақ екінші әйел ала алады, алғанда екінші қайын атасына айып төлеп алады. Бұл айыптың белгілі мөлшері жоқ, бірақ солай бола тұрса да, көбінесе, қымбатқа түседі. Қазақ қызы әйелі өлген адамның айттыруын өзіне кемшілік деп санайды. Ондай күйеу «үйі сынық» деп аталады, бұл оның күйзелгенін көрсетеді. Мұндай жағдайларға қарамастан, қазақ байларының көбі бірнеше қатын алады. Бұл көп қатын алудың себебі, діннің жол беруін былай қойғанда, мынадай себептерден де болады: әйелін өзі сүйіп алмай, ата-аналарының қосуы бойынша алған қазақтар, мұндай әйелінен өзі сүйетін қасиетті әрқашан таба бермейді. Осының салдарынан ондай ерлі-зайыпты адамдардың арасы суыйды, шығысады, сонан кейін, күйі көтерсе, ол екінші әйел алады, бұрынғы әйелін де өзіне қалдырады².

Егер екінші әйел жөнінде де қателескен болса, онда ол өзінің мұнысына ыза болып, кейде үшінші әйел алады. Онан соң, көп қатын алуға тағы басқа да қазақтардың ойынша, өте маңызды, мысалы, әйелінің мұрагер болатын ұл таппауы сияқты себептер де болады. Қазақтарда өздерінің көп қатын алуларының мақсатын айтпай-ақ түсіндіретін бір мақал бар. Оны орысшаға аудармай-ақ қазақ тілінде жазайын: «Байтал көп болса құлын да көп болады³» дейді қазақтар.

¹Жесір дауы деген зор дау: ол дауға правосына қол сұғылған қазақтың момындығы да, іс қозғауға оның ойының жоқтығы да бөгет бола алмайды. Шет адамның мұндай ретте қол сұғуы жәбірленген адамның бүкіл руына қорлық болып есептеледі, сондықтан бұл іске оның барлық руы жұмылады. Сонымен, қарсы жақтың мұндай зәбір беруден бас тартпауы екі жақтың ру аразлығын туғызады. Оның соны барымтаға не тіпті ашықтан-ашық ұрысқа апарып соқтырады. (Ы.А.)

²Әйелін өз еркімен қоя беру қазақта еркектер үшін лайықсыз іс деп саналады, жұрт ондай адамды күлкі етеді. (Ы.А.)

³Мұны В.Н.Плотников орысшаға: «Если много будет кобыл, то и жеребят будет много» деп аударған екен. (Ы.А.)

Даңқты қазақтар әрқашан өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысады. Қазір де солай. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді. Қазақ қарттары мұндай тәртіпте алысты болжағандық бар екенін, өйткені, қазақ арасы тыныш болмаған кездерде оның халыққа пайда келтіргенін айтады. Шынында да, қазақтарға кейбір билердің ықпалының өте күштілігіне қарағанда (би деген атақ қазірде де бар), жауласып отырған рулардың басты адамдарының бір-бірімен құда болуы жеке рулардың өзара татуласуына себеп болды деуге болады. Қазақ арасында қазір берік орын тауып отырған әдет, атап айтқанда, өзінің сегіз аталдан жақын туыстарының қызына үйленбеу әдеті, мүмкін, осы себептен енгізілген болар.

Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Мұхаммедтің заңы тіпті жақын қарындастарына да үйленуге рұқсат етеді. Бұл қазақтан басқа мұсылмандардың бәрінде бар. Екі-үш қатыны бар қазақтардың ең алғашқы үйленген әйелі «бәйбіше» деп аталады. Оны ері де, басқалар да сыйлауға тиіс. Барлық үй шаруашылығын басқару ісі соған жүктеледі. Қалған әйелдері «тоқал» деп аталады. Осы аттан қазақтардың оларды онша көп сыйламайтындығы көрінеді. Солай бола тұрса да олардың көбі ерінің сүйікті жары болып табылады.

Дәулетті қазақтар әрбір әйелін жеке үйге, тіпті бөлек ауылға қояды. Бірақ көпшілігі бір үйде-ақ тұра береді.

Баласына қалың бергісі келген ата-ана, құда болғысы келген адамның үйіне өзінің екі-үш жақын адамдарын жіберіп, құда болу жөнінде сөз салғызады. Егер қыздың ата-анасы бұл ұсынысты қабыл алса, жіберілген адамдар сол арада қалыңмал туралы сөйлесіп келіседі. Дәулетті адамдардың қалыңмалы, басқаша айтқанда, қарамалы, әдетте, келісуіне қарай, ірілі-уақты 47 жылқы болады. Қалыңмалдың мөлшері жөнінде мынадай бір өзгешеліктер бар. Кіші жүзде (бұрынғы Орынбор облысы қазақтарының батыс жағы мен орта жерінде) қалыңмалға 50 жылқы (бес жиырма) беріледі. Орта дәулетті қазақтар уақ малдарын, мысалы, құлынын, бұзауын, тағы басқаларын қосқанда, 37 қара береді. Оның үстіне, қалыңмалмен қабат, бесжақсы туралы да келісіледі. Бесжақсыны қалыңдығының сәукелесіне арнап, күйеу беруге тиіс. Ең бай қазақ бесжақсыға 500-600 сом береді, орта дәулетті адам 200-300 сом береді, мұндай көде, көбінесе, ақшалай төленеді.

Екі жақ сөз байласқаннан кейін, сөз салуға жіберілген адамдар ауылына қайтады. Осыдан кейін, көп кешікпей, күйеу баланың ата-анасы оның қайын атасының үйіне, жоғарыда айтылған шартты әбден бекіту үшін, 5-10 адамнан құралған құдашылар жібереді. Құдалардың келе жатқан хабарын есітіп, қалыңдықтың ата-анасы ауылдан оқшаулау бір жерге үй тігеді де, оның ішіне кілем жайып, көрпе төсеп, көпшіктер қояды. Қонақтар сол үйге қабылданады, бірақ мұның өзгеше салты болмайды.

Ертеңіне құдалар айттырып отырған қыздың әкесінің үйіне шақырылады. Бұл арада мынадай бір қызық әдет болады.

Қонақтар қалыңдықтың үйіне шақырылғанға дейін бір топ әйел жиналып, сұйық қамыр әзірлейді, балшық әкеледі, оның бәрін жеке табақтарға салып қояды. Бірнеше жаулық, арқан дайындап қояды. Үйдің жанында өгіздер байлаулы тұрады. Бірнеше әйел әлгі айтылған балшық, қамырларын қолдарына алып, есіктің жанында көрінбей тұрып алады. Содан кейін үйге құдалар шақырылады. Бұлар келіп табалдырықтан аттай бергенде, жасырынып тұрған әйелдер, қапылыста бас салып, біреулері құдалардың бетіне қамыр жағады, екіншілері балшық жағады, содан кейін күштеп бастарына жаулық тартады, теріс қаратып өгізге мінгізеді. Сөйтіп таңып тастайды да, өгізді далаға қарай қуып ала жөнеледі. Осыған әбден күлісіп алғаннан кейін екіншісіне кіріседі. Арқанның бір ұшын шаңырақтан өткізіп алады да, екінші ұшына, бет аузы қамыр-қамыр, балшық-балшық болған құдалардың біреуін байлап, арқанның ана ұшынан тартып, байғұс құданы шаңыраққа салбыратып іліп қояды. Шаңырақтан түсіріп алып балшыққа аунатады, апанға салады, тағы да сондай өзілін істейді.

Құдалардың мұндай түріне қарағанда, мысалы, өгіздің үстіне таңылған құданы өгіз тулап жығып кеткенін көргенде, шынында ішек-сілең қатады, сақалы желпілдеген еркектің басына жаулық тартқан кезде, тіпті күлкінді тия алмайсың. Бірақ мұның бәрі бейшара құдаларға қандай болып тиетіндігін ешкім ойламайды.

Ақырында мұның бәрі аяқталып, құдалар қалыңдықтың үйіне шақырылады. Осы арада оларға кәде беріледі. Бірінші, ең бағалы кәде күйеудің әкесіне беріледі, екінші кәде сол ауылдың үлкеніне беріледі, сонан кейін келген қонақтарға үлестіріледі. Кәденің бағалы болуы берушінің көңіліне, мырзалығына байланысты. Бірақ, көбіне, оның бағасы бесжақсының сомасына теңелуі керек. Көбінесе, бесжақсының өзі де кит кигізудің есебінен күйеудің ата-анасына қайтарылып беріледі.

Құдалар ауылына қайтқаннан кейін, күйеудің әкесінен көде, қалыңмал, бесжақсы алу үшін енді ол ауылға қалыңдықтың әкесінің өзі барады, немесе өзінің орнына баласын, не туысқанын жібереді.

Ауыл адамдары күйеудің аулына келген қонақтарды да қалыңдықтың аулында болған тәртіппен, сондағы әзілмен қарсы алады. Барған құдалар қалыңдықтың аулында қандай келемежге ұшыраса, күйеудің аулына келген құдалар да нақ сондай келемежге ұшырайды.

Келген қонақтар, қазақтардың дәстүрлі тойынан кейін, қалыңмал алуға кіріседі. Егер қалыңға алынған малдың ішінде ауру, не басқа кемшілігі бар мал болса, ондай мал қалыңмал қатарынан шығарылады, оның орнына басқа мал қосылады. Күйеудің әкесінің беретін кәделері, бұл сапар, қалыңдықтың әкесінен алынған кәделерден, бағасы жағынан алып қарағанда кем болады. Бірақ қалыңдықтың әкесінің шеккен мұндай зияны басқа бір реттермен өтеледі. Алғашқы құда түскеннен кейін екі-үш жыл өткен соң, күйеудің ата-аналары күйеуді қымбатты кәделермен қалыңдығына жібереді. Бұл көде «ілу» деп аталады. Бай адамдардың беретін ілуі, орта есеппен, 40-50 жылқы болады. Ілумен бірге және басқа да заттар — әртүрлі жібек, шұға, шыт сияқты (Әйелдерге үлестіру үшін) жіберіледі. Бұл кәделер «жыртыс» деп аталады. Жыртыстың бағасы екі жүз сомға дейін барады.

Күйеу қайнына барғанда жақсы киінуге, ер-тұрманы сай жақсы ат мінуге тиіс. Атқа салынатын ер-тұрман таза күміспен, ең болмағанда, күміс жалатқан заттармен әшекейленуге тиіс. Күйеу басына бөрік кимеу керек. Өйткені бөрік оның бетін түгел жаба алмайды. Ал қазақтың әдептілік тәртібі бойынша, ондай жағдайда, күйеудің беті түгел көрінбеуі керек. Сондықтан ол бөріктің орнына, бұл жолы, оқалы¹ тымақ киюге тиіс. Күйеудің жанында үш-төрт жолдасы болады. Олардың жасы үлкені көде үлестіру сияқты шаруашылық жағын басқарады. Бай күйеудің жолдасының ішінде әнші, күлдіргіш, сықаққой адамдары да болады.

Күйеу қалыңдықтың аулына келген соң қайындары шығып, ілуге әкелген малын көреді. Егер оны аз деп тапса, немесе мал

¹ Күйеу қайын атасына, қайын енесіне, қайын ағасына және қайын атасының жасы үлкен тумаларына неке қиярға дейін жүзін көрсетпеуге тиіс, сондықтан олармен әлдеқалай кездесіп қалған кезде жасырынып қалуы не қашып кетуі керек (Б.А.)

басында кемістік бар деп тапса, күйеу байғұсты ауылға түсірмей, кейін қайтарып жібереді. Күйеу қайын атасына оның көңіліндегідей ілу әкелуге тиіс, тек сонда ғана ол құрметті түрде қарсы алынады.

Ашық түрде рұқсат етілген тәртіп бойынша келіп, қалындығын ең алғаш рет көруге келген күйеу, шаруашылық жағынан қаншама есебіне жетік болса-дағы, қалындығын көруге өте ынталы болғандықтан, қайын атасының¹ арсыз-ұятсыз талаптарына, көбінесе, еріксіз көнеді. Ақырында аларын алып, көңілі тынған қайын атасы, күйеудің ауылға келіп түсуіне рұқсат етеді.

Ауылдан екі шақырымдай жерге шатыр тігіледі, оған төңіректегі ауылдың, күйеуді қарсы алуға шақырылған әйелдер жиналады. Шатырға қарай келе жатқан күйеу мен оның жолдастары, әйелдер шатырдан шыққан кезде тегіс аттарынан түседі. Әйелдер жақындап келген кезде, күйеу бас иіп, тәжім етеді. Сонан кейін қалындықтың жақын туысқандары оны қолтықтап, жолдас-жораларымен бірге, күйеуге арнап тігілген, кілем төселіп, жақсы төсек салынған шатырға әкеліп кіргізеді. Осы арада күйеу жолдастарының үлкені — отағасы әкелген кәделерінің бірқатарын әйелдерге үлестіреді. Қалындықтың туысқандарына бүтін бір кесек матадан, басқаларына бір кезден, екі кезден әртүрлі мата береді. Қалындықтың туысқандарының қыздарына «көрімдік» деп аталатын аса құнды кәделер беріледі.

Екі тоғыз, яғни, тоғыз-тоғыздан екі бөлек зат қайын атасына жіберіледі. Онымен қатар, оған күйеудің әкелген аты ер-тұрманымен жіберіледі. Егер ол ат пен ер-тұрман ұнаса, қайын атасы алып қалады, ал ұнамаса, күйеуден ер-тұрманы сәнді жақсы ат талап етеді. Бұл осы жолы берілмесе де, қайын атасының көңілі толғандай етіліп, кейінірек беріледі.

Оған дейін қалындықтың ауылында мал сойылып, той басталады. Ат шабыс, күрес, алтын қабақ ату сықылды қызғылықты сауықтар жасалады. Домбыра тартылып, өлең айтылады, күйеуді, қалындықты және олардың ата-аналарын мақтаған жырлар жырланады, осынысы үшін ақындар сыйлық алады.

Бұл кезде күйеу басқа қыздармен, келіншектермен үнемі шатырда отырады. Бірақ мұның ішінде қалындығы болмайды. Олар-

¹Күйеудің алғашқы ұрын келуден бұрын қалындығымен көрісуіне қатты тым салынады. Егер қайындары ондай көрісуді сезіп қалса, онда күйеу сау кете алмайды, — қайындары оған айып салады, немесе қолға түсіп қалса, сабап жібереді. (Ы.А.)

дың қай-қайсысы болса да күйеуден тәжім етуін талап етуге құқылы. Рұқсат етілмей тұрып күйеу орнына қайта отыра алмайды. Әдетте, әйелдер күйеуді ұзақ уақыт түрегелгізіп қояды, тәжім етуін талап етеді. Ал егер күйеу мұны орындамаса, онда олардың кез келгені күйеуді шапалақпен тартып жіберуге не итеріп жіберуге толық құқылы. Егер күйеуге бұл да әсер етпейтін болса, онда әйелдер ұрыс-керіс шығарып, тарап кетеді. Мұның соңы жаманға айналады. Мысалы, қайын атасы күйеуді қуып жіберуі мүмкін. Ал қазір осы дәстүр кейбір аңғарғыш қазақтардың арасында қалып барады. Күйеудің бұл арада көретін бар қызығы — қалыңдығының аулында болған осы күндерінің бәрін де ол, жалпы алғанда күйеуге тілектес қыздардың арасында болады.

Күні кешке айналып, түн болады. Қалыңдықтың ата-анасы әдеттегісінен ерте жатады. Ал әйелдер қалыңдықты қасындағы басқа бір ауылға алып кетеді (бірақ күйеуге әзір жолатпайды).

Осы кеш сол ауылда бір үй әзірленеді. Оның қожасына күйеу ат мінгізуге, не шапан жабуға тиіс. Бұл кәде «қызқашар» деп аталады. Осы үйде жұрт екі топқа бөлінеді. Оның бірі көдеге жалданылып алынған, күйеу жағын жақтайтын топ та, екіншісі қалыңдық жағын жақтайтын топ. Соңғы топ қалыңдықты жасырып қояды. Күйеу жағы оны іздеп тауып алған кезде тартыс басталады. Бұл тартыстағы қалыңдық жағының мақсаты — қалыңдықты қорғап, бермей қалу да, күйеу жақ топтың мақсаты — қалыңдықты тартып алу болады. Ақырында біреулерінің қолы жараланып, біреулерінің бет-аузы даладай қан болып, киімдері жыртылғаннан кейін, әдетте, әрқашан күйеу жағы жеңеді. Олар қызды тартып алып, оны жеңгелерінің қолына береді, жеңгелері қызды күйеуге алып барады.

Ауылда осы тартыс болып жатқан кезде, күйеу шатырдан қайын атасының үйіне апарылады. Қайын атасы мен қайын енесі бұл кезде, жоғарыда айтқанымыздай, ұйықтап қалулары керек.

Үйдің сол жағына, есікке таман күйеуге жақсы төсек төселіп, жібектен не басқа бір бағалы матадан жасалған шымылдық құрылады. Күйеу келіп, табалдырықтан аттай бергенде оған үш рет тәжім еткізеді де, үй ортасында жанып тұрған отқа әкеліп, қолына сұйық май құйылған темір бақыраш береді. Күйеу бұл майды отқа құяды. Май жалындап жанған кезде, кемпірлер от басына келіп, әуелі жалынға қолдарын тигізеді, сонан кейін маңдайларын, төстерін сипап тәубе етеді. Бұдан кейін күйеуді төсегіне

отырғызып, тамақ береді, ақырында шет адамдардың бәрі кетіп қалады.

Қалыңдықты күйеуге алып келген кезде, әйелдер мынадай ырымдар істейді. Есік алдына келіп бір кемпір өтірік өліп жатады. Күйеу оған көде береді, бұл көде «кемпір өлді» деп аталады. Төсек жанында ит болып, қалыңдықты төсекке жібермей тағы бір кемпір жатады. Оны қойғызу үшін және оны ол жерден кетіру үшін күйеу оған «ит ырылдатар» деп аталатын көде береді. Кемпір осы көдеге риза болады да, үйден шығып кетіп қалады. Одан кейін жеңгелері қалыңдықты күйеуге алып келіп, оны күйеудің қасына отырғызады. Осы арада бір әйел олардың көрпесінің шетін көтеріп, жабайын деп отырғансиды, ол үшін ол «көрпе кимылдатар» деген көде алады.

Осыдан кейін күйеу мен қалыңдық бір төсекке жатады¹.

Күйеу қайын атасының аулында үш күндей болып, өз аулына қайтады. Қайтарында қайындары оның үстіндегі киімдерін сыпырып алып, оның орнына шамалы киімдер кигізеді.

Сонымен, некелері қиылып қосылғанша, күйеу, әйелдерге үлестіретін азды-көпті бағалы көделер алып, қалыңдығына келіп-кетіп жүреді. Күйеу болып көрген қазақтардың бәрі дерлік неке қиылғанша қалыңдығына осылайша келіп-кетіп (қалыңдық ойнап, — ред.) жүрген уақытын өз өмірінің ең қызықты, ең жақсы дәуірі деп есептейді.

Күйеу қалыңдығына ұрын келіп кеткеннен кейін, қалыңдықтың ата-анасы көптеген кілем, шапан, ішік сықылды жасау әзірлей бастайды. Зергерлерге сәукеле жасатады. Мұны келіншек бір жылдай киіп жүреді. Әкесі әзірлейтін басты-басты жасаулардан басқа, шешесі өзінің сүйікті қызына әкесінен жасырып білезік, сырға, көйлек сияқты заттар әзірлейді. Барлық қыздардың да жасауы бірдей бола бермейді. Мысал үшін бұл жерде өзім білетін бір байдың жасауын айтып өтейін. Ол қызының жасауына: үй және жасау артатын 25 түйе, көнауыздан, жібектен, жай маталардан тігілген 125 шапан, 50 кілем, оның 20-сы үлкен, қымбат кілемдер де, қалғандары орташа кілемдер. 25 ішік, оның біреуі жанат ішік, 10 түлкі ішік, қалғандары қарсақ, қасқыр ішіктер, бө-

¹Бұл арада бір ескертетін нәрсе — Мұхаммед діні неке қимай тұрып, күйеу мен қалыңдықтың бірге жатуына қатаң тыйым салалы. Бірақ қазақтардың бұл жөнінде өз дәстүрі бар, сондықтан күйеудің, жоғарыда айтқанымыздай, қалыңдығымен бір жатуына ешбір келсергі жоқ. (Б.А.)

рі де мауытпен, жібекпен тысталған. 300 сомдық отау, 5 ат, онын екеуі қызы мінетін жорға, жүз сомдық ат-тұрман, төсек-орын, бірнеше көрпе, көйлектер берді, бұлардан басқа тағы да бағасы ен кемі 400 сом тұратын аяқ-табак, киіз сияқты шаруашылық заттар берді. Қалай болған күнде де ұяты бар, аukatты қазақтардың жасауға беретіні оның алған қалыңмалынан және күйеудің берген кәделерінен¹ кем болмайды.

Мұның тек бір жаман жері: қызының келешек үй жұмысының керегі үшін емес, ата-аналарының өз даңқы үшін берілген бұл жасаулар, қалыңмалға төленген қолма-қол ақшалар мен малға карағанда, жас қосылған ерлі-зайыптарға оның оннан біріндей де пайда келтірмейді. Кейбір қазақтар малының көбін қалыңмалға, ілуге және басқа кәделерге беріп, ақырында өзі қатты жоқшылыққа ұшырайды. Қалыңдығымен келген жасау оның шаруасын көтере алмайды. Ол жасаулардың да жартысына жуығы дерлік келіншек түскен күндері-ақ, әдет бойынша туған-туысқандарына үлестіріліп беріледі.

Әкесі баласын үйлендіруге бел байласа (атастырғаннан кейін бір жыл өткен соң) , онда оған «той малы» деп аталатын тағы да 30-40-50 жылқы айдатып, оның үстіне әйелдерге арналған, ілу ілгенде берілетіндей, басқа да заттай кәделер беріп, қасына жолдас ертіп, күйеу баланы қалыңдығының аулына жөнелтеді. Келіншектің отауына керек киіздің жартысын күйеудің өзі береді. Той малы, кәделер тағы басқалардың үстіне күйеу қайын атасына «сүт ақы» деп бір жақсы түйе беруге тиіс. Сонымен қатар, «жаныма жақсы» дейтін тағы да бір кәде беруге тиіс. Бірақ бұл кәде ешкімге деп арналып берілмейді.

Күйеу қалыңдығын алайын деп келген кезде, қалыңдық әкесі, ілу де іле келгендегідей, айдап келген малын жаратпаса, құдасының өтінішін қабылдамауы мүмкін (мұндай жағдайлар да кездесе береді). Бірақ, әңгімені ұзарта бермеу үшін күйеуді қабылдады делік.

Ұзақ уақыт әбігерленіп тойға дайындалғаннан кейін (бұл дайындық кейде екі-үш-ақ айға созылады), ақырында, неке қиятын

¹ Қалыңмалға және басқа кәделерге күйеудің барлық дерлік мал-мүлкін сыпырып алып, ақырында оған келіншегі мен жалаң отауын қана беретін жағдайлар да болады. Кедей күйеулер бұған наразылық білдіріп, қазақ әкімдеріне шағынса да, ондай наразылықтар қазақ дәстүрі бойынша қабылданып, қанағаттандырыла бермейді. (Ы.А.).

күн де келіп жетеді. Бұл күні той жасалып, ат шаптырылады, балуан күрестіріледі және тағы да басқа сауықтар болады. Той өткен соң ұзатылатын қыз, апа-сінділерін, жеңгелерін және басқа қыздарды қасына ертіп алып, туысқандарын аралап танысады. Әрбір туысқан және жақын-жоралары таныса келген қызға сыйлық беруге тиіс. Біреулері кілем, біреулері шапан береді, ал кейбіреулері бірнеше кілем, шапан, ішік береді. Сол күні кешкісін төңіректегі ауылдың барлық жастары ұзатылатын қыздың үйіне жиналып, ойын-сауық жасайды, өлен айтады, домбыра тартады, өн салады, қыз бен жігіт айтысады. Қыз жеңілсе, жеңген жігітке орамал береді, жігіт жеңілсе, қызға шапан кигізеді. Бұдан кейін барып неке кию¹ дәстүрі істеледі. Осы жерде ғана, жұрттың ұмытқан нәрсесі енді есіне түскендей, екі куә алдында қалыңдықтан оның осы ұзатылғалы отырған күйеуіне шығуға ризашылығы сұралады. Некелесушілер көбінесе үндемей, «олардың үндемегені риза болғаны» деп, молда неке киюға кіріседі. Неке қиылған күннің ертеңіне қыз жағы күйеудің жолдастарын шақырып, оларға жасауға берілетін бұйымдарды көрсетеді. Сонан кейін бұл бұйымдар түйеге артылып, келіншектің қайын атасының аулына қарай жөнелтіледі де, келіншекке ат ерттеледі. Қыздың әкесі, шешесі, аға-інілері және басқа туысқандарының бәрі ең соңғы рет құшақтасып қоштасады, сынсу басталады. Бұл күні туысқандарының шын көңілімен жылаған көз жасы көл болады. Ал ұзатылған қыз бейшара бәрінен де көп жылайды. Қыздың қасындағылар оған: «тақияңды тастап, сәукеле ки» деп көп жалынады, қыз бұған көпке дейін көнбейді. Бірақ киер күні жеткен соң не шара, жеңгелері оны жас келіншекше киіндіріп, жөнелтеді.

Қызын күйеуінің аулына дейін, әдетте шешесінің оқи шығарып салады. Қыздың шешесі ол ауылда үш-төрт күн болып, елне қайтады. Қыздың шешесіне құдалары ат мінгізіп, түйе жетектетіп, шығарып салады.

Келіншек түскен күні ауылға олардың тойын тойлауға, келіншекті және оның жасауын көруге жұрт жиналады. Келіншектің отауы атасының үйінің оң жағынан тігіліп, отау ішіне жасаулары ілінеді. Келген жұрт оны көріп, біреулері мактайды, біреулері «сараң екен» деп, келіншектің әкесін сөгіп кетеді.

¹Неке киюды молда Мұхаммедтің дини жолымен өткізеді, сондықтан казак дәстүріне қатынасы жоқ нәрсе болған соң, оны бұл арада суреттеп жағуды артық деп санаймын. (Ы.А.)

Жас жігіттер келіншек отырған шымылдық ішіне кіріп, келіншектің бетіне жапқан пердесін көтеріп қарайды, оның киімін¹ көреді.

Кешке келіншекті атасының үйіне әкеліп кіргізеді. Келіншек келерден бұрын ол үйге қонақтар, күйеудің барлық туыскандары, жыршылар жиналады. Келіншектің ең алғаш атасының үйіне келуі мынадай түрде болады. Екі әйел оны екі жағынан қолтықтап, бір топ әйел оған ере келіп үйге кіреді. Келіншек табалдырықтан аттаған бойда, ошакқа жеткенше тізесін бүгіп үш рет сәлем етеді. Содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды (бұл майды қатындардың бірі дайындап тұрып, сол жерде келіншекке бере қояды). Лапылдап жанған майдың жалынына кемпірлер қолдарын тосып: «от — әулие, май — әулие» деп беттерін сипайды. Осыдан кейін келіншекті үйдің сол жағына, есікке таман апарып отырғызады. Сол кезде жыршы беташар өлеңін айтады. Онда: «Атанды сыйла — ол сенің әкең, ененді сыйла — ол сенің шешен, күйеуінді сыйла — ол сенің қожан, өсек айтпа» деген сияқты өсиеттер айтылады. Жыршы оқтын-оқтын «қайын атана бір сәлем» не басқаларын айтып, соған «бір сәлем» деген кезде, келіншектің қасында отырған әйел, келіншектің бетіндегі бүркеншін бір көтеріп, қайта жабады. Келіншек тұрып, сәлем етеді. Әрбір осындай сәлемнен кейін, сәлем арналған адам, осы сәлем үшін беретін кәдесін жариялауы керек. Қайын атасы айғыр үйір жылқы, туыскандары шапан атаулары мүмкін, т.с.с. Беташардан кейін әйелдер келіншекті өз отауына апарып енгізеді, тек содан кейін ғана ұзақ күнге шаршаған келіншек шамалы демалуға мүмкіншілік алады. Жасаудың ең жақсыларын қайын атасы алады, қалғандарын, бір-бір шапаннан, ішкітен және басқа заттан күйеудің өзге туыскандарына үлестіреді.

Қорыта келе бір айта кетерлік нәрсе: келіншек өзінің түскен күнінен бастап, екі-үш жыл бойы қайын атасына, күйеуінің және басқа да жасы үлкен туыскандарының бәріне көрінбейді. Олардың үйіне барса, оның төріне шықпайды, есік жақта болады. Қайынағаларымен әлдеқалай кездесе қалса, жүзін тайдырады, сәлем етеді, сәлем еткені үшін қайынаталары оған «көп жаса» деп алғыс айтады. Ал онан соң, келіншек өзінің күйеуінің ер-әйел туыскандарын шын атымен атай алмайды. Сондықтан олардың әр-

¹ Келіншек түскен кезінде бетіне перде жамылып жүреді. Бүркеншін тек бір ай, екі ай, не одан да көбірек уақыт өткеннен кейін ғана алады (Ы А).

қайсысына өзінше ат қойып алады. Бұл дәстүрдің қандай екенін мына бір күлкі әңгімеден айқын түсіне аласыздар.

«Бір қазақтың бес ұлы болыпты. Олардың аты: Көл, Қамыс, Қасқыр, Қой, және Пышақ екен. Бір күні келіні суға барса, көлдің ар жағында, камыстың бер жағында қасқыр қойды жеп жатыр екен. Сонда келіні ауылға жүгіріп келіп: «Сарқыраманың аржағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр, тезірек жанығыш пен кескішті жеткізіңдер» депті.

Ы.Алтынсарин,
1870 жыл.

МҮСЫЛМАНШЫЛЫҚТЫҢ ТҮТҚАСЫ

«Шариат — ул — ислам»

Бисмиллаһи — р — рахманир — рахим — Кайыр-рақымы мол Алланың атымен бастаймын!

Қанша мақтау бір Құдай табарак уа тағалаға¹ лайық. Ол лайықтығында ешбір зат, мақлұқта теңдесі жоқ. Бұл — үстіміздегі шет-шегі жоқ көк, күндіз болса, дүниені жарық еткен күн, кеш болса, күлімсіреп тұрған ай, жұлдыздарменен, бұл — дүниені айналып жатқан шеті жоқ мұхит, теңіздері һәм таулардан таза жауһардай жылтырап аққан өзендері, ішінде неше алуан мақұлықтар, балықтарыменен, астымызды біздің дүниеміз атанған жер — қазып қарасақ, астында алтын, күміс, мыс, бақыр теміріменен және үстінен қарасан, алыстан тұманданып көрінген, ішіне кірсен жапырақтары жайқалып, дүниеге хош иістер жайған биік орман ағаштар, алуан-алуан шешектеріменен желкілдеп шыққан неше-неше түрлі көк шөптер, гүл-жапырақтары һәм неше алуан дәмді дәру не тамақ болатын тұқымдарыменен, мәселен, бидай, тары, алма, жүзім, рәуішті, қырда, орманда, теңізде неше-неше түрлі жаратылған алуан-алуан мақұлықтар — өрмелеген тышқаннан бастап, таудай биік пілдерге шейін, кішкентай ғана құрт шабақтан бастап, ұзын бойы он саржан, ауырлығы жеті-сегіз мың пұттанған балықтарға шейін, кішкентай ғана шымшықтан, сайрап тұрған сандуғаштардан бастап, қой мен бұзауларды алып ұшуға жарайтын бүркіттерімен соншама зат, мақұлықтың бәрін де Құдай берген ақыл-хайламен жинап алып, өз пайдасына жаратып, неше түрлі һәм неше жүз, һәм мың түрлі патшалы, патшасыз жұрт болып тұрған адамзаттар — мұның бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір Құдайдың барлығына, бірлігіне көміл жаратушы халық—қадр² екендігіне дәлел болса керек. Оның үшін мұншама ғажайып ойлап, ақыл жетпейтін естір һәм зат мақлұқаттар бір Құдайдың «бол» деген жалғыз бұйрығымен болғандүр.

Мұнан соң мақтау лайық пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салла аллаһу аллаһ уассаламға³.

Адамзаттың қараңғы, надан уақыттарында от пен суды Һәм қолдан істеген ағаш суреттерді құдай деп біліп, адал-арамды, бұзықтық пен түзіктікті танымай, бөлкім айуан қалпында жүрген замандарда Құдай-Тағала бұйрығымен пайғамбар болып келіп, адамзатқа түзу жолды үйретіп, шын Құдайын танытып, шын діннің Һәм дүниенің ғылымдарын көрсетіп беріп еді.

Бұл пайғамбарымыз алайһис-саламның⁴ қалдырып кеткен Құдай-Тағаладан өндірілген Құран шарифтегі⁵ сөздерін, сондай-ақ пайғамбарымыздың өз тарапынан бұйырған үгіттерін оның шәкірттері мен ғұламалары ауызбен айтып, кітаптарға жазып, дүние жүзіне жайып, неше-неше қараңғылық, надандықта жүрген халықтарды дұрыс адамдық санатына айналдырды. Соның үшін Құдай-Тағаланың рақметі болсын, пайғамбар алайһи-с-саламның асхабтарына⁶ және шарифат жолын мықтап ұстап, өздерінің таза құлық, жұмсақ шырын сөздерімен надан халыққа ғибрат болып, ахирет жолын танытқан мүжтаһид⁷ әулиелерге, уа барша ізгі мұсылмандарға ай-рақмат айтушылардың рақмат етушісі, Құдайым, өзің рақым қыл! Мұның соңында бұл кітапты жазып шығарған себебіміз, әркімге мәлім Кәләм шариф⁸ Һәм үлкен ғылыми кітаптар араб тілінде жазылуы. Араб тілін әркімге білмек әрі қиын, әрі көп қара халыққа мүмкін де емес. Мұнан ғайри⁹ және сөздері де не араб, не парсы тілінде болып, әр жұрттың лұғаты¹⁰ бөлек болуынан көп оқыған адамдар аят хадисте бұйырылған Һәм әр мұсылманға керекті қысқа ғылымдарды да білуге қадыр бола алмады. Арабтың тілі сөзге байырақ әрі қошырақ болуынан Һәм пайғамбарымыз араб жұртынан болуы себепті, арабша Кәләм шариф¹¹ араб тілінде еніп, ол тілді білмек мұсылмандарға парыз кифайа¹² болса да, бір халықтың ішінде араб тілін бір адам білуменен де ол халықтың мойнынан парыз түседі. Соның үшін намаз ішінде яки құран аяттарын Һәм арабша дұғалардың мағынасын да қай тілмен оқыса да дұрыс десіпті. Хатта¹³ біздің имам-ағзам мазхабында¹⁴ осы реуішті арабтан басқа тілменен намаз оқығандардың имам болуы да дұрыс деген. Ләкин¹⁵ ислам мәнісін білмек әрбір мұсылманның өз басына парыз.

Әлгі рәуішше мұсылманшылықтың шартын ел ішінде молдалары біліп, бөтендері білмегенмен, бұл білмегендердің мойнынан парыз түспейді. Парыз түсу түгіл бұл мұхтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдай-Тағала өзі сақтасын,

соның үшін бізбен қатар татар, түркі уа ғайри¹⁶ халықтар аят хадистің¹⁷ мұқтаж, керекті бұйрықтарын өз тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса тындаған қара халық түсініп отыратын бір де кітап жоқ. Сол себептен «жалғыз кітап таныған молдалар көп болмаса, халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Хатта көп адам осы қалыпша кәпір болып та жүрген шығар. Мұны көріп біз, фақыр¹⁸ қыпшақ руының Ибрагим Балғожа биұлы, қарындас халқымыз қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен қаранғы туғандарымызды түсінікті тілменен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік. Құдай тәбәрәк уа тағала¹⁹ қайырлы еткей еді, әмин!

Ей, екі дүниенің иесі — Құдайым, әр пенденің ниет-пиғылы бір өзіне белгілі. Бұл кітап ішіндегі бұйрықтар қайсысы аят-хадистен²⁰, қайсысы шаһар Петербургке имам-жамиг²¹ Мулла Ата-алла Бен Баязид есімді молланың әр кітаптардан жинап шығарған «Ислам» деген кітабынан һәм мұнан ғайри зор ихтибарлы²² кітаптардан қаралып, неше-неше рет саналып, теңдестіріліп жазылды. Оқығандар қайыр-дұғаларынан қалдырмағай еді.

Енді, ей, дін қарындастарымыз, бізге ең әуелі керегірек іс — сол, әуелі білмек керек немен мұсылман болатынымызды. Мүмин²³ мұсылманның мұсылман аталуы құр мұсылман киімін киіп, мұсылман арасында жүргеннен емес. Әуелі иманда болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң, сол иман ішіндегі сөздерді шексіз мұсылман деп атайды. Соның үшін Құдай-Тағаланың пенделеріне парыз еткен парыздарының ең әуелі иман болса керек. Иманнан соң дін ғылымы дүр. Дін ғылымы дегеніміз, Құдай-Тағала пенделеріне екі жол көрсетті: Бір жолы — осылай бар деп бұйырған жол, екіншісі — бұл жолға түспе деп тыйған жол. Әуелгі жолдың баратын ұшы — ұжмақ, соңғы жолдың ұшы — тамұқ. Екі жолды көрсетіп қойып, қайсысына түсудің ықтиярын бұл дүниеде Құдай-Тағала адамның өзіне берді. Осы екі жолдың мәнісін түсініп, үйренуді дін ғылымы деп атаймыз. Осылайша иман мен дін ғылымын үйреніп, сол бойынша дүниеде іс істеуді амал²⁴ деседі. Пенделердің амалының немесе істейтін істерінің бағзысы көңілменен, һәм дінімен болады. Көңілмен дегеніміз — көңілмен шындап дұрыстауды, мәселен, иман рәуіштіні айтады. Дінімен деп қолмен дәрет алып, намаз оқу реуіштілер айтылады. Бірақ әрбір жақсы амалдардың да асыл түбі иманнан, яғни иманудан келеді. Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігін көңілі құпта-

маса әлбетте, ол намаз болып табылмайды. Осыларды ескере, бұл кітапты үш бапқа немесе бөлімге бөлдік. Әуелгісі — иман мәнісін айтатын баб, екіншісі — сыртқарыға, әркімнің көзіне көрінетін амалдарының турасында, мұны арабша амал закир²⁵ деп атайды, үшіншісі — көңілдегі жақсылық-жамандық ниеттер турасындағы баб, мұны арабша ахлақ²⁶ деп атайды. Біздің басқа да үйренушілерге қашанда иман мен дін мәнісін осы ретпен үйретсе керек. Осылай үйретпей, мәселен, иманнан бұрын намаз, ораза мәнісін үйретуші кісі күнаһар болар, яғни, күпірлік қауіп бар деген сөз.

ӘУЕЛГІ БАБ

Иман турасында

Иманның екі мағынасы бар: бірі — тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз — әркім тілмен айтып растамақ. Мәселен, мұсылманшылығымызға бас куәлік — сөзіміз немесе араб тілінше шәһада (тун)²⁷— *иманымыз ашһаду ан лә иләһа иллә алла уа ашһаду анна мухаммадан абдуһу уа расулуһу болса керек. Яғни, «куәлік беремін: жоқ-ты бір Құдайдан бөтен құдай және куәлік беремін, Мұхаммед оның құлы Һәм елшісі екендігіне деп, шарифат мағынасы растағанда, ол иманды көңілмен растамақ. Бұл растамақ дегеніміз, «жалғыз Құдай-Тағала бар, Мұхаммед хақ пайғамбар» деп айту ғана емес, пайғамбарды хақ деп болып Һәм ол пайғамбарымыз алайһи-с саламның Алла-Тағала жанбунан²⁸ алып келген қанша парыз бұйрықтары болса, мәселен, намаз, руза реуішті, осылардың бәрін де тілмен рас деп айтып Һәм шын көңілмен растығына сенбек. Мәселен, біреу Құдай-Тағаланың жанбунан алып келген намаз, руза²⁹ реуішті бұйрықтарды растамаса немесе растығына көңілі бос болып, шек қылса да кәпір болар. Иман пенделерде үш түрлі болар. Бір түрін иман тахқиқи³⁰ деп атайды. Бұл иман тахқиқи дегеніміз сондай иман хазрет расул Алла-Тағаланың жанбунан алып келген бұйрықтарын бекер деп бүтін дүние жұрты сөйлеп тұрса да, ол жақсы адам сол растаған қалпынан көңілі заррадай³¹ қозғалып қайтпас. Бұл иман — кәміл иман, Құдай-Тағала қасында зор мәртебедегі адамдардың иманындай. Екінші түрі — иман истидләли³² деген. Құдай тәбарак уа тағала барлығын Һәм бірлігін дәлелменен, ақылмен ойлап болып, рас тұтуды айтады. Яғни, бұл көк пен жер, ай мен күн, теңіздер, адамдар уа ғейри дүниедегі ғажайып зат, махлұқтардың бәрі әуелінде*

өз-өзінен жаратыла алмайды ғой. «Мұны жаратушы ешкімге тендесі жоқ бір Ие болса керек деп, Алла-Тағаланың барлығын осынан түсініп, біліп және егер Құдай-Тағала екеу, үшеу болса, әр патшаның заңы әр түрлі болып һәм араларында араздық, татулық рәуіштілер болар еді. Көктегі, жердегі зат — махлұқтың өзгермейтін бір қалыпша, бейне бір жүргізіп жіберген сағаттай өз-өзінен қалпынан танбай келуіне қарап, Құдай-Тағаланың екі емес, бір екендігін осыдан танып, осылайша Құдай-Тағаланың барлық, бірлігін дұрыстауды — иман истидләли³³ деп айтады. Бұл рәуішше иман келтірмек әркімге уажиб³⁴, уажибті орнына келтірмегендер күнаһар болар. Үшінші бір түрі — иман таклиди³⁵. Бұл иман — өз ақылымен Құдайды танымайынша, «ата-бабалардың ұстап келе жатқан жолы ғой» деп иман келтіргендердің иманы болар. Әрине, бұл иман надан халықта болады, соның үшін ең әлсізирегі болса керек. Өзі ешнәрсеге түсінбей, біреудің сөзіне, мысалына еріп іс етуші кісі және бір айыпты шайтандай азғырушыға жолықса, бұл азғырушыға және еріп кетіп, діннен шығуы да жеңіл болғаны үшін. Бірақ осылайша әлсіз, қауіп-қатері көбірек иман болса да, Құдай тәбарак уа тағала бұл иманды да дұрыс деген һәм Кәләм шарифінде бұйырған: (уа лә тақулу лиман илқа илайкум саламун ләста муминан) яғни «ассаламалайкум!» деп сәлем бере білген кісіге де «мұсылман емессін демеңіз» депті.

Жоғарыда айттық, Құдай табарак жанбунан пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салла аллаһу алайһи уа саллам³⁶ не түрлі керекті бұйрықтар келтірсе — бәріне иланумен мұсылман боламыз деп. Құдай-Тағала Құран Кәрім³⁷ ішінде баян еткен һәм пайғамбарымызға берілген сол, айтсақ керек «иландым Алла Тағалаға, һәм періштелеріне, һәм кітаптарына, һәм расулдарына, һәм ақырет күніне, жақсылық-жамандық Алла-Тағаланың тағдырынан екеніне, һәм өлген сон тірілмегімізге» деп.

Құдай-Тағаланың жаратушы екенін неден білдің? Бұл сауалға былайша жауап беру керек. Екі дәлелмен білдім: біреуі — нақли дәлел, біреуі — ақли дәлел. Нақли дәлел дегеніміз сол — Құдай тәбарак уа тағала Кәләм шарифте бұйырды: (уа халақа куллу шаййн), яғни, «әр нәрсені Құдай жаратты» деп. Ақли нәрселердің бәріне де бір бар етуші керектігіне. Ол Жаратушы ешбіреудің жәрдеміне мұқтаж болмаса керек. Егер жаратушылық жаралуына һәм жаратуына екінші біреудің жәрдемі керек болса, әрине, оны қадір бас жаратушы деп айтуға болмайды. Мәселен, адамның дүниеге келмегіне ата-анадан тұмақ керек, ал ата-анасының

дүниеге келмегіне ата-анадан тумақ керек, ал ата-анасының дүниеге келмегіне бұлардың өздерінің және ата-анадан тумақтығы керек. Бұл сипатпен бас жаратушы болмақ мүмкін емес. Не болмаса адам топырақтан кірпіштей, табақтай нәрселер істесе, мұны түп жаратушы кім екендігін тергеп кісі сұраса керек: Топырақты кім жаратты? — деп. «Топырақ жерден алынды», десе: Жерді кім жаратты? — демек керек болар. Әлбетте, жерді, көкті, отты, желді, суды біреудің жәрдеміне мұқтаж жандықтардың ешбірі жаратуы мүмкін еместігі әркімнің көзіне көрініп тұр. Бұлай болса, бұл дүниедегі зат, махлұқтардың бәрін де, ең әуелі барлыққа келтіруге ешкімнің жәрдеміне мұқтаж емес бір Иенің барлығында еш шек - шүбә жоқ болса керек. Егер біреу сұраса: Құдай-Тағаланың бірлігіне не дәлелін бар? — деп, жауап бермек керек: Бұған да екі түрлі дәлеліміз бар, бірі — накли, бірі — акли. Накли дегеніміз сол, Құдай-Тағала Кәләм шарифте бұйырды: (ләу кәна фиһима әлиһатан илла аллаһа лә фасадата) яғни «жерде, көкте, Алладан басқа тағы алла болса, жер, көк бұзылар еді» деген. Акли дегеніміз сол — жерде, көкте екі құдай болса, бір-біріне қарсы келуі мүмкін болар еді. Бірі жер, көктің болуын тілесе, бірі, бәлкім, болмағанын тілер еді. Бұлай болғанда не екеуінің де тілегені орнына келер еді, не біреуінің тілегені орнына келер еді. Бұл сипаттын екеуі де жаратушы болмаққа лайық емес. Екеуінің тілегені бірдей орнына келсе, жаратылған дүниелері бұзылмай тұруы үшін бір-бірімен тату тұруы керек болады. Мұндай біреудің татушылығына — жәрдеміне мұқтаж болмақ, Құдайға лайық емес. Болмаса, біреуінің дегені болып, біреуінің дегені болмай қалса, болмай қалғанының ісі әлсіздікке келсе керек. Жаратушыға әлсіздік игі бастан лайық емес.

«Алла-Тағаланың періштелеріне сыйындым» деген сөздің мағынасы; яғни рас білдім, Алла-Тағаланың періштелері бар-ды. Бұл періштелер әрқайсысы құлшылықта болар әркімнің суретіне кіруге шамалары келеді. Өз араларында еркектік, әйелдік жоқ, жемек-ішпекке, ұйықтамаққа мұқтаж емес. Олардың тамағы — Құдай-Тағалаға тасбих³⁸. Бұл періштелердің де пайғамбары бар. Періштелердің пайғамбарлары — Жәбірейіл, Исрафил, Әзірейіл, Михаил. Бірақ періште пайғамбарларынан адам пайғамбарларының дәрежесі артық болады. Себебі сол адам баласы асау, ішу, ұйықтаудай һәм мұнан бөтен нәфістермен³⁹ жаратылады, періштелерде мұндай нәфіс жоқ. Соның үшін адам баласына тура жолдан жазбай, Құдайға құлшылық етіп тұру машықтырақ болады. «Иландым Алла-Тағаланың кітаптарына» деген сөздің мағы-

насы — «Рас, нандым Алла Тағаладан енген кітаптардың баршасына да» яғни, хазірет Адам алайһи-с- саламнан хазірет Мұхаммед алайһи-с- саламның екі арасында қанша кітаптар енгендігінің хисабы⁴⁰ Құдайға мағлұмды. Солардың бөрінің де Құдай-Тағаладан жіберілгеніне иландым демек болар. Бұл кітаптар арасында белгілі зор кітаптар төртеу: Таурат, Забур, Інжіл, Фурқан. Таурат — Мұса алайһис-саламға берілген Құдай-Тағаланың кітабы еді. Неше замандардан соң Тауратпен іс қылудың мұддаты⁴¹ толып, Алла-тағала өз құдіретімен Тауратпен құлшылық етуді тоқтатып, орнына Забурды ендірі. Забур Хазірет Дәуіт алайһи-с-саламға енген. Неше замандардан соң Забурмен іс істеудің мұддаты толып, оның орнына Құдай-Тағала Інжілді жіберді Хазірет Иса алайһис-саламға. Неше замандардан соң Інжіл шарифпен іс істеудің мұддаты толды деп, Құдай Тағала құдіретімен Құран Кәрімді ендірі деп иланамыз. Бұл құран ақыр заман пайғамбары Мұхаммед Мұстафа сала аллаһу алайһи уа салламға⁴² ендіріліп, мұнан соң дүниеге пайғамбар жіберуін тоқтатты. Соның үшін дін исламды ақырғы дін деп һәм пайғамбарымызды пайғамбарларымыздың ақыры деп білеміз. Құдай-Тағаланың пайғамбарларына иландым деген сөздің мағынасы — Алла Тағаладан жіберілген пайғамбарлар қанша болса һәммесі хақ-ты⁴³ һәм рас деп білмек. Бұлардың қайсысының да болса пайғамбарлығына іңкәр етуменен иман табылмайды. Пайғамбарлардың әуелі — Адам алайһи-с-салам, ақыры — Мұхаммед алайһи-с-салам. Бұл екеуінің арасында қанша пайғамбар өткені анық мағлұм емес. Кәләм шарифте айтылған: (уа минхум ман касасна алайка уа минхум ман лам нақус алайка) яғни «ей, Мұхаммед, сенен бұрын да біз пайғамбарлар жібердік, олардың кейбіреулері туралы саған хабар бердік, кей бірі туралы хабар бермедік» деп. Бірақ қанша пайғамбар болса да — бөріне де иландық деп, иман келтірмек керек. Оның үшін Брахма⁴⁴ деген бір халық пайғамбарлық жалғыз Адам пайғамбарда деуменен, Сабие⁴⁵ қауымы шиш пен Ыдырыстан бөтен пайғамбар жоқ деуменен, һәм жаһуд⁴⁶ халқы Мұсадан бөтен пайғамбар жоқ деуменен қафур болдылар. Хатта Құранда аты жазылған жиырма сегіз пайғамбардың аттарын білмек әр мұсылманға уажиб. Бұлардың аты: аууал—Адам алайһи-с-салам, екінші — Нұк, үшінші — Һұт, төртінші — Лұт, бесінші — Зул-қафил, алтыншы — Салық, жетінші — Ибрагим, сегізінші — Аюб, тоғызыншы — Ысмайыл, оныншы — Ысқак, он бірінші — Жүніс, он екінші — Ыдырыс, он үшінші — Жақып, он төртінші — Жүсіп, он бесінші — Ілияс, он алтыншы — Ілияс, он жетінші — Дәуіт, он

сегізінші — Сүлеймен, он тоғызыншы — Мұса, жиырмасыншы — Харун, жиырма бірінші — Яхия, жиырма екінші — Иса(Ғиса), жиырма үшінші — Шахиб, жиырма төртінші — Зікірия (Закария), жиырма бесінші — Мұхаммед алайһис-салам рахматукуһумма аллаһу⁴⁷, және бұлардан басқа жиырма сегіздің қалған үшеуі — Азиз (Ғазиз), Лұқман, Ескендір Зұлқарнайын. Бұл үшеудің хақында біреулер пайғамбар, біреулер әулие еді деп айтысады.

Ақырет күніне иландым дегеннің мағынасы «Құдай-Тағаланың күдірет еткен уақытында бұл дүние бұзылып, қиямет болады» деп илану. Қияметтің болуына да нақлан һәм ақлан дәлел бар. Нақлан дәлел Кәләм шарифте айтылған (иннас-са ата әтия-тун лә райба фиһа) яғни «қиямет келешек келмегіне мұсылмандар шек айтпаса керек» деген. Ақлим дәлел сол — қиямет болудан соң өліктер тіріліп, мизан сарат құрылып, Құдай-Тағала әр пенделердің дүниеде істеген жақсы қылығына қарай ішкері ұрмақ бұйырып, жамандық пиғылға тозақ бұйырса керек. Бұлай болмағанда дүниеде жақсылық, жамандық етсең де, ақыретте ешбір сұрауы болмаса, жаман мен жақсы Құдай алдында бәрі бірдей болғанға келер еді.

Жақсылық, жамандық Құдайдан деп иланбақтың мәнісі әр пенденің жақсылық не жамандықпен болуын Құдай-Тағала күдіретімен күн бұрын білуші һәм пенделердің қылашақ ісі, пиғылы ләукун-махфузда⁴⁹ жазылып қойылған. Бірақ Құдай-Тағала ешкімді жаман жолға бұйырмады, «мынау жамандық, мынау жақсылық» деп көрсетіп, адам баласына қай жолға түссе де ықтияр берді. Жақсылық етуші болса, Құдай-Тағала жаннатқа бұйырып, рахым етеді. Жамандық етушіге азап бұйырады. «Өлгеннен соң қабірден тіріліп тұрмаққа иландым» дегеннің мағынасы — өлген соң тірілуді рас, хақ деп білдім демек. Өлген соң тірілу турасында һәм накли, һәм акли дәлел бар. Накли дәлел сол — Құдай-Тағала шарифінде бұйырды: (сумма иннакум яума алқиямати тубьғасуна және құл Юхайһа әлләзи аншаһа аууала марратан) яғни «адамдарға айт әуелде ол адамдар тіпті жоқ еді, жоқтан бар болды ғой» деп. Акли дәлел сол — Құдай Тағала пенделерді әуел жоқтан бар етуге күдіреті келгенде бар болып, өлгендердің сүйегін жиырып және тірілтіп адам етуге, әрине, күдіреті келсе керек. Және адамдар Құдай-Тағала жаратып бұйырды құлшылық етуге һәм жақсы қылықты болмаққа. Сонда да бір пәре⁵⁰ адам Құдай бұйырығын тұтып жақсылық жолда болса, бір пәрелер жамандық жолға түсті. Бұлай болса, Құдай-Тағаланың әділеттілігіне лайық жақсылар мен жамандардың айырмасын бір таразы күн жаратып көзге көрсетуде.

Біреу сұраса: «Құдай Тағаланың сипаты нендей?» деп, жауап бермекке керек? Құлшылық етуімізге лайық Алла табарак уа тағала жалғыз-ды, ешкімнің ол Алла-Тағалаға ұқсастығы, теңдесі жоқ. Ол Алла-Тағала дене иесі емес, асыл жауһардай заттар сипатында емес, мекен я бір орын иесі емес, бос орынды толтырушыдан емес, тамақ жеушілерден, ішушілерден емес, біреуді тудырған емес, һәм ол Құдай-Тағаланың бар болуына ешбір заман жоқ жиһат сәттен, яғни алты түрлі тараптан: оңы, солы, алды, арты, асты, үсті болудан таза-ды. Алла-Тағалаға ешбір нәрсе уажиб емес, яғни не нәрсені қалайынша жаратамын һәм бұйырамын десе — өз еркінде және Алла Тағала қадим-ді, әуелден ақыр бар-ды, барлығының әуелі һәм ақыры жоқ, һәмме өткен замандарда бар-ды һәм болашақ замандарда бар-ды. Ол Алла-Тағала ешбір нәрсені хикметсіз һәм керексіз, пайдасыз етіп жаратпады, көзімізге көрінетін зат, махлұқтардың бәрінің де керек орны бар.

Алла-Тағаланың сифат субутия⁵¹ деген жеті сипаты: әуел — хаят, яғни тірі-ді, біздің ақылымыз жетпейтін тірлікпен алим⁵² болушы-ды, күдірет күш иесі-ді, жоқтан бар етуге һәм бардан жоқ етуге күші жетуші, самғ⁵³ естуші-ді, бізге рәуішті құлақпен емес, басар⁵⁴ көруші-ді, бізге реуішті көзбен емес, ирадат⁵⁵ тілеуші, яғни әуелде өзі тағдыр еткен нәрсесін тілеген уақытында дүниеге шығарушы, такуин⁵⁶ жоқтан бар етуші-ді, кәләм сөйлеуші-ді, біздің ақылымыз жетпейтін сипатпен, бірақ бұл сөйлеу бізге рәуішті тілмен, әріппен, дауыспенен емес.

Жоғарыда айттық, дүниеге келген пайғамбарлардың ең ақыры — біздің пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа сала аллаһу алайһи уа саллам деп һәм шаһадат, яғни куәлік иманымыз ішінде айтамыз: «куәлік беремін — Мұхаммед оның құлы һәм елшісі» деп хазірет Ибраһим пайғамбар нәсілінен, атасы — Абдулла, шешесі — Әмина, араб жұртында Мекке деген шаһарда дүниеге келіпті. Мұхаммед пайғамбарымызды ақырғы пайғамбар етіп, бөтен Құдай-Тағала қасында өзінің һәм умматтарының⁵⁷ дәрежесін артық, сүйіктірек ету Құдай-Тағаланың өзлі күдіреті-ді. Кәләм шарифте айтылған: кунтум хейра уммата ухрижту лин-наси яғни «Мұхаммед пайғамбар умматын кумуз⁵⁸ умматтардан артығырақ еттік», — дейді Құдай-Тағала. Мұхаммед алайһис-саламның пайғамбарлығы әшкере бола бастауы қырық жасынан бері болды. Пайғамбарымыз алайһис-салам халыққа түрлі шарифат үйретсе, Құдай-Тағаланың Жәбірейіл есімді бас періштесі арқылы ендірілген бұйрықтарымен үйретті. Ол бұйрықтар жиылып жазылған кітаптың есімін Құран шариф деп атаймыз. Пайғамбарымыз алайһис-саламның сипаты орта бойлы, ақ жүзді, жирен сақалды,

кара шашты, ешбір адамға бітпеген көркем сипатты еді. Жауырынында муһр набууат⁵⁹, яғни Құдай-Тағала құдіретімен жаратылған муһрі бар еді. Сөйлесе тілі балдан һәм тәттірек әрі не айтса тек Құдайдың бұйрықтарын айтып һәм адамдар өз араларында бір-біріне әділ, рахымды болмақ-ты, бірін-бірі ренжітпеске, өсек-өтірік айтпасқа, бейшара, жетімдерге қайырлы болмаққа керек, қай діндегі адамды болса да қиянат етпеске, үлкен-кіші, бай-жарлы, құл-патша — Құдай алдында баршасы бірдей. Құл екендігіне, денені һәм көңілді, таза сақтамаққа, әр сағат Құдайды ұмытпай, пендешілікке лайық құлшылық ету турасында тынбай үгіт етер еді. Пайғамбарымыз да жауыз дұға қылмас еді. Ухуд соғысында⁶⁰ бір көпір тісін сындырғанда да жылап тұрып дұға айтты: «Әй. Құдая бұл бейшараға тауфик (көмек, бақыт) бер» деп. Өмірі ішінде қаншама жұрттарды зор дәулет қазыналар жиылғанда да өзі ол малмен аслан⁶¹ пайдаланбас еді. Ондай малдың бір парасын жұрт пайдасындағы қазынаға, бір парасын пақыр-бейшараларға, бір парасын сахабаларға⁶² берер еді. Хатта бұл дүниеден өтер уақытында жамағаттарыңа бір динар, яғни бір тенге қалдырып кетуге де шамасы келмеді. Пайғамбарымыз Құдай-Тағала бұйрығыменен Меккедегі Масжид Харам⁶³ дегеннен Бейтул Муқаддас-тағы Масжид Ақса⁶⁴ дегенге барып, ол масжилтен Құдай-Тағаланың изнімен⁶⁵ көкке асып, Құдай таабарак уа тағалаға сөйлесті. Мұны миғраж⁶⁶ деп атайды. Бұл миғражға асқан күні ражаб⁶⁷ айының 28 күнінде болған үшін шаһарлы жерлерде сол күнді мейрам етіседі. Пайғамбарымыз алайһи-ссаламның бас жолдас-тары төртеу еді. Бұларды біз шаһариярлар⁶⁸ деп атаймыз. Ол шаһариярлардың аты аууал хазірет Әбубәкір, екінші — хазірет Омар, үшіншісі — хазірет Осман, төртіншісі — хазірет Әли. Бұларға Құдай-Тағаланың рахматы болғай еді. Пайғамбарымыз бұл дүниеден екінші дүниеге сапар шегерінде халифалық орнын, өз әулетін жақын көріп, өз әулетіне бұйырмады. Өзінен соң хазіреті Әбубәкірге бұйырды. Онан соң хазірет Омарға, онан соң хазірет Османға бұйырды, онан соң хазірет Әлиге Пайғамбарымыз алайһи-с-салам жиырма үш жыл пайғамбарлық етіп, әуелі араб жұртын дін исламға көндірді. Онан соң уа неше бөтен жұрттарға дін үйретіп, Құдайдың бұйрығын һәм көләм шарифті дүние жүзіне көміл әшкерә⁶⁹ етіп, һәм өз тарапынан үгіт-хадистер⁷⁰ қалдырып, 63 жасында бұл жалған дүниеден мәңгі дүниеге қайтты.

Мұнан соң жоғарыда айтылған шаһариярлар һәм пайғамбар уақытында бірге жүрген жарандары дін исламды бөтен дүние

жүзіне қыдырып жүріп үйретіп, надандарды жолға салды. Бұлардан соң пайғамбарымыздан, шаһариярлардан уа ғейри сахабалардан үйренген сөздерін көріп қалған жақсы мүсылмандар, бұларды табиғин⁷¹ деп атайды һәм бұл табиғиндердің сөзін естушілер табғ-табиғиндер. Бұлар һәм аяттан, яғни Құдай-Тағаланың Құранда бұйырған сөздерінен, һәм хадистен, яғни пайғамбарымыздың өзі айтқан һәм өзі орнына келтірген үгіттерінен баян етіп, неше-неше кітап шығарып, соңғы халыққа қалдырып кетті. Онан соң ғұлама мүжтаһидин⁷², яғни, зор ғалым-молдалар шығып, «аят пен хадисті әркім түсініп біле алмас» деп, әрі аят хадистен айра⁷³ басқа кітаптар түзіп, мағынасын түсіндіріп, қара халыққа да түсінікті кітаптар шығарып берісті. Бұлардан соң және ғалым молдалар әр жұтта көбейіп, қайсысы өз жұртының тілінше дін ілімін үйретіп, кітаптар шығарып, осы қалыппенен ғылымы бүтін дүние жүзіне жайылып болды.

Бұл ғұламалардың шығарған кітаптарының қайсысы ахиретімізге пайдалы, қайсысы осы дүниеге пайдалы ғылымдар. Мәселен, ғылым хисаб дегеніміз бұл күнде қайсыбір уәлаяттардың медреселерінде оқытатын математика есімді ғылым. Ғылым — табиб дегеніміз ауруларға дәрі мәнисін үйрететін медицина деген ғылым; ғылым һайат уа афлак дегеніміз астрономия деген ғылым. Мужтаһид ғұламалар арасындағы ұлықтары төртеу: имам Ағзам, имам Мәлік, имам Шафиг, имам Ахмад бну Ханбал Яссауи. Бұл төртеуі шарифат мәнисін толық тексеріп, халыққа түсіндіріп берді. Біз ол төрт имамның ішінде имам Ағзам мазхабында⁷⁴ боламыз, яғни имам ағзамның үйреткен шарифаты бойынша іс етеміз.

Енді, ей, дін қарындастарым, бұл пайғамбарымыз бен пайғамбарымызға жақын-жақсылардың бәрі де тынбай жүріп дүние һәм ахиреттің ғылымынан үйреніп һәм халыққа неше түрлі кітаптар, үлгілер қалдырып кеткен болса, бізге де жалқаулыққа салынып, ешнәрсені білмей жүруіміз, әрине, адамшылығымызға лайық емес. Сол бұрынғылардың мысалына қарап сөздер һәм әрбір пайдалы ғылымдарды үйреніп білмекке иждихат⁷⁵ етуіңіз лайық. Пайғамбарымыз алайһи-уа саллам айтқан: (ал илму тажун лил фата уа-л-ақлу туқун мин заһабин уа-л-жаһлу нарун таталаһһабу) яғни «ғылым жас жігіттердің басқа киген төжіндей, ақыл алтын зынжырдай⁷⁶, надандық әлек ететін оттай» деп, және хазирет Әли айтыпты: «ғылым деген бір дайырадай, ал дайыра⁷⁷ суынан ішкен де арманда, ішпеген де арманда. Ішкендердің арманда болуы — ғылым деген сонша терен, төтті нәрсе, оның суынан бір ішкен кісі және көбірек оқып, көбірек үйренсем дей-дей ақы-

ры ғылым түбіне жете алмай арманда кетер. Тіпті ішпегендердің арманда болуы — ғұмыр бойы қараңғылықты кешіп, жақсылық-жамандықты айыра алмай надандықта өтер. Бұл бейшаралардың халі бегірек⁷⁸ мүшкіл» деген екен.

ЕКІНШІ БАБ

Ағмал заһир турасында

Ағмал заһир дегеніміз пенденің көріну, әшкерә істейтін шариғат бұйырған істер. Құдай-Тағаланың бұйырған заһир істерінің аты — парыз, уажиб, суннат⁷⁹, мустахаб⁸⁰, бұйырмаған һәм тыйған істерінің аты харам⁸¹, макруп тахрими⁸², макруһ танзиһи⁸³ және бұйырмаған һәм тыйылмаған бар істің аты — мубах⁸⁴.

Парыз дегеніміз сондай бұйрық. Мұны орнына келтірудің керектігінде ешбір шек жоқ, яғни Құранда, не хадисте, не барша мұсылманның аят-хадиске тура келтіріп, ынтымақпен шығарған бұйрықтары — намаз, руза, закәт⁸⁵, хаж⁸⁶ рәуишті, бұл парызды орнына келтірмеген кісіге қияметте отпен азап етілінеді. Тіпті ол парыздың парыз екеніне нанбаған кісі — көпір болады. Уажиб дегеніміз сол, ол уажиб бұйрықтарды орнына келтірген кісіге көп сауап⁸⁷(сауаб) болар. Орнына келтірмеген кісіге отпен азап болар. Бірақ уажибқа нанбағанмен көпір болмайды. Мәселен, ид(-ғид)⁸⁸ намаздарын оқу, пітір-(фтр, фср) - садақасын⁸⁹ беру, құрбан шалу реуиштілер. Сүннет дегеніміз пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа сала аллаһу алайһи уа саллам өмірінде бір мәртебе, не екі мәртебеден артық қоймай — әдет етіп істеген істері. Мәселен, азан қамат⁹⁰ оқу, намазды жамағатпен⁹¹ реуиштілер. Бұл сүннетті орнына келтірген кісі сауапта болар, қойған кісі пайғамбар шапағатынан махрум⁹² болу деген қаупі бар. Мустахаб дегеніміз пайғамбарымыз алайһи-с-саламның бірде істеп, бірде істемеген істері, мәселен, оразалар, нәфл⁹³ — садақалар реуишті. Бұл мұстахабты орнына келтіргендер сауабты болар, келтірмегендер күнаһлы⁹⁴ болмас. Мубах дегенімізді істегенге сауаб жоқ, істемегенге күнаһ жоқ (асамақ, ішпек, ұйықтамақ реуиштілер).

Құдай-Тағаланың тыйған істерінен: харам дегеніміз шариғаттың қатты тыйған ісі. Харам деген нәрсенің харам екендігіне ешбір шек етуге орын болмас. Харамды істеген кісі отпен азапта қалар, тіпті харамды харам емес деген кісі көпір болар, істемеген кісі зор сауапта болар. Бірақ харамды істегендер тоба насух⁹⁵ қылумен күнәлары кешілер. Макруһ тахрими дегенімізді істемеген кісі

сауабқа, істеген кісі азабқа жолығар. Бірақ бұл мақруһ тахримиді адал деумен көпір болмас. Мақруһ танзиһи жанарақ мақруһ, мұны істеумен күнәлі болмас, бірақ толық мұсылмандар істемеске жүһд⁹⁶ етерге керек, мәселен, намаз ішінде сәжде⁹⁷ орнынан бөтен жер қарау, сүннет мустахабты кою рәуіштілер.

Енді аууал⁹⁸ пенделерге міндетті парыз, уажиб, сүннет, мұстахабтар турасында айталық. Адам баласының Құдай-Тағалаға ететін құлшылықтарының ішінде зор міндетті парыздар бесеу: әуелі — иман болу, екінші — намаз оқу, үшінші — әр жылда рамазан айында ораза ұстау, төртінші — әлі келсе, әр жыл сайын зекет беру, бесінші — шамасы келгендер өмірінде бір рет қажыға бару. Иман турасында жоғарыда айтып өттік, соның үшін енді соңғы төрт парыз бен харам мақруһ нәрселер турасын баян етелік.

Әуелі намаз турасында

Бізге парыз балиғлыққа⁹⁹ жеткен соң, яғни бай баласы болса, еркегі 12 жасқа, әйелі 9 жасқа, жарлы балаларының еркегі 14 жасқа, әйелі 12 жасқа келген соң күн сайын бес уақыт намаз оқымаққа. Намаздың уақыты: ерте намазы — таң атқаннан бастап күн шыққанша, әуелгі намазы — түс қаңғи (ауа) бастаған уақыттан бастап, көлеңке әркімнің өз көленкесіндей екі болғанша, екінді намаз — әуелі намазының соңғы уақытынан бастап күн батқанша, ақшам — күн батқаннан бастап, күннің қызылы басылғанша, күптан намазы — сам жамырағаннан бастап таң атқанша. Намаз оқуға даярланғанда әуелі дененің, бойдың таза болмағы керек, таза болмаған кісі ғусл құйынарға керек. Ғуслдың¹⁰⁰, яғни түсудің парызы — үш: әуелі аузына су алмақ, екінші, мұрнына су алмақ, үшінші, барша денесін жумак және сүннеті үшеу: әуелі, екі қолын жумак, екінші іш дәретін алмақ. Намаз дәретінің төрт парызы бар: бір — бет жумак, ұзыны мандайдағы шашынан бастап иек астына шейін, көлденеңі бір құлак жұмсағынан екінші құлак жұмсағына шейін, екіншісі — екі қолын жумак шынтағына шейін, үшіншісі — бастың төрт бөлігінің бәріне масх¹⁰¹ қылмақ, төртінші — екі аяғын жумак. Бұл парыздардың бәрі орнына келмесе де дәрет дұрыс болмайды. Намаз дәретінің сүннеттері — әуелі, дәретті (бисмиллаһи-р-рахмани р—рахим) деп бастамақ, онан соң екі қолын жумак, аузын мисуакпен¹⁰² жумак, аузына су алмақ, мұрнына су алмақ. Сумен сақалын араластырмақ, бармақтарын араластырмақ және әр денесін жуғанда үш-үш реттен жумак, һәм әр денесін ретпен жумак, басының баршасына масх қылмақ және дәрет арасында бөтен жұмысқа көңіл аудармай дәрет қылмақ.

Дәреттің мұстахабтары: әр денені жуғанда оң жағынан жуа бастамақ және мойнын масх қылмақ. Дәреттің бұзылатын істері: әуелі түзге отыру, денесінің бір жерінен қан, сары су шыкса, түкірікті қызартқан шамаға шейін тіс қанаса, қан қосылса яки бөтен құсықты ауыз толғанша құсса, ұйықтамақ, есі кетпек, жындану, балиғ¹⁰³ болған кісі намаз ішінде үн шығарып күлу — осылардан дәрет бұзылады. Жаңадан алмаққа керек. Егер намаз уақытын өткізбей барып дәрет алатын жақын жерде су болмаса, һәм судың алыстығы бір миль шамасы, яки төрт мың қадамнан жақын болмаса, немесе су болғанда да біртүрлі дертті болып, денеге су тигізуден залал болғандай болса, немесе суға баратын жолында адамға ғисл мен дәрет орнына таяммум¹⁰⁴ қағып намаз оқуға болады. Таяммум дегеніміз сол, бір таза жер жынысына әуелі екі қолын ұрып, жүзіне масх етеді, яғни бетін сипайды, екінші рет екі қолын сол жерге және ұрып, шынтағына шейін сипайды. Бұл таяммумду тозаңы бар таза киімге соғып таяммум етуге де болады. Және мәсіге масх ету дегеніміз дәретті, мәселен, танертен бір алып, аяғын жуып, мәсі киген соң, сол күн ішінде келесі тәулікке шейін жаңадан аяқ жумай-ақ, мәсі сыртынан масх етумен аяқ дәретін алғанға хисаб(есеп) болады. Бұл мәсіге масх ету дегеніміз қолға су алып, үш бармақ қадары¹⁰⁵ мәсі сыртынан сызық ету, осылайша мәсіге еткен масхтың үйінде тұрған мұқим¹⁰⁶ кісіге мұддаты — сол мәсіні киген соң дәрет бұзылған уақыттан бастап— бір тәулік, мусафирға¹⁰⁷ осы қалыпша — үш тәулік. Егер мәсінің үш бармақ шамасынша жыртқығы бар болса, масх оған жарамайды.

Намаз ішінде он екі парыз бар, алтауы — тысқары, алтауы ішкері. Тысқары болған алтауы: әуелі, намаз оқуға кірісерден бұрын денесін тазалау, яғни ғусл керек, орнында ғусл етіп дәрет алу; екінші, киімін һәм намаз оқитын орнын нәжістен пәк ету, үшінші, ұят жерлерді ашық қоймай, жауып оқымақ, еркек болса, тізесі мен кіндігінің арасын, әйел болса, беті мен екі қолы, екі аяғынан баскасының бәрін жабу керек. Осы ғаурат¹⁰⁸ деп, яғни жасырылатын жер деп, аталған денелердің төрттен бірі жабылмаса да намаз дұрыс болмайды. Төртінші, намазды уақытымен оқымақ. Бесінші, бетін құбылаға қойып оқымақ. Алтыншы, намазға ниет ету.

Ішкері болған алты парыздың бірі — такбир тахрими¹⁰⁹, яғни аллаһу акбар деп намазға кірісу; екіншісі — қиям¹¹⁰, яғни намаздың әрбір ракағатында¹¹¹ бір рет аяқ үстіне тұру; үшіншісі — қира атун¹¹², яғни намаз ішінде құран сурелерін оқу; төртінші — ру-

куғ¹¹³, яғни басын, денесін иіп, екі қолымен тізеге сүйену; бесінші — сәжда¹¹⁴, яғни басын жайнамаз үстіне жүзін төмен салмақ; алтыншы — ақырғы отыру, ат-тахият¹¹⁵ оқитын шамаға шейін. Бұл оның екі парыздың бірі орнына келмесе де намаз дұрыс болмайды.

Намаздың уәжибтері — он екі. Бірінші, Әлхамды¹¹⁶ дұрыстап оқымақ, екінші, бұл Әлхамдыға әуелгі екі ракағатта бір ұзын сүре немесе үш қысқа сүре қосу, үшінші, намаздың ретін орнына келтіру, яғни, әуелі қиям, екінші — рукуғ, сонан соң сажда рәуіштілерді бұрын істейтінін бұрын істеп, соң оқылатынын соң оқымақ; төртінші, төрт ракағат я үш ракағат намаздарда ортасындағы ат-тахиятқа отыру; бесінші әр отырыста ат-тихайат оқымақ; алтыншы, қира атты намаздың әуелгі екі ракағатында оқу: жетінші, үтір намазында дұға Қунут¹¹⁷, яғни аллаһумма әнә настағинақты¹¹⁸ оқымақ. Бұл дұғаны білмегендер бөтен бір білген дұғасын оқыса да болады; сегізінші, екі ғид намаздарының такбирлері, тоғызыншы, имам болған кісінің намаз ішінде өшкере дауыстап оқитындарын дауыстап оқуы; оныншы, жасырын оқитын орындарды жасырын оқуы; он бірінші, тағдилу-л-аркан¹¹⁹, яғни қиямды, рукуғты, сәждені орнына келтіру, асығып бірін біріне қосып жібермейінше; он екінші, сәлем бермек. Осы уәжибтерді біле, көре орнына келтірмеген кісі күнәлі болар, бірақ намазы дұрыс. Егер хатадан¹²⁰ қалдырса, күнәлі емес. Жаңылған үшін сажде соғу керек. Сәжде соғу дегеніміз намаздың ақырғы отырысында ат-тахиятты «абдуһу уа раулуһуға» шейін ғана оқып, екі жаққа сәлем беріп, сонан соң қайта отырып ат тахиятты басынан аяғына шейін, яғни, салауаттарымен¹²¹ бірге оқып, екі жаққа сәлем беріп, намазды тамам ету. Бірақ алдында имам бар болса, әуелгі ретте бір жағына ғана сәлем беріп, сәжде соғылады.

Намаздың сүннеттері жиырма бес. Әуелі намазға кіріскенде екі бармақты жоғары көтеріп, екі құлағының жұмсағына шейін апармақ, екінші, оң қолын сол қолының үстіне салып, кіндік астына қоймақ; үшінші, сунна¹²², яғни «субханды» оқымақ; төртінші «Әлхамнан» бұрын (ағузу билла мин аш-шайтани-р-ражим)¹²³, бесінші, мұнан соң бисмиллаһи-р-рахман деп оқымақ, бұл үшеуін де жасырын, дауыстамай оқу тиісті; алтыншы, үш я төрт ракағатты намаздардан соңғы екі ракағатында «әлхамды» оқымақ; жетінші, «әлхамды оқып болған соң, жасырын «әмин»демек; сегізінші, рукуғ сажда араларында такбир¹²⁴, яғни «аллаһу акбар» деп айтпақ, имам бұл такбирді өшкере¹²⁵ айтады, ұйығандар жасырын айтады; тоғызыншы, рукуғ қылғанда екі тізесіне таянбақ, екі қолтығын қуыс етіп; оныншы, рукуғта аркасын тегіс түзеп

тұрмақ; он бірінші, рукуғта үш рет(субхана рабби әл-азым)¹²⁶ деп айту; он екінші, рукуғтан бас көтергенде жалғыз оқыған, яки имам болған кісі болса(самиға аллаһу лиман хамидаһу)¹²⁷ демек, имамға ұйығандарға¹²⁸(раббана лака әлхамду)¹²⁹ демек; он үшінші, бұл раббана лака әлхамдуны камил рукуғтан¹³⁰ тұрып, тура тұрған соң айтпақ; он төртінші, сәждеге барғанда екі қолынан бұрын тізесіне шөгу; он бесінші, онан соң екі қолын жерге қою, қол аяқтарының бармақтарын құбыла тарапына жіберіп һәм сәждеден орын жетсе, екі қолтығын ашық тұтып, қарны мен жердің арасында қуыс қалдырмақ; он алтыншы, екі қолдың арасына сәжде ету, екі бас бармағын құлақ жағына қаратып жатқызып; он жетінші, сәжде қылғанда әуелі маңдайдан бұрын жерге қоймақ; он сегізінші, сәждеге үш рет (субхана раббиәлағла)¹³¹ деп тасбиһ ету¹³²; он тоғызыншы, сәждеден тұрған соң, жерге отырмай һәм қолдарыменен жер тіремей тұрмақ; жиырмасыншы, «ат-тақиятқа» отырғанда оң аяқты шаншып, сол аяқты төсеп, үстіне отырмақ; жиырма бірінші, «ат-тахиятқа» отырғанда екі қолын екі санының үстіне салып, бармақтарының арасын ашық етіп отырмақ; жиырма екінші, ақырғы отырыста, «ат-тахият» соңынан пайғамбарымызға салауат¹³³ оқымақ(аллаһумма сала ала Мухаммад уаь ала али Мухаммад) ахырына шейін; жиырма үшінші, бұл салауат соңында өзінің білген тілек дұғаларын оқымақ; жиырма төртінші, имам болған кісі оңға, солға сәлем бергенде оң жақ, сол жақтағы кісілерді һәм екі иініндегі әр не істеген істерінді жазып отырушы, қарауылшы періштелерді көңілге алып сәлем бермек, жалғыз оқыған кісі тек періштелерді көңілге алар; жиырма бесінші, оңға-солға сәлем бергенде мойнының ақтығы көрінетін шамаға шейін мойынды бұрмақ. Бұл сүннеттердің қайсы біреуі табылмаса да намаз мойнынан түседі, бірақ сүннетті қалдырудан ақыретте сілте¹³⁴ болар.

Намаздың мұстахабтары – сегіз: әуел, (хайа ала-с-салау атты)¹³⁵ айтқан заманда намазға тұрмақ; екінші, (қад қамат исч салауатты)¹³⁶ айтқанда намазға ниет ете бастамақ; үшінші, такбирдың аяғында(аллаһу акбар) деген заманда құлақ қағу үшін қолын жеңінен шығармақ; төртінші, намаз ішінде аяқ үстінде тұрған уақыттарда сәжде ететін орынға қарап тұрмақ; бесінші, рукуғ уақытында екі аяғы жағына қарап тұрмақ, алтыншы, киямда тұрғанда екі аяғының арасын төрт бармақ кадры ашып тұрмақ; жетінші, сәжда уақытында мұрын жағына қарамақ; сегізінші, «ат-тахиятқа» отырғанда киімінің етегіне қарап отырмақ. Бұл мұстахабтарды орнына келтіргендерге сауап бар, орнына келтірмегендер күнәлі болмас.

Намазды бұзатын он төрт түрлі іс бар: әуелі, намаз уақытында ғүзірсіз¹³⁷ тамақ қырып қақырынбақ; екінші, түшкірген кісіге намазда тұрып(ярхамук алла)¹³⁸ деп жауап бермек; үшінші, имамнан басқа біреудің жаңылған жерін ішінде тұрып айтып жібермек; төртінші, біреу намаз үстінде тұрған кісіге: «Кұдайдан бөтен құдай бар ма?» деп сұраса да (ла илаһа илла алла)¹³⁹ деп те жауап қайыру дұрыс емес, бірақ өзінің намазда тұрғанын білдіру ниетпен айтса намаз бұзылмайды; бесінші, намазда ғаурат деп аталған денелердің төрттен бірі ашылып тұрса; алтыншы, намазда тұрып бір нәрсе ойына түсіп жыламақ, бірақ ұжмақ тамуғты ойлап жылаудан бұзылмайды; жетінші, қолы не тілімен біреудің сәлеміне сәлем қайтармақ; сегізінші, намазды балиғ болғаннан бері қарай қалдырмай оқып келе жатқан адамның бір уақытта қалған намазы есіне түссе, ол оқып тұрған намаз бұзылады, әуелі ол еске түскен қазаны өтеп¹⁴⁰, сонан соң уақытындағы намазды өтемек керек; тоғызыншы, намазда тұрып кебіс, мәсі шешу реуішті істер; оныншы, сөйлеу; он бірінші, тамақ жеу; он екінші, тамақ ішу; он үшінші, каркылдап күлу; он төртінші, есінен тану. Бұл істердің қайсысы да болса істелген болса, намазды қайта оқу уажиб.

Намаз ішінде істелетін істердің он түрлі мақруһы бар. Әуел, «ат-тахиятқа» отырғанда төрт қырланып отыру, яғни, екі аяғын астына басып отыру; екінші, намаз ішіндегі аят, тасбихтерді бармақпен санау; үшінші, сәждеде екі білектерін жерге төсеу; төртінші, көзімен шетке қарау; бесінші, ғүзрсыз көзін жұму; алтыншы, сәжде ететін жерден уақ тастар алып айналдырмақ, егер ол тастан сәжде етуге қиын болардай болса, бір рет айналдырып жіберуге болады; жетінші, шалманың шетіне ғүзірсіз сәжде қылмақ; сегізінші, намазда керіліп-созылмақ; тоғызыншы, уысын аузына баспай есінемек; оныншы, киімінен немесе денесімен, я шашы, я тілімен ойнамақ, қатарда орын бола тұрып, намазды артқы жақта жалғыз оқымақ.

Бес уақыт намаз былай оқылады: намаз оқу алдында денеңізді, киіміңізді, жайнамазыңызды жоғарыда айтылған қалыпша таза-лап, намаз оқитын жерге келіп немесе масжидке¹⁴¹ келіп, жүзіңізді құбылаға қойып (ағиззу билла мин аш-шайтани-р-ражим бисмил-лаһи-р-рахмани-р-рахим) деп бастап ниет айтасыз, ерте намазы болса, әуелі екі ракағат сүннет оқылады. «Ниетті Аллаға ниет қылдым ерте намазының екі ракағат сүннетін өтемекке, жүзімді қараттым құбыла тарапына (халисан лиллаһи та ала, аллаһу акбар)¹⁴² деп құлақ қағасыз. Мұнан соң колдарыңызды кіндік астына қусырынып (субханака аллаһумма уа бихамдика табарака

исмука уа та ала жаддука уа ла илаһа ғейрука)¹⁴³ деп оқисыз. Мұның соңында және (ағуазу биллаһи мин аш-шайтани-р-ражим, бисми-л-лаһир-рахмани-р-рахим)¹⁴⁴ ды айтып, сурат «Әлхамды»¹⁴⁵ оқып, оның артынан бір сүре қосасыз. Әл-хамду мен намазда оқылатын бірнеше қысқа сүрелер мағынасымен бұл кітаптың аяқ жағында бөлек жазылды, сонан қарап көресіз. Сүрені оқып бола салысымен (аллаһу акбар) деп, рукуғқа барасыз. Рукуғта тұрғанда үштен кем емес (Субхана рабби-аль азым)¹⁴⁶ деп тасбих айтасыз. Мұнан соң (самиға аллаһу лиман хамида)¹⁴⁷ деп, рукуғтан тұрып, бір рет тасбих айтқан соң, шамалы тоқтаңқырап және (аллаһу акбар) деп сәждеге барасыз. Сәждеге үш рет (субхан рабби-ал-ағла)¹⁴⁸ және басты көтеріп біраз отырып, (аллаһу акбар) деп, және сәждеге барып, әлгі қалыпша үш рет тасбих айтасыз. Мұның соңында (аллаһу акбар) деп, «түрегеліп» кол қусырып, қиямға тұрып және (бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим деп, «әлхамды» оқып, бір сүре қосып және рукуғқа сәждеге әлгі қалыпша барып болған соң, «Ат-тахиятқа» отырасыз. «Ат-тахият» дұғасы (ат-тахияту лиллаһи уа-с-салауату уа-т-тайибату-с-саламу алайка айуһа-н-набийу уа рахмату-л-лаһи уа баракату-һу, ас-саламу алайна уа ала ибади-л-лаһи-с-салихин ашһаду анна илаһа илла-алла уа ашһаду анна Мухаммадан абдуһу уа расулуһу аллаһумма сала ала Мухаммадин кама саллайта ала Ибраһим уа ала илли Ибраһим иннака хамидун мажид, аллаһкмма барик ала Мухаммадин уа ала илли Мухаммадин кама баракта ала Ибрагим уа ала илли Ибрагим иннака хамидун мажидун)¹⁴⁹.

Мұны оқыған соң екі жаққа (ас-саламу алайкум уа рахмату алла) деп сәлем бересіз. Мұның соңында қамат түсіріп, қаматтан соң» Аллаға ниет қылдым ерте намазының екі ракағат парызын өтемекке, жүзімді қараттым құбыла тарапына (Халисан лиллаһи тағала, аллаһу акбар) деп, манағы сүннет қалпынша екі ракағат намаз оқырсыз. Бірақ өзіңіз біреуге имам болсаңыз, «Әлхамду» мен Құран сүресін әшкере дауыстап оқисыз. Егер біреуге ұйып тұрсаңыз, ішіңізден намазға ниет етіп, һәм «Субханакты» оқып, «Әлхамды» һәм сүрені оқымай, имам оқығанын тындап тік тұрасыз. Имам рукуғқа сәждеге барғанда рукуғқа сәждеге барып, ішіңізден тасбихтарын айтып, «Ат-тахиятқа» отырғанда, «ат-тахиятты һәм хафия¹⁵¹ оқып, имам сәлем берген соң, бірге сәлем берерге керек. Әуелі намазының төрт ракағат суннатыф, төрт ракағат парызы һәм парыз артынан және екі ракағат суннатыф бар. Бұлардың һәм ниеті, қиямы, рукуғы, сәждасы, «Әлхамды» оқу, сүре қосу, «Ат-тахиятка» отыру — барлығы жоғарыда айтылған қалыпша. Айырмасы

жалғыз-ақ со төрт ракағат намаздың әуелгі екі ракағатына «Әлһамнан» соң сүре қосылады. Соңғы екі ракағатына «Әлһамнан» басқа оқылмайды һәм алдыңғы екі ракағатты оқыған соң «Ат-тахиятқа» отырғанда (абдуһу уа расулуһу-ға) шейін ғана оқып, сәлем бермей түрегеліп және «бисми-л-лаһи» қайырып, «Әлһамды» оқып, руқуғқа барады. Осылайша соңғы рет екі ракағат оқылған соң, бұл соңғы отырыста «Ат-тахиятты» һәм-(аллаһума сала алланы) да тегіс оқып сәлем береді. Екінді намазында сүннет оқылмайды. Төрт ракағат парызы бар ақшам намазында үш ракағат сүннет бар құптан намазында әуел төрт ракағат парыз, мұнан соң екі ракағат сүннет, мұнан соң үш ракағат үтір уажиб¹⁵² намазы. Бұл үтір уажибтің бөтен үш ракағатты намаздан айырмасы сол, ортадағы «Ат-тахияттан» тұрғаннан соң, үшінші ракағатта «Әлһамду» артынан бір сүре қосып, сүреден соң қолдарын жіберіп, жаңадан «аллаһу акбар» деп құлақ қағады. Сонан соң қайта қол қусырып, Кунут¹⁵³ дұғасын оқисыз. Кунут дұғасы осы (аллаһума инна настағинука уа настағфирука уа нумину бика уа натауаккалу алайка уа нусни алайка ал-хейра нашкурука уа ла накфурука уа нахлағу уа натрука ман йафжурука, алалһумма ийака нағбуду уа лака нусалли уа насжуду уа илайка насғи уа нахфиду, наржу рахматка уа нахша аздабака инна аздабака бил-қуффари мулхикун)¹⁵⁴ Бұл сурат Кунутты дұрыс білмеген кісі (раббана әтина фи-д-дуния хасанатан уа қина аздабан-нар уа ашарна аға ал-ибрар)¹⁵⁵ реуішті дұғаның бірін оқыса да болады.

Ең болмаса үш рет (я, Алла, я, Алла, я, Алла) десе де болар.

Жұмға¹⁵⁶(жұма) намазы — әрбір балиғ, есі бүтін, азат һәм мүқим тұрған¹⁵⁷, денесі, көзі саламат кісілерге парыз. Жұма намазының уақыты — әуелі намазымен бір уақыт. Ол күні жұма оқу үшін ғусл құйыну — сүннет. Бұл намазға барған кісі киімінің жақсысын киіп, хош иістерменен иістенген дұрыс көңілінде «я, Құдайым, бұл жұмадан екінші жұмаға шейін аман сақтап, екінші жұма намазын оқуға жаза көр» деп тілекте болмақ керек. Шын ықыласыменен бұл намазды оқып, тілек тілегендердің Құдай табарак уа тағала тілегін беріп, һәм күнәларын кешірер деген. Жұма намазын оқырға келген кісі әуелі масжидке келіп кірген соң-ақ екі ракағат «тахият-л-масжид»¹⁵⁸ намазынан оқиды: ниетті Аллаға ниет қылдым екі ракағат «тахтияу-л-масжид намазын өтемекке жүзімді қараттым құбыла тарапына (халисан лиллаһи тағала, аллаһу акбар). Бұл намазды оқып болған соң, төрт ракағат жұма

намазының сүннәті оқылады. Мұнан соң имаммен бірге һүтба¹⁵⁹ оқуға шыққан соң, жамағат намаз оқудан һәм тасбиһ айтудан тырылып, имамның сөзін тыңдайды. Мұның соңында имамға ұйып, жұма намазының екі ракағат парызы оқылады. Мұнан соң жұма намазының және төрт ракағат сүннәті оқылады. Мұнан соң мойында парыз болған төрт ракағат, ақырғы әуелі намазы оқылады. Ниетті Аллаға ниет қылдым осы уақыттың екі ракағат сүннәтін өтемекке, жүзімді қараттым құбыла тарапына (халисан лиллаһи-тағала, аллаһу акбар).

Айт намаздары — уажиб, жылында екі рет болады, бірі — Рамазан¹⁶⁰ айының соңында, екіншісі құрбан уақытында. Бұл намаздардың уақыты — күн бір найза я екі найза бойы көтеріліп шыққаннан бастап әуелі уақытына шейін. Айт күнінде әдемі таза киім кимек, хош иістермен иістену һәм ораза айты болса, намазын оқудан бұрын ас жемек мұстахаб. Оразаның пітірін, айт намазынан бұрын бермек уажиб. Бірақ Құрбан айтында әлгі айтылған қалыпша таза киім киіп, масжидке жеткенше такбир айтып бару мұстахаб. «Аллаһу акбар, аллаһу акбар, ла илаһа илла-алла уа аллаһу акбар, аллаһу акбар уа лиллаһи әл-хамду»¹⁶¹ деп. Бұл такбир әр айтқанда үш реттен айтылады. Және осы такбирды Құрбан күндерінде шаһар жұртында әр бес уақыт намаздың соңында уажиб десіпті.

Ораза айтының ниеті бұл (ағузу биллаһи мин аш-шайтани-р-ружим, бисми-л-лаһи-р-рахмани-р-рахим) айтып, Аллаға ниет қылдым ғид фтр¹⁶² намазын өтемекке барша такбирларымен жүзім жөнелдірдім құбыла жағына, ұйыдым осы хадыр имамға (халисан лиллаһи тағала, аллаһу акбар). Мұнан соң қалыпты намазға қол қусырып «субханақ» оқып, мұнан соң имаммен бірге қолдарын жібере-жібере үш рет (аллаһу акбар) деп қағу керек. Мұның соңында және қолды қусырып, имам рукуғқа сәждеге барғанда бірге барып, екінші ракағатта имам, «Әл-хамдумен» оған қосылатын сүрені оқып болған соң имаммен бірге және қолдарын жібере-жібере үш рет «аллаһу акбар» деп құлақ қағу керек. Төртінші «аллаһу акбар» дегенде, имаммен бірге рукуғқа сәждеге барып, «тахият» оқып, намаз тамам етілінеді.

Құрбан айтының намазы да осы реуішті: «ниетті Аллаға ниет қылдым ғид құрбан намазын¹⁶³ өтемекке...» ақырына шейін.

Жаназа намазы-парыз кифайа¹⁶⁴... Парыз кифайа дегеніміз: үй ішінен не көп ішінен бір адам орнына келтірумен бөтендердің де

мойнынан түсетін парыз. Мәселен, жаназаға шақырушы келгенде бір үйден бір кісі барумен ол үйдің ішінде бөтен жамағаттардың мойнынан да парыз түседі, не болмаса біреу бір топ кісіге жақын келіп сәлем берсе, ол топтың ішінен бір адам сәлем алумен бөтендердің де мойнынан парыз түседі, немесе араб тілін бір бөлік халықтан бір адам білуменен ол халықтың мойнынан тегіс парыз түседі. Әркімнің өз басы орнына келтірмей болмайтұғын парыздарды — фарзу айнин¹⁶⁵ деп атайды. Мәселен, иман, намаз, руза реуіштілер. Жаназа дұрыс сондай өліктерге, егер ол өлік мұсылман болып һәм шарифатқа тиісті жуылып, дәрет жаназа намазын өтемекке Аллаға сана¹⁶⁶ үшін пайғамбарға дару¹⁶⁷ үшін. Бұл өлікке дұға сауап үшін жөнелдім құбыла жағына (халисан лиллаһи тағала аллаһу акбар) деп құлақ қағып, қолдарын қалыпша қусырып, «субханак» айтып, онан соң қолды қусырған күйінше имам әшкере һәм ұйығандар хафия¹⁶⁸ (аллаһу акбар) деп такбир айтады. Мұнан соң аяқ үстінде тұрған қалыпша салауат оқылады. Яғни (аллаһумма сал ала...) ахырына шейін. Мұнан соң өлік балиғлыққа жеткен еркек, әйел болса да бұл дұғаны оқиды (аллаһумма ағфир лихайяна, уа майитина, уа шаһадина, уа ғайибина, уа сағирина уа кабирина, уа закарина, уа унсана, аллаһумма ман ахиятаһу минна фа ахйаһу ала-л-ислам, уа ман тауаф-файтаһу минна фа тауафһу ала-л-имани, аллаһумма ин кана мухсинан фа зид фи ихсанихи, уа ин кана муси ан фа тажауаз анһу)¹⁶⁹. Мұнан соң(аллаһу акбар) деп екі жаққа сәлем береді. Егерде өлік балиғлыққа жетпеген бала болса, не болмаса, жасынан бері жыңды, есалаң адам болса, әлгі дұғаның орнына бұл дұғаны оқымақ керек «аллаһумма ажғалһу лана фаратан уа ажғалһу лана ажран уа зухран уа ажғалу лана шафиған уа мушаффаған би рахматика-я-архаму-р-рахимин)¹⁷⁰. Бұл жаназа дұғаларын арабша жақсы білмеген кісі олардың орнына қазақ тілінде дұға қылуға да болады: «Ей, Құдайым, рахмет ет біздің тірілерімізге, өліктерімізге, барымызға, жоғымызға, үлкенімізге, кішімізге, еркектерімізге, қатындарымызға. Ей, Құдайым, бұл өлік рахматы болса рахматын арттыр, күнәлі болса күнәсін кешір» деп. Сәбилер мен есалаң адамдардың турасындағы жаназа дұғасының қазақша мағынасы: «Ей, Құдайым, бұл өлікті біздерге басшы һәмерткүші¹⁷¹ қыл және бұл сәби себепті біздің сауабымызды артылдырып, мақтандыр және бұл сәбиді біздерге шапағатшы һәм шапағатты болмыстардан қыл. Ей, рахым қылушылардың рахым

кылушысы Құдайым, өзін рахмет қыл» деген мағынада. Жаназа намазында кісі аз да болса жеткенше үш қатар тұру сүннет. Мәселен, жеті кісі болса, үш-үштен екі қатар және біреуі артында жалғыз бір қатар болып тұру дұрыс. Жаназа оқыған орын таза болмаса, яки өлік таза болмаса, яки имамның не киімі, не өзі таза болмаса, намаз дұрыс болмайды. Тауарих намаз¹⁷² сүннет 25 бас намаз рамазан айының әр кешінде оқылады. Әр екі ракағат намаздан соң «Ат-тахият» оқылып, сәлем беріледі. Осылайша екі ракағаттан төрт ракағат оқылып, сәлем берілген артынан «Тас-бих» оқылады: Субхана зил-мулуки уал-малакут, субхана -и-л-ғиззати уал-ғазамат уа-л құдрати уа-л кибрия уа-л-жабарут субхана-л-малику-л-хайу әлләзи лә йамуту суббухун құддусун раббу-л-малаикати уа-р-рух, ла илаһа илла аллаһи настағфиру-аллаһа нас алука ал-жанната уа нағузу бика минан-нар¹⁷³. Бұл салауатты имам не шәкірттер әшкере оқып, бөтендер тындап отырысады. Яки әркім ішінен оқыса да дұрыс. Тауарих намазының уақыты құптан намазымен бір уақыт. Бірақ тарауихты құптан намазынан бұрын оқу дұрыс емес. Хатта біреу имам тарауих намазын оқып тұрғанның үстіне келсе де, әуелі құптанды оқымастан бұрын тарауих намазын оқымақ дұрыс болмайды. Соның үшін тарауихқа барған кісі әуелі ұйып, құптанның төрт ракағат парызын, һәм екі ракағат сүннетін оқып болып, мұның артынан тауарих оқуы керек. Тарауих соңынан әшкере имамға ұйылып, үтір намазы¹⁷⁴ оқылып, намаз тамам етілінеді. Жолаушылыққа, сапарға шыққанда намазды қысқартып оқу керек. «Сапар» деп түйе жүрісімен үш күндік жолға жолаушылық етуді айтады. Қысқартып оқығандағы айырмасы сол — төрт ракағат парызды екі ракағат етіп оқу керек. Мұнан басқа намаздар қалыпша оқылады. Егер жолаушы келе жатып, біреудің шаһарына келіп, тұрғылықты елдің имамына ұйсаңыз, онда намазды ол имаммен бірге бүтін оқисыз. Егер тұрғылықты адам жолаушыны имам етіп оқыса, ол ел адамы төрт ракағат парыздың екі ракағатын оқып, алдыңғы «Ат-тахиятты» (абдуһу уа расулуһуға) шейін ғана оқып отыру керек. Имам екі ракағатты оқып сәлем бергенде, ол ел кісісі сәлем берместен түрегеліп, қалған екі ракағатын өзі оқып, төрт ракағатты түгендесе керек.

Екінші, ораза турасында

Жоғарыда ағмал заһирдың екінші міндеті – ораза деп едік. Әр жыл рамазан айында отыз күн ораза тұту парыз. Рамазан деген сөз «күйдірген» деген мағынада. Яғни рамазан айында ораза ұстағандардың күнәсі күйдіріледі. Оразаны зәурүсіз¹⁷⁵ ұстамағандар ақыретте зор азапта болар. Оразаның уақыты – таң қызара бастағаннан күн батқанша. Сол екі уақыттың арасында ешбір тамақ асамақ, ішпек дұрыс емес. Хатта мейір қанып, дене рахаттанатын, яғни үстіне су құйдыру, суға малынған киімге орану реуіштілер де мақруһ. Оразаның шарты сол бас күнінің алдыңғы түнінде ниет етерге керек: «Ей, Құдайым, ниет қылдым келешек күн Рамазан айының оразасын ұстамаққа таң атқаннан күн батқанша» деп. Түнде ниет етуге ұмытып кеткен кісі ораза ұстаған күні түске шейін ниет етсе де болады. Егер тіпті ниет етпесе, ораза дұрыс емес. Оның үшін ниет ету өзі парыз. Парызды орнына келтірмегендіктен, құлшылық дұрыс бола алмаса керек.

Оразаны ұстамасқа болады: ауру болып, дертіне оразадан залал болардай болса, әйел жүкті болғанда һәм жас бала емізген уақытында балаларына зиян келердей болса, яки жолаушыларға. Жолаушылық сапар деп түйе жүрісімен үш күндік жер, не орта есеппен 125 шақырымдай жерге жолаушылық етуді айтады. Осындай себептермен ораза ұсталмаған болса, соңғы уақыттарда күніне-күн ораза ұстаумен парыз мойнынан түседі. Бірақ соңғы уақытта да ораза ұстауға халі келмейтін қарттарға мұның орнына оразаның һәр күніне бір тамақсыз пақырға тамақ жегізіп тұрса да парыз өтелсе керек. Ұмытып ас жегеннен, ішкеннен ораза бұзылмайды. Бірақ ұмытпайынша көріне хатадан, мәселен, дәрет алып отырып, тамаққа су кетсе ораза бұзылады. Күніне-күн қайта ораза ұстау керек. Тамақты шайнау, дәмін тату-мақруһ. Жалғыз-ақ жас баласы бар қатын зарур болғанда баласына тамақ шайнап берумен мақруһ болмас... Және ас пісіруші адамдар тамақтың тұзын байқауға мұқтаж болса, осы себепті пісірген асын татып байқаумен де мақруһ болмас деген. Егер бір адам оразаға ниет етіп, ұстап тұрып, біле, көре ұстаған күні ашып жіберсе, бір күніне де алпыс күн ораза ұстауға керек. Мұны каффарат¹⁷⁶ деп атайды. Бірақ егер бір рамазан я рамазан ішінде болса да, бір күн ғана емес, әлденеше рет осылайша оразаны ұстап тұрып, ұстаған күнінде себепсіз ашып жібере берген адамдарға да әр күніне алпыс күн емес, сол ашылған күндердің бәріне бір рет алпыс күн

каффарат бұйырылады. Оразаның ішінде қай уақытта да болса, һәм айт намазының алдында, әрбір ораза ұстаған-ұстамаған адамдарға, хатта сәбиге де, бірақ хисабқа толатын малы болса, пітір есімді садақа бермек уажиб. Пітірдің бұйрықты шамасы адам басына бес қадақ бидайдың өзі, не болмаса ұны, яки он қадақ арпа немесе қара ұн, я болмаса солардың бағасы берілсе де болар. Садақа пақыр мискинге¹⁷⁷ беріледі. Уақытында бір түрлі себеппен пітір бермегендер соңынан да болса қазасын өтемек керек.

Үшінші, зекет турасында

Зекет парыз болады: әуелі, балиғлыққа жетіскен құл емес, азат, есі бүтін һәм мұсылман адамнан; екінші, өзінің, қатынының, балаларының, қызметкерлерінің бір жылдық қыс - жаз киетін киімдерінен, мінетін көлік, жейтін тамағына керекті және үй ішінің тұтымына керекті аяқ-табақ, төсек-орын рәуіштілерден артылатын малы бар адамға. Зекеттің берілетін орындары : әуелі, хисабқа, яғни, әлгі бір жылдық қаражаттан артылатын шамаға малы жетпеген пақырларға; екінші, міскінге, үшінші, патшаның жіберген зекетшілеріне; төртінші, басын құлдықтан сатып алуға пұл керек болған адамдарға; бесінші, малы хисабқа толмайтын қарыздарларға, яғни қарызын өтеуге малға мұқтаж болып тұрған адамдарға; алтыншы, Құдай разылығы үшін ғизатқа¹⁷⁸ шыққан яғни дұшпаны болып жаугершілік етіп тұрған кафирлерге дін үшін аттанысқа шыққан, адамдарға, не болмаса «қажылыққа барамын» деп талап еткен бейшараларға; жетінші, ұзақ жолда жүріп, мүсәпірліктен пұлға мұқтаж болып тұрған адамдарға. Осы жеті түрлі адамдардың қайсысына берілсе де зекет дұрыс. Бірақ зекетті берген уақытта, ең әуелі әркім өз ағайыны һәм көршілері арасындағы пақыр, міскін, қарыздарларына бермек артығырақ. Оның үшін жақын, көрші адамдарға қарасу дәулетті кісілерге уажиб болса керек. Зекеттің берілетін шамасы осы қалыпша: түйе малдың бестен кеміне зекет жоқ, бес түйеден тоғыз түйеге шейін — бір қой, он түйеден он төртке шейін — екі қой, он бестен жиырмаға шейін — үш қой, жиырмадан жиырма беске шейін— төрт қой, жиырма бестен отыз алтыға шейін — тайлақ, яки бір тайлақтың басын төлемек, отыз алтыдан қырық алтыға шейін— құнажын інген, қырық алтыдан алпыс беске шейін — бір беске шығар атан, алпыс бестен жетпіс алтыға дейін — бесті түйе, жетпіс ал-

тыдан тоқсан бірге дейін — екі құнажын інген, тоқсан бірден жүз жиырмаға шейін — екі дөнежін інген, жүз жиырмадан асқан соң, әр бес түйеге бір қой қосыла береді. Сиырдың отызынан кеміне зекет парыз емес. Отыздан қырыққа шейін сиыры бар кісіден бір жасқа толған бір сиыр, яғни тайынша тиісті болады, ұрғашы еркегі болса да. Қырық сиырдан — бір құнан өгіз, қырықтан алпысқа шейін — арасындағы сиыр алпысқа жеткенше — ақшаға хисаб етіліп, қырық сиырға берген бір сиырдың бағасына зекет неше сомнан келсе, сонша сом зекет беріледі. Сиыр алпысқа толса, бір жасардан екі өгізше бермек керек. Мұнан соң әр отыз сиырға бір жасар бір сиыр қосыла береді. Қой мен ешкі қырыққа толса, жүз жиырмаға шейін екі жасар бір қой, я ешкі бермек керек. Жүз жиырма бір болғанда екі жүзге шейін екі қой, екі жүз бір қойға үш қой, екі жүз бірден төрт жүзге шейін төрт қой, мұнан соң әр жүз қойға бір қой беріле береді.

Жылқының мінуден артығының араб жұртындағы қымбат аттардың әрқайсысына бір динар, яғни бір алтын. Бірақ ондай қымбат бағалы жылқысы жоқ жерлерде аслия¹⁷⁹ қажетінен артық жылқыларын ақшаға кесіп, екі жүз дирһәмдік жылғыдан бес дирһәм немесе қырық теңгелік жылқыдан бір теңге беріледі, яки сол бағаға кесіп жылқы берілсе де дұрыс болар.

Алтынның жиырма мысқалдан кеміне зекет парыз емес, жиырма мысқал алтынға жарым мысқал алтын беру керек. Күмістің екі жүз дирһәмінен кеміне зекет парыз емес. Екі жүз дирһәмге бес дирһәм зекет беру керек. Бұлайынша болғанда алтын-күмістің қырық теңгесінен бір теңге тиісті болады. Мұнан ғейри асыл тас, меруерт, лағыл, маржандай нәрселер, егер өз тұтымына керек деп сақтамай сауда ниетімен сақталынса, мұнан да зекет тиіс. Бағалысына қарай, яғни, ол асыл нәрселердің бағасы екі жүз дирхамға толса, бес дирһәм зекет беру керек (алтын, күміс реуішті). Астық, яғни, егіннің зекеті, егер далаға егіліп құр қар мен жаңбыр суларымен тұрса, зекетті оннан бір, яғни, он пұттан бір пұт, егер қауғамен, шелекпен су құйып шығарылған егін болса, оннан бірдің жартысы беріледі, яғни он пұттан жарты пұт, жиырмадан бір пұт берілсе керек.

Төртінші, хаж турасында

Хаж ету дегеніміз өмірде бір рет араб улайындағы¹⁸⁰ Мекке шаһарында болғушы қағбату-л-лаһи, яғни, «Аллаға құлшылық

ететін үй» деп аталған орынға барып зиярат¹⁸¹ ету. Қағбату-л-лаhidы Кұдай табарак уа тағала Ибраһим пайғамбарға өзі бұйырып салдырымшы -дүр¹⁸². Жәбірейіл періштені жіберіп, Кұдай-Тағала Ибраһимге бұйырды: «Сал Қағбаны», — деп. Ибраһималайһис-салам: «Кұдая, мен білмеймін Қағбаның орнының қайсы екендігін — деді. Сол уақытында Жәбірейіл келіп, бір жерден бөтен тасты көтерді, сол тастың жатқан орнына салмақ Кұдай-Тағаланың өзәли¹⁸³ күдіреті еді. Мұнан соң Кұдай-Тағала бұйырды» Меккеге жақын жердегі Тур сина, Төр Зина, Хура, Лубнан, Жуди деген бес таудан тас келтіріп, Қағбаны сол тастарменен бина¹⁸⁴ қыл деп. Меккенің онан жақын жерінде де тас көп болса да, Кұдай табарак уа тағала әлгі бес таудан тас келтіріп, Қағбаны салмаққа бұйырмақ. Себебі Қағбаға соңғы уақыттарда жүзін ұрып, тауаф¹⁸⁵ еткен, һәм бес намаз оқыған адамның сол бес таудың ауылығындай күнәсі болса да күнәсін кешіремін дегенге ишарат үшін еді деп айтылады. Қағбаны саларда Жәбірейіл періште тас кесті, бөтен періштелер кесілген тасты тараштап, тегістеп берді. Ибраһим пайғамбар баласы Ысмайыл алайһис-салам ол тастарды тасып. Қағбаның орнына келтірді. Ибраһим пайғамбар ол тастардан өзі қалап, там жасапты. Тамды орнатарда төрт бұрышында төрт тас қойды. Бір бұрышына тас қойғанда «Субхан алла» деп, екінші бұрышына қойғанда «әлхамду ли-ллаһи», үшінші бұрышында «ла илаһа илла алла», төртінші бұрышында «аллаһу акбар» деп тасбих етті. Тамды салып болған соң Ибраһим пайғамбар Кұдай-Тағалаға мінажат қылды: «Ей, Кұдайым, менің нәсілімнен бір пайғамбар шығар сенің бұйрығыңды, кітабыңды ғалимдерге үйретіп берсін, сен жалғыз ғазизымсың¹⁸⁶, хақимымсың¹⁸⁷». Кәләм шарифте былайынша айтылған (раббана уа-л-баъта фиһум расулан йатлу алайһим айатуқа уа йуғалимум ал-китаба) уа тағала азалы күдретіне біздің пайғамбарымыз Мұхаммед алайһис-саламды Ибраһим нәсілінен һәм оның баласы Ысмайыл нәсілінен шығарды. Мұнан соң Кұдай Тағала бұйырды: «Ей, Ибраһим, бұ салған Қағбаға хаж етуге халықты шақыр» деп. Ибраһим айтты. «Кұдая, мен жалғыз бейшарамын, менің шақырған дауысым қанша халыққа естілер?» Жарлық келді: «Шақырмақ — сенен, есіттірмек — менен» деп. Мұнан соң Ибраһим Құрайшу тауына шығып (айуһа-н-нас инна-л-лаһу тағала бани лакум бейтан уа амаракума анна тахажжуху фа хажжуху) деп дауыстады. Мағынасы: «Ей, адамдар, сіздерге Кұдай-Тағала үй

бина қылдырды һәм ол үйге хаж қылмаққа өмір етті, келініз, хаж қылыңыздар». Бұл дауыс Құдай-Тағаланың бұйрығыменен жамиг¹⁸⁸ халыққа түгел, хатта сол замандағы адамдардың болашақ замандағы өсіп-өнетін нәсіл, несіптеріне шейін естіліп, һәм бұлардың бәрі де жауап берді (лаббайка ла шарика лака лаббайка инна алхамду уа-н-ниғмата уа-л мулку лака ла шарика лака) яғни «Ей, серігің, тендесің жоқ Құдайым қайым¹⁸⁹ қылармын сенің қызметінді, қайым қылармын сенің қызметінді, ей, серігің жоқ Құдайым мақтау да, дәулет те, мүлік те бір саған лайық» деген мағынада. Ғұламалар айтысыпты, «сол уақытта Ибраһим пайғамбарға «лаббайка» деп жауап берген адамдардың өзі, яки болашақ адамдардың жаны уақытында хажға бармай қалмас, жауап бермегендер бара алмас» — деп. Хаж парыз болады хисабқа малы жеткен, һәм хажға барып қайтқанша үй-жамағаттарының күн көрер ауқаты бар адамдарға, һәм парыз емес, ұзақ жолды көтере алмайтын ауруларға, сатынды құлдарға немесе хаж жолында қатерлі жау, залымдар бар болса, не болмаса қатерлі дариялар болса да. Бірақ Жейһун мен бір халадай сулар дарияға қосылмайды. Қағбатуллаға барып, тәуап ету күндегілік я болмас жыл сайын міндетті амал емес, шамасы келген адам өмірінде бір рет барып қайтса, мойнынан парыз кәміл түседі. Соның үшін бұл қысқа кітапта Қағбаға барған соң қалайынша хаж ету турасын жазбадық. Барам деп талап еткен кісі барудан бұрын немесе жол үстінде, я болмаса, Мекке шаһарының өз ішінде болса, хаж етудің мәнісін сұрап-білмек қиын емес. Бірақ білмекке керек хаж уақыты — құрбан шалатын уақыт һәм құрбанның өзінде хажылап Мекке шаһарында шалады. Сол себепті әркім хажға барамын деп талап етсе, күн бұрын Мекке мен тұрған жерін шамалап, құрбан уақытынан кейін қалмай жетісуге¹⁹⁰ тырысуға керек. Екінші Қағбату-л-лаға тауаф етуге барған адамдарға лайық бұл парыз тауафтан ғейри және пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа сала аллаһу алайһи уа салламның һәм шаһариялары, сахабаларының да қабір шарифтеріне зиярат ету. Пайғамбарымыз қабіріне зиярат ету хаждың парыз уажибіне қосылмаса да барған, хажылардың өз басына айра басқа бір сауапты сүннет десіпті. Пайғамбарымыз қабірі Мадина шаһарында, Меккеден түйе жүрісімен жеті күндік жол болса керек. Мұсылмандарға жыл сайын зу-л-хижа айының оныншы күнінде, яғни оразадан екі ай, он күн өткен соң, құрбан шалу уажиб. Құрбан шалуда Ибраһим пайғамбар уақыты-

нан бері мирас болды. Қисас-ул-анбия кітабында айтылынады: бір күн Құдай табарак уа тағала Ибраһим пайғамбарға түсінде аян берді: «Я, Ибраһим, құрбан қыл» деп. Ибраһим тұрып жүз түйе құрбан қылды. Екінші күн және аян берді: «Я, Ибраһим, құрбан қыл» деп. Ибраһим тұрып жүз өгіз құрбан қылды. Үшінші күні және аян болды: «Я, Ибраһим, құрбан қыл» деп. Ибраһим: «Я, Құдайым, нені құрбан қылайын?», — деді. Құдай-Тағаладан аян болды: «Бізден бөтен сүйікті не жандығын болса, соны құрбан ет» деп. Ибраһим білді ол сүйікті баласы Ысмайылға ишарат еткенін, һәм тұрып Ажар атты Ысмайылдың апасына айтты:

— Бір құрметті досым Ысмайылды қонаққа шақырыпты, шашын, басын жу, һәм таза киіндір, — деп.

Осылайынша әдемі киіндіріп, таза жуындырып болған соң, Ибраһим Ысмайылды қасына ертіп және арқан, бір пышақ алып, тауға қарай жүрді. Мұны көріп Ібіліс шайтанның сабыр-қарары қалмай Ысмайылға келіп азғыра бастады:

— Атан қолына арқан мен пышақ не үшін алды? Сені өлтіруге алып барады. Ысмайыл айтты:

— Ей, ақымақ, еш уақыт есі бүтін ата жазықсыз өз баласын өлтіре ме?

Шайтан бөтен нандырарлық сөз таппаған соң, ақырында:

— Сені Құдай разылығы үшін құрбан етуге барады,— деді. Ысмайыл айтты:

— Егер Құдай разылығы үшін болса, бір жаным түгіл, жүз жаным болса да өлмекке разымын.

Мұнан тауы қайтып, Ібіліс Ысмайылдың шешесі Ажарға келді, «қатын азғыруға оңайырақ болушы еді ғой» деп. Ажар да Ібілістің «баланды өлтіруге алып кетті» дегеніне нанбаған соң, бұған да «Ибраһим Құдай разылығы үшін Ысмайылды құрбан етуге алып барады» деді. Ажар да айтты: — Егер Құдай разылығы үшін болса және жүз баламды шалуына разымын» — деп. Шайтан қапа болып, қайтып Ысмайылға келіп және азғырып қарап еді, Ысмайыл атасына дауыстады: — Мынау бір адам жоқ сөздерді айтып, тынышымды кетіре береді? — деп.

Ибраһим айтты:

— Ол адам сипатындағы шайтан. Егер қасына жақындаса таспен ат. Соның үшін өл жерлерде осы қалыпша тас ату бұл уақытқа қажыларға мирас болып қалды. Мұнан соң Ибраһим тау басына отырып, пышақты тасқа ұрды да айтты:

— Ей, балам, сені түсімде бауыздап жүр екенмін. Ысмайыл айтты:

— Ей, ата, Құдайдың бұйрығы нешік болса, солай қыл. Сен Құдай разылығы үшін ұғылдан¹⁹¹ кешсең, мен де жанымнан кештім. Досына берген уағданды орнына келтір, — деді.

Ибраһим жылай айтты:

— Ей, ұлым, нешік сабыр етейін?

— Ысмайыл айтты(Ин ша алла) Құдай-Тағала мені сабыр иелерінен еткей. Енді, ей, ата, тұр, кешке қалма, саған үш өсиетім бар: әуелі қолымды қатты байла, жан ашуымен ұрынсам қаным сізге тимесін; екінші, бауыздарда жүзімді төмен қарат, бетіме көзің түсіп, аталық мейірің оянып, бауыздарға келгенде қолың тітіремесін; үшінші, анама сәлем айт һәм қайда қара шашты жігіт көрсен, мені жадына түсіріп, дұға қыл,— деді. Ибраһим пайғамбар қабыл етті, тұрды, баласының қол аяғын байлады, жүзін төмен салды, бірақ пышақпен Ысмайылдың мойнына тартып қалғанда, пышақ батпады. Ибраһим қатуланып және тартты, және батпады. Үшіншіде бар күшін салып тартып еді, сонда да кеспеді. Ибраһим ашуланып пышақты лактырып тастаған кезде, Құдай-Тағаладан үн келді(уа надайнаһу ан я Ибраһиму кад саддақта ар ру йа) яғни, «Ей, Ибраһим түсінді расқа шығардың. Сен сөзіңе жеткен соң, біз һәм саған сый жібердік(қаулуһу тағала) Тағаланың сөзі: (инна казәлика најзи алмухсина) «ал, бұл қошқарды құрбан ет, балана амандық бердік»(уа фаддайнаһу би-забхин азымын) деп. Сол уақытта Жәбірейіл «аллаһу акбар» деді, һәм бір қой келтірді. Мұны көріп Ибраһим (ла илаһа деді, һәм бір қой келтірді. Мұны көріп Ибраһим(ла илаһа илла алла уа аллаһу акбар) деді. Ысмайыл: «Аллаһу акбар уа лиллаһи алхамду» деді. Соның үшін Құрбан айты күндерінде бұл такбирды айтушылардың күнәсін Құдай-Тағала жарылқар деген.

Құрбан шалу әрбір үй иесі, мүлік иесі адамдарға уажиб. Мәселен, ер мен қатын, ата мен баланың нисабқа¹⁹² жетерлік малдары болса, оларға да өз алдына құрбан шалу уажиб. Құрбанды шалу рәсімі әркімге белгілі. Бір кісіге бір жаска толған бір қой союмен, сиырдың толық екі жаска, яғни 24 айға толған. һәм түйенің бес жаска толғанын жеті кісінің құрбаны үшін союмен уажиб мойнынан түседі. Құрбан етін үш бөліп, бір пәресін өзі жеп, бір пәресін көршілерін шақырып сыйлап, бір пәресін бейшараларға үлестіру мұстахаб. Ләкин, ол етті ешкімге бермей өзі үйі-жамағаттарымен жесе де дұрыс десіпті. Дұрысы — пақырларды,

көршілерді мақрұм қоймағандық болса керек. Құрбанға даярлаған мал аурулы, ақсақ болса жарамайды. Көруге қораш болуы һәм дұрыс емес. Малды жығып, аяғын байлаған соң (ағуззу биллаһи мин аш-шайтани-р-ражим, бисмиаһи-р-рахмани-р-рахим) айтып, осы дұғаны оқырға керек: (аллаһумма һаза минка уа илайка инна салауати уа нусуки уа махая уа махати лаһу раббил-аламина ла шарика лака уа бизалика умирту уа ин аууалу-л-муслимина аллаһумма тақаббал хазиһи-л-удхияти)¹⁹³ «пәлен-пәлен ұлынан, бисмиллаһи, аллаһу акбар» деп, бауыздап һәм ішінен айтарға керек: «Алла, бұл құрбандықты біз бейшара пенденнен қабыл ет. Алла, Ибраһим халилыңнан¹⁹⁴ қабыл еткеніндей қабыл ет. Ей, Құдайым, егер әмірін болса, сенің ризалығың үшін өзімді де құрбан етер едім», деп. Мұнан соң дүние сөзін сөйлеместен бұрын тез екі ракағат нәфил¹⁹⁵ намаз оқу керек, әр екі ракағатта бір рет «Әлхамду» һәм он рет «Құл хуа аллаһу» сүресін оқып.

Парыз, уажиб, сүннет, мұстахабтар жалғыз жоғарыда айтылған иман, намаз, ораза, зекет, хажда ғана емес, мұнан басқа орындарда да көп. Оның үшін адамзатқа тиісті жақсылық істердің бәрі де қайсысы уажиб, қайсысы парыз, қайсысы сүннет, қайсысы мұстахаб болса керек. Бұлардың бәрін бір кітапқа жинамаққа мүмкін де емес. Һәм бұ кішкене кітапта орын да жоқ. Мәселен, патшалардың жарлығын орнына келтіру, һәм ата-ананы құрмет ету — қай кітапта парыз, қайсысында уажиб. Һәм олардың қызметінде болмақ, ата-ана, қатын-балаға халалдан нафақа¹⁹⁶ тауып бермек, әлімдерге, жасы, жолы үлкен ұлыларға төменшілік ету, бөтендерді үйрету үшін оқу оқып, ғылым үйрену, құрбан шалу, пітір-садақасын беру, пақыр ағайындарға һәм көршілерге қарасу — бұлар уажиб. Сырқаулардың көңілін сұрамақ, жасы үлкен һәм насихат сөздерін тыңдау, шақырғанға қонаққа бару, жолаушыға меймандос болу, әркіммен жұмсақ, жылы шыраймен һәм көңілге тимей сөйлесу — бұлар сүннет, яғни пайғамбарымыздың әдет еткен істері һәм мінездері. Осы хұлықта болған кісілерге пайғамбарымыз дүние ақыретте шапағатшы болар(уа аллаһу а ламу)¹⁹⁷

Бесінші, харам, мақрұһ¹⁹⁸ гурасында

Жоғарыда ағмал заһир дегеннің мағынасын түсіндірген орында (?) айтып едік, «Құдай-Тағала пенделерге екі жол көрсетті, бірі — бұйырған : ол, бірі — тыйған жол» деп. Парыз, уажиб, сүннет,

мұстахабтар — Құдай-Тағаланың бұйырған һәм сүйетін істері. Енді Құдай-Тағаланың істері турасында, яғни, харам, макруһ дегендер турасында айталық.

Харам, макруһ нәрселер адамның пиғылында да, көрсетіп де-немен істейтін істерінде де, жейтін, ішетін тамақтарында да көп. Бәрін бұл кішкене кітапта баян етуге орын жоқ. Ішетін, жейтін, тұтынатын нәрселер ішінде әуелі адамды мас ететін хамр¹⁹⁹, яғни арақ, көкнөр, апиындай нәрселер харам. Хатта жеуге халал²⁰⁰ тамақты да мас болғанша немесе қалпынан артық, құсқанша жесе, бұл да харам. Ләкин әлгі көкнөрдай нәрселер болса да, ауруларға дәрі сипатында зәруліктен берілсе, харам болмас. Әрбір нәжіс нәрселер, яғни, адамның, хайуанның бойынан шыққан кіші жарактағы һәм ұлы жарактағы қою-сұйық нәжістер һәм бауыздаудан шыққан қан реуіштілер — харам. Бауыздалмай өлген малдың еті һәм әрбір өлексе — харам. Бауыздаудың шарты — өтетін малдың пышақпен (бисмиллаһи, аллаһу акбар)деп, жұтқыншақтың арт жағынан орып жіберіп бауыздамақ. (Бисмиллаһи аллаһу акбар) айтылмай бауыздалса да халал болмайды. Мұнан соң малды бауыздап, қашан жаны шыққанша бөтен сөз сөйлеу макруһ десіпті. Кітабы кәфірлердің де бауыздауы халал, егер (бисмиллаһи аллаһу акбар) деп қай тілмен де болса айта салар(?). Үйде еркек кісі болмай, мал союға мұқтаж болса, қатын да һәм балиғлыққа жетпеген бала да бауыздауға болады. (Бисмиллаһи, аллаһу акбарды) айтып зауда²⁰¹ зарур болса, пышақ табылмаған орында камыс я тастың өткір қырымен бауыздау да дұрыс. Бауыздаған малдың жаны шықпай тұрып басын кесіп алу макруһ һәм олардың ішінен шыққан баласы біздің имамымыз имам ағзам қасында халал емес. Екінші, бауыздалса да халал болмайтын хайуандар сол, егер ол хайуандар ұлығын²⁰² һәм жыртқыштардан болса. Мәселен, ит, түлкі, қарсақ, тышқан тұқымдары, мысық, қасқыр, жолбарыс, арыстан, пілдей жануарлар және хайуан болсын, құс болсын өлексе, шірік нәрселер жесе, мәселен, шошқа, ит, кара құс, өгіз, шағаладайлар. Құстың айыр тұмсықты жыртқышы, тырнақты һәм қанатымен соғып аң жейтіндері(бүркіт, қаршыға, жағалтай, ителгі, үкідейлері) харам. Хашараттың²⁰³, яғни жылан, құрт, құмырсқа, бүрге, биттейлердің бәрі де, жалғыз шегірткеден басқасы, харам. Шегіртке — халал. Осындайлардан басқа қолдағы төрт түлік мал, қырда киік, құлан, қоян, бұғыдай аңдар халал. Құста залалсыз — үйрек, қаз, аққу, жылқышыдайлар. Суда күллі

балық — бәрі де халал. Балық пен шегіртке бауыздамай да жеуге дұрыс. Адам қолына үйренген хайуандардан қашыр мен есек харам һәм жылқы еті турасында да қайсыбір имамдар мақруһ деседі. Хайбар деген шаһарды алған күні пайғамбарымыз алайһис-салам жылқы етін жеуге рұқсат етіпті. Соған қарағанда жылқы етін де халал дейміз. Үшінші, аң мен құс бауыздамай да халал болатын орындары осы: ит жүгіріп, не құс алып, не мылтық, оқ атып, аң аулап жүрген адамдар, мәселен, итті қосарда «бисмиллаһи аллаһу акбар» деп жіберсе, иесі барғанша ол ит киікті, қоянды, не құсты өлтіріп, бірақ жемей тұрса. Осылайша алдырған қоян, киік халал һәм жеуге дұрыс. Мұндай иесі барғанша алған аңның етін жемей тұруға үйренген итті му аллам²⁰⁴ дейді. Аң аулауға үйреткен құс, мәселен, бүркіт, қаршығалар жібергенде ұшып, шақырғанда қолға келсе, мұны да му аллам дейді. Осындай құсты да аңға жібергенде «бисмиллаһи аллаһу акбар» деп жіберсе, адам жеткенше алған аны өліп қалса да, жеуге халал. Бірақ ол алдырған аң кісі барғанша тірі тұрса, бауыздамай халал болмайды. Оқпен һәм мылтықпен атып, барғанша өлген аң яки құс ол мылтықпен оқ «бисмиллаһи аллаһу акбар» айтылып атылған болса — жеуге халал. Бірақ оқтан жараланбай өлген құс немесе аң халал болмайды. Әрбір шикі тері, мәселен, заты харам түлкі, қасқыр болса да бауыздаумен терісі тұтынуға халал. Мұнан басқа өлексе һәм болса да барша тері илеумен адал болады. Жалғыз илеу һәм бауыздаумен адал болмайтын мақұлықтар — шошқа мен адам терісі. Адам терісі қасиеті артықшылықтан, шошқа терісі затының таза еместігінен тұтынуға адал емес. Төртінші, жоғарыда айттық, ішу-жеуден басқа да адамның пиғылымен істейтін істерінде де харам нәрселер көп деп. Мәселен, кісі өлтірмек, кісі хақын, әсіресе жетімдердің хақын жеу, ұрлық, зорлық, пара, өсім сипатында болсын зин²⁰⁵ ету, яки таза адамды зинақор деп сөгу, ғалымдарды, жақсы адамдарды, әсіресе әйелдерді сөгу, соғыс уақытында қорқып, қатардан қашу, біреуді сырттан не беттен ғайбаттау, ата-анадан қарғыс алу — осындай пиғыл мен істің бәрі де зор харамдар һәм күнә қабира, яғни, зор күнәлар деп аталады. Көлем шарифте сурат нисада²⁰⁶ ғейри неше сүрелерде де, ғақайдта²⁰⁷, ғылым қаламда уа ғейри кітаптарда айтылған-дүр. Мұндай жауыз істерді істегендер ахиретте отпен қатты азапта қалар. Харамдығына нанбағандар кафир болар һәм дүниеден де патшалар хүкімімен²⁰⁸, шарифатпен жаза берілу уажиб. Еркек адам ылғи

жібек кимек якириуасыз алтын күміспен ас жемек, намаздан бөтен уақыттарда да дүниені, киімді нас тұтыну — бұлар мақруһ тахрими тіпті харам да десіпті. Бірақ жібек киім кию һәм алтын-күміс нәрселерден әдемі нәрселер істетіп тағыну әйелдерге дұрыс. Құдай-Тағаланың бұл тыйған істерінен көрінеді: бірінші, көңілі жамандық, бұзық, қиянат пиғылдардан сақтамақ; екінші, денені де бұзықтықтан һәм настықтан сақтамақ; үшінш, Құдай берген дәулетті тиіссіз нәрселерге, яки харам нәрселерге жұмсамай, жақсылық орындарға, зекет, қайырға жұмсамақ міндет һәм қайырлы екендігі.

ҮШІНШІ БАБ

Ахлақ, яғни адамдарға тиісті-тиіссіз мінездер турасында

Пенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі. Бірі — көркем, бірі — бұзық сипаты. Аят пен хадисте білдірілген жаман мінездер алпыс түрлі. Мұның бәрін бұл кішкене кітапта баян етуге орын болмайды. Бірақ сол алпыс түрлі жаман мінездің шығатын түп асылы жеті түрлі мінезден десіпті. Біз осы жеті түрлісі турасында ғана айталық. Бұл жетеудің арабша аттары: әуелі куфр²⁰⁹, екінші — бидғат²¹⁰, үшіншісі — кубр²¹¹, төртіншісі — рия²¹², бесіншісі — хасад²¹³, алтыншысы — бухл²¹⁴, жетіншісі — исраф²¹⁵. Бұларды ахлақ замима²¹⁶ деп атайды. Осыларға шығатын түп асылы тағы да жеті түрлі мінезден болса керек. Бұларды ахлақ хамида²¹⁷ деп атайды. Әуелі, куфрлікке қарсы — иман, екіншісі — дыддун²¹⁸ бидғат, яғни бидғатқа қарсы адал самғия²¹⁹, үшінші, рияға қарсы — ихлас²²⁰, төртінші, кубрге қарсы — тауадуғ²²¹, бесінші, хасадқа қарсы — тауадуғ, бесінші, хасадқа қарсы — насихат²²², алтыншы, бухлға қарсы — сахауат²²³, жетінші, исрафқа қарсы — машруһ²²⁴.

Ахлақ замиманың, яғни жаман мінездің әуелі куфр деген — иманы жоқтық, яғни растыққа ешбір нанбайтындық. Мәселен, Құдай-Тағаланың бірлік барлығына, пайғамбар хақтығына нанбай, халалды харам, харамды халал деушілер. Бұл мінезбен пенде мәңгі тамұқта қалса керек. Бидғат дегеніміз пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа сала аллаһу алайһи уа-салламды һәм пайғамбарымызға жолдас сахабаларды көріп, сөздерін естіп қалған адамдардан кейінгі уақытта өз ойынан жаман пиғылмен шарифат бұйрығы деп әмір шығарып, ол пайғамбар жолдастарының кет-

кен шын шариғат бұйрықтарынан бас тартып, немесе мағынасын өзгертіп жүрушілерді айтады. Бұл мінезді кісілер пайғамбар шапағатынан алыс болса керек. Мұның хақында пайғамбарымыз алайһи-с-салам айтыпты: «ла йақбалу аллаһу тағала лисахи-би-л-бидағата сауман уа ла хажжан уа ла ғұмрат уа ла жаһадан уа ла сарфан уа ла адлан уа йахружу мин ал-ислами кама йахружу аш-шағри мин-ал-ажин». Яғни Құдай-Тағала қасында бидағат иесі адамдардың оразасы, хажы, дінге дұшпан халықтарға қарсы соғысқа барулары, зекет-садақалары, әділдіктері болса да мұсылманшылықтан олар шығарылар бейне қамыр ішінен қыл алып шығарып тастаған рәуішті деген сөз. Үшінші, рия дегеніміз — Құдай-Тағалаға қылған құлшылық. Адамға еткен жақсылықтың бәрін де Құдай разылығы үшін етіпті. Осы істерімді көріп, бөтен адамдар мені кісі деп білсін деп жүретін мінез, не болмаса, біреуге тілменен жақсы сөйлеп, болмаса сырттан жақсы көрінген болып жүріп, ішкергі көңілі бұзықтықта, яки дүние пайдасына ғана керекті пиғылда болуды айтады. Бұл рияменен де Құдай-Тағалаға не адамға да еткен қызмет пен жақсылық зайиғ²²⁵ һәм зор күнәһарлықтан болып табылады, бөлкі куфр болудың да қауіпі бар. Кубр деген төкәппаршылық, яғни өзін-өзі бөтендерден білімді болсын, құлшылықта болсын, яки дүниеде адамдар арасындағы істерінде болсын, жоғары санап жүру. Төкаппаршылық дүниеде өткен жақсылықтарыңды жойып кететін мінез. Хатта пайғамбарымыз алайһиссалам айтыпты: «адамның көңілінде бір мысқалдай төкәппаршалақ болса да ұжмаққа кіре алмас» деп. Хасад дегеніміз күншілдік, яғни біреудегі Құдай-Тағаланың берген дәулетін, не ілімін, не бір пайдалы ісін көріп, ол дәулеттердің ол адамнан кетуін тілемек. Ұрлық ету, біреудің не малын, не білімін, не бағын күндеп қас болу немесе өлтіру, малын алу, біреуді талау, пәре, өсім алу. Осындай бұзық істердің бәрі де кісідегі дәулетті өзімдікі етіп алайын не болмаса өзімнен білімді кісі болмасын деп ойлайтын мінезден табылады. Құдай-Тағала мұндай пиғылдан пендені өзі сақтағай. Пайғамбарымыз алайһис-салам айтыпты «ал-харису ла йадхулу ал жанната уал уал ху-суру йақулу л-хасанати кама йа кулу-н нару-л-хатаба». Яғни, күншіл кісі жаннатқа кірмес, күншілдік от отынды жойған ғәуішті құлшылығыңды жояды деген сөз. Бухл дегеннің мағынасы — сарандақ. «Сарандық» деп Құдай-Тағаланың уажиб еткен мырзалықтардан, яғни зекет, хаж, құрбан сою, бейшараларға, пақыр-

ларға қарасу, нафл садақаларын беруден қашуды айтады. Бәрімізге мағлұм бұл дүниедегі кісілердің бәрі де әуелінде бір Адам ата, Хауа анадан өрбіген ағайын екендігі; екінші, біреуді бай, біреуді жарлы ету Құдай-Тағаланың тағдыры екендігі, яғни дүниеде ұйықтап жатпай, халал мал тауып, бала-шаға, ата-ананы асырау уажиб. Бірақ біреудің еңбегі дүниеде пайда болып табылып, бай болады, біреудегі пайда бола алмай, жарлы болады. Соның үшін де пақыр міскіндерге байлардан Құдай-Тағала зекет, қайыр садақалар бұйырды. Бірақ осындай рахымды болуды Құдай-Тағала сүйемін һемахиретте бұл қайырларының орнына ұжмақ бұйырып, мәңгі рахатта қалдырармын деп уағда етті. Егер дүниедегі малды Құдай бергеніне түсінбей, «жалғыз өз малым» деп, бар зекет-қайырдан тоқталған адамдар, яғни өзі қолынан келіп тұрғанда бөтенге қайыр етуді білмеген адам өзгеден һәм қайыр үміт етпесе керек. Пайғамбарымыз алайһис-салам айтқан: «хаслатани ла йажтамиғани фил-мумини-л-бухлу уа суу-л-хулки», яғни, екі нәрсе шын мумин пенденің көңіліне қонбас: біреуі — сарандық, біреуі — бұзықтық деп. Бұзықтық деген сөзге жаман мінездер кіреді. Өтірікші, қиянатшыл, зорлықшыл, ұрысқақ мінездердің бәрі де бұзықтыққа қосылады. Исаф дегеніміз Құдай-Тағала берген дәулетін харам, мақруһ орындарға, яки қай түрлі болса да тиіссіз орындарға шашып жұмсауды айтады. Бұлай болғанда мырзалық қайырлы болмақ деп бет алдына тиісті-тиіссіз орынға мал жұмсауды мырзалыққа, жақсылыққа қоспайды. Бұл мінезді дүниеде ақмақтық һәм амалды исаф деп атайды. Исаф — харам. Харамды біле-көре еткен кісі отпен азапта қалса керек. Пайғамбарымыз алайһис-салам айтқан: «сахиб-ул исаф ахан лиш-шайтани» яғни исаф иесі шайтанның ағайыны деп.

Афғал хамида²²⁶ деген көркем мінездердің әуелі — иман. Иман дегеніміз куфрлікке қарсы көңілменен рас тұту пайғамбарымыз Мұхаммед мустафа алайһис-саламның Құдай-Тағала жанбунан алып келген бұйрықтарының бәрін де. Екінші, адал самғия бидғатқа қарсы яғни істелген дәлелдер сүннет қауымындағы жақсылардың сахабалардан естіп дұрыстаған жолында болуды айтады. Бұл екі жолдың мағынасын әуелгі баста имам турасында айтып өттік. Үшінші, рияға қарсы ихлас, яғни пендеге лайық Құдай-Тағалаға сүйікті болуды тілемек, не жақсылық етсең, адам көзіне көрінсін деуден жырақ болып, тек Құдай-Тағаланың разы болмағын іздемек керек. Пайғамбарымыз алайһис-салам айтқан: «уа

һуа тағбуду аллаһу кааннака караһу фа иннаһу йарака» деп. Яғни, ғибадат кылсаң Құдай Тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ет, сен бұл уақытта Құдай-Тағаланы көрмесең де Құдай сені көріп тұрушы деп. Төртінші төкаппаршылыққа қарсы тауадуғ. Әркімге лайық өзін-өзі жоғары тұтпай, бөлкі жамиғ жұрттан төменмін деп білмек. Бұл сөздің түсінікті мағынасы сол, хакім болсаң өзінді зор тұтып, бөтенді хор тұтпай әділ болмақ һәм әр бейшараны аяп, рахыммен сөздерін тындамақ. Оқымысты болсаң, білімсіп, басыңды жоғары көтермей, бөлкі надан ағайыныңды аяп, рахыммен сөздерін тындамақ. Білмегенін үйретіп, тура жолға салуға тырыспақ. Бай болсаң, «баймын» деп менменсімей, бай емес бейшараларға аяушан²²⁷ болмақ. Осы мінездерді тауадуғ деп атайды. Пайғамбарымыз алайһиссалам айтқан: «ман тауадаға ала аллаһи даражатан йажғалһу фи ағла ғиллиин уа ман такаббара ала аллаһи даражатан йафаға аллаһу даражатан хатта йажғал асфалиссафилина» яғни егер бір пенде Құдай-Тағаланың бұйрығына бой ұсынып, бір мысқалдай төменшілік етсе де, Құдай-Тағала ол пендеге жоғарының жоғарысы болатын дәреже берер. Егер біреу Құдай-Тағалаға аз ғана такаппарлық етсе де, ол пенденің дәрежесі төменнің төмені болар деген. Бесінші, рияға қарсы насихат — әркімнің өзіне тілеген жақсылықтары өзгеге һәм тілемек. Оның үшін дүниеде қанша адам болса — бәріміз бір Адам атадан өрбіген ағайынбыз. Пайғамбарымыз алайһиссалам айтқан: «ман кана фи ғауни ахиһи ал-муслими уа манфағатиһи фа лаһу сауабалмужахидина фи салили аллаһи» яғни, біреу мұсылман қарындасты аз нәрсемен ғана пайдаландырса, яки жәрдем берсе, ол адамдарға азат соғысқандардың сауабын беру. Алтыншы, сахауат — мырзалық мағынасында. Сарандыққа қарсы, яғни Құдай берген дәулетті Құдай-Тағаланың сүйетін һәм бұйырған орындарына жұсмамақ (зекет, садақа рәуіштілерге). Ғылым, білім, күш те, қуат та, хакімдік те — бәрі де дәулетке қосылады. Осылардың бәрін де ізгілік іске жұсмамақты сахауат деп атайды. Пайғамбарымыз алайһиссалам айтқан: «ас-сахау шажаратун филжаннати фаман кана сахийан аказа биғусни минһа фа лам йушрук залика хатта йадхулаһу-л-жаннати») яғни, кім де кім сахи мырза болса, ол мырзалық — ұжмақта бір ағаш, мырза адам ол бұтақпен ол мырза кісі ұжмаққа кірмей қалмас деген сөз. Жетінші, машруғ — исрафтың қарсысы. Құдай-Тағала берген дәулетті тиісті орнына жұсмау. Бұл ниет шайтаннан алыс етсе керек.

Ей, жарандар, дүниеде ешкім мәнгі тұрмайды. Аз уақыт дүниеде қонақ хисабында тұрып, жаман пиғылды, жаман құлықты болып, ахиретіңізге не жанға, не денеге пайдасы жоқ нәжіс ұстап қайтпаңыз. Адам баласы бұл дүниеге ахирет деген түпкілікті орнында қорек егу үшін азық жия шығарылған Құдай-Тағаланың махлұғы болса керек. Дүниеде таза мінез бен қайырлы істер істеп ахиретке қайтсаңыз, сол өзіңіздің жиып қайтқан жақсылықтарыңыз — ахиретке бірге баратын дәулеттеріңіз. Ол дәулетіңізбен мәнгі дүниеде пайдаланып, ұжмақ ішінде рахметте қаласыз. Егер дүниеде бұзық пиғылдарда болып, куфрдерден, бидғаттардан, риялардан, сарандардан, күншілдерден, тәкаппарлардан, исрафтардан һәм мұнан ғейри ұры, өтірікші, ғайбатшылардан болып, ахиретке осындай амалдарды қолға ұстап қайтсаңыз, мұның кесапатын, залалын һәм мәңгі дүниеде, архиретте көресіз. Оның үшін жамандық іс — жылан мен бүйіге мысал. Ол бүйі мен жыланды қанша асырап күтсең де, күткеніне ісініп, қолына тұтына беруді қоймасаң, ақырында бір шағып, өзіне зақым келтірмей қалмас. Тікенек еккен жерден бидай орып алып, ұн ішермін деп үміт ету, әлбетте, ақымақтық болса керек. Әркім не ексе, соны орып алса керек. Адамның да дүниедегі амалы осы қалыпты. Дүниедегі амал— егінің жақсылық болса һәм ол жақсылық егініңнің шашқан тұқымы рия, хасад, кубрдан болмаса, үміт бар ол егініңнен жамандық орып алмассаң деген. Егер істегенің жамандық болса, жақсылық тауып алу да күмән болса керек, тікен орнына бидай шықпаған рәуішті. Бірақ Құдай-Тағала пенделеріне қанша күнәһар болса да қаһар етуден, әрдайым рахым етуге жақынырақ. Оның үшін қанша зор күнаһар болса да пенде Құдай-Тағалаға шын жалбарынып, ықылас пен тәубе қылса, кешіретін деп. Ләки риясыз істеген жақсылық бір мысқалдай болса да мизан таразы күнінде²²⁸ есепке кірмей қалмайды. Мұнан көрінеді, өзіміз түзелмейтін бұзық болмасақ, Құдай-Тағала әрқашан бізгі рахым етуі шын екендігі һәм түзелерге тырысуға еш уақыт кеш еместігі. Ләкин әрбір іс бастан түзу бола келмесе, түбінде түзелуі де қиын болады. Ағашты жас күнінде қисығын түзей келсең, түзу болып өседі һәм бір түзу болып өскен соң, қайтадан қисаймайды. Ағаш ұлғайып, қатып кеткен соң түзеуге де көнбейді, сынып кетеді. Сол рәуішті жақсы, көркем мінезді жасыңнан әдет етсең, ол әдет тура жолдан соңғы уақыттарда қандай қиыншылық көрсеңіз де жаздырмас. Ұлғайғанша жамандықты қалып еткен

кісінің бұл қалпын өзгертуі де қиын болса керек, бәлкі, мүмкін болмастығы да ғажап емес. Ойлап қараңызшы, Құдай-Тағала біздің амалымызға мұқтаж емес қой. Не жақсылық-жамандық етсек те ақырында пайда-залалын өзіміз көреміз. Мәселен, ұрлық, залымдық, паракорлық, өтірік, айбаттан кім залал көреді? Әрине, адам баласы өзді-өзі залал көреді. Туралық, әдепшілік, ғылым-білімін кім пайдаланады? Әлбетте, адам баласы өзі пайдаланады. Егер бұл дүниеде бұзық пиғылда болғандағы талабымыз мал табу болса, Құдай-Тағаланың лұқсат еткен кәсіптер аз ба? Мәселен, оқу оқып, ғылым һәм өнерлер үйрену, егін егу, сауда ету, мал бағу, кірегестік ету, патшаларға қызмет ету я болмаса бөтен орындарға өнер-күшінді адал ниетпен жұмсап мал табу. Мұның бәрі де халал. Бірақ бұзық адамдар бұған қанағат етпейді һәм өн бойы дүние көбейтуге алданамын деп, Құдайына қызмет етуді ұмытады.

Ей, сүйікті туғандарым, әрбір бұзық, жамандық істер, аслында, құлықтың жамандығынан табылады. Соның үшін де Құдай табарак уа тағала Кәләм шарифінде бұйырды: «ухсину ахлаку-күм» яғни «түзетіңіз құлқыңызды» деп. Сол мінезіңізге әрқашан назар салып, өзіңізді жақсы мінезге үйретсеңіз, яғни жоғарыда айтылған жеті түрлі жаман құлықтан сақтансаңыз, әлбетте, Құдай-Тағаланың уағдасы екі емес, мәңгі рахатта боласыз. Жақсы құлық құр ахиретке пайдалы болып, дүниеде де залал емес. Дүниеде де ізгі құлықты адам һәм сүйкімді, һәм қадірлі, һәм ахиретте де Құдайдың сүйген құлдарынан болса керек (ин ша а аллаһу тағала)²²⁹.

ТӨРТІНШІ БАБ

Намаз ішінде оқылатын дұғалардың қазақша мағынасы

Әр намаздың алдында ен әуелі «ағузу биллаһи мин ашшайтан-нир ражим» деп оқимыз. Мұның мағынасы (ағузу биллаһи) Алла Тағалаға сыйынамын (мин ашшайтани) шайтаннан (арражим) сондай шайтан ол таспен атылып, қуаланып еді. Яғни, «Ей, Құдайым, таспен атып қуалатқан шайтанның азғыруынан сақта» — деп сиынамын. Мұнан соң «бисмиллаһи-рахмани-р-рахим» деп оқимыз, «бисмиллаһи» — Ұлы Алланың есімімен бастаймын (аррахман) ол Алла-Тағала дүниеде мұсылман, кафир күллі зат, махлукқа рахым етуші, ол Алла-Тағала ахиретке мұсылмандарға ғана. Мұнан соң намаз ниетін қазақша айтып «аллаһу акбар» деп құлақ

қағасыз. «Аллаһу ақбар» Ұлы Алла деген мағынада. Мұнан соң «Субханакты» оқимыз. (Субханак аллаһума) «Ей, Құдайым, сені ұлықтаймын һәм таза деп білемін әр кемшіліктен, (уа бихамдика) және саған мақтау айтамын(уа табарак исмука) мубарак болды сеннің есім-шарифін(уа тағала) артық болды (жаддук) сенің күдіретің,(уа тағала) артық болды (жаддук) сенің күдіретің, (уа ла илаһа ғейрука) жоқты сенен басқа құлшылық етерлік Алла. Мұнан соң «ағузу биллаһи мин аш-шайтани-р-ражим бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим» деп айтып, «Алхамду сүресін оқимыз: (алхамду лиллаһи) мақтамақ та һәм мақталмақтық та бір Құдай-Тағалаға лайықты (рабби аламин) барша махлұқаттын иесі-ді ол Алла-Тағала (ар-рахмани-р-рахим) дүниеде көпір мұсылманға уа барша зат — мақлұқатқа рахым етуші-ді, архиретте мұсылмандарға рахым етуші-ді ол Алла, (малики) билеуші-ді ол Алла(йауми-д-дини) жаза күнін, яки қиямет күнін, (ияка нағбуду) бір сені бірлейміз һәм жалғыз саған ғана құлшылық етеміз,(уа ияка настағин) һәм бір сенен ғана жәрдем іздейміз. (Аһдина) біздерді, ей, Алла(ас-сиратал мустаким) тура жолға (тура жол деп ислам дінін атайды), (сирата әллазина) ол көндіріп деп тілеген жолымыз сондай жол (анғамта алайһим) «нығметландырдың сен» яғни, пайғамбарға, асхабтарға өзіңнің разылығың табылатын жолдарды беріп едің, сондай жолға көндіріп біздерді(ғейрил-мағдуби алайһим уа ла-д-далин) тысқары болатын жолдарды бердің әнбия менен асхабтарға һәм азбайтын жолдарды беріп едің. Бү соңғы сүренің мағынасы сол: «Ей, Құдай-Тағала, бұрынғы өткен әнбия асхабтарыңа азбайтын, өзіңе сүйкімді тура жолдарды қалай берсең, бізге де солай жолыңды бер» деген тілек. «Алхамду» сүресі артынан «әмин» дейміз «Әминнің» мағынасы «Құдая, қабыл ет» деген сөз. Мұнан соң және бір сүре қосып, «аллаһу ақбар» деп рукуғқа барасыз. Рукуғта «субхан рабби-л-азым» деп үш рет айтамыз. «Субхан раббил азым» жамих кемшіліктерден таза ұлы Құдайым деген мағынада. Мұнан соң «самиға аллаһу лиман хамидаһу деп қиямға барамыз. (Самиға аллаһу) есітуші Алла Тағала (лиман хамидаһу) хамид айтушыны, яғни Құдай-Тағаланы мақтап, құлшылық етушіні мұнан соң «аллаһу ақбар» айтып сәждеге барамыз. Сәждеде үш рет «субхан раббил-ағла» деп оқимыз. «Субхан раббил-ағла» бәләнді(жоғары) болушылардың бәләнді болғушысы раббым, яғни «Ей, кемшілік сипаттардан таза, дәрежесі биіктердің биігі Құдайым» деген мағынада мұнан соң және

әлгі реуішше бір рақағат оқып, тахиятқа отырасыз. Тахиятта оқылатын дұғамыз(аттахияту диллахи) тілмен еткен құлшылық Құдай-Тағала тиісті,(Уассалауату) денемен еткен құлшылық та бір Құдайға тиісті. (Ассаламу саламун алайка) сенің озарына, яғни саған(айуаһаннаби) ей, Құдай-Тағаланың нәбиі, яғни пайғамбары (уа баракатуһу) берекеті саған болсын, ей, Құдай-Тағаланың нәбиі (ассаламу алайна) һәм Құдай-Тағаланың сәлемі біздерге болсын(уа ағла ғибадиллаһи-с-салихин) дұрыстықпен құлшылық етушілерге(ашһаду анна ла илаһа аллаһи) куәлік беремін жоқты бір Құдай-Тағаладан басқа құдай (уа ашһаду анна мухаммадан абдуһу уа расулуһу және куәлік беремін Мұхаммед Құдайдың құлы-ды һәм расулы-ды, яғни елшісі-ді(аллаһумма) ей, Алла (сала) рахмет қыл(ала Мұхаммед) Мұхаммедке (уа ала илли Мұхаммед) және Мұхаммед алайһиссаламның үй-жамағаттарына (кама салайта) қалайынша рахмет етгін(ала Ибраһим) һәм Ибраһимнің жамағаттарына (иннака) хақықында сен (хамид) мақталынбасың (мажид) сүйілмешсің һәм ұлықсың.(Аллаһум ей, Алла (барак) мүбарак ет (ала Мұхаммед) Мұхаммедке уа ала илли Мұхаммед) және Мұхаммедтің жамағаттарына (кама баракта) қалайынша мүбарак етгін сен (ала Ибраһим) Ибраһимді (уа ала илли Ибраһим) және Ибраһимнің жамағаттарына(иннака) хақықында сен(хамид) мақталынбас сен (мажид) құрмет етілмексің һәм ұлықсың (рабуна) ей, біздің рабымыз(атпа) келтір біздерге (фид дуня) дүниеде(хусна) жақсылықты (уа фил ахират) және ахиретте(хусна) жақсылықты (уа кина) құтқар біздерді(ғазабанар) дозақ азабынан (уа ахширна) тірілт біздерді(мағалибарар) жақсыларменен. Бөтен намаздарда да осы дұғалар мен сүрелер қосылып оқылады. Бірақ үтір уажиб намазындағы сүре Қунуттың мағынасы осы: (аллаһумма) ей, Алла, (инна) рас, біздер (настағинака) жәрдемінді тілейміз(уа настағфирука) жарылқануды тілейміз(уа ну мину бика) және саған иланамыз(уа натауаккалу) тәуекел етеміз (алайка) саған (уа нусни) суна айтамыз(алайка) саған (ал-хейра) хайр етеміз (нашкурука) шүкіршілік етеміз (уа ла накфирука) қарсылық етпейміз (уа нахлағу) суырамыз (уа натруку) тағы да қалтырамыз (ман йаф жирука) саған бұзықтық етушіні (аллаһума) ей, Алла (ияка) саған ғана (нағбуду) құлшылық етеміз (уа лака) тағы да саған ғана пендешілік етеміз (нусалли) намаз оқимыз (уа насжиду) сәжде етеміз (уа илайка) сенің жағыңа (насға) иждиһад етеміз (уа нахфиду) және құлшылық

етеміз бой ұсынумен (наржу) үміт етеміз (рахматақа) сенің рахметіңнен(уа нахши) қорқамыз (ғазабак) сенің азабыңнан (инна ғазабак) рас сенің азабың(бил куфар мулхик) кафирлер мен тұтасушы-ды.

Азанда, каматта келетін такбирлерден баска (хайа аlassалауа) деген – тұрыңыз осы намазға (хайа ала-фаллах) асығыңыздар құтылуға (кад камат ас-салауа) тұрыңыз намазға деген сөз және ерте намазының азанында (ас-салауа хейрун мин ан-науми) намаз оқу ұйқыдан қайырлырақ-ты деген мағынадағы сөздер.

Тарауих намазындағы тасбихтың мағынасы (субхан) «пәктеймін» яғни тазалаймын барша кемшіліктен(зил-мулки) жер үстінде болған мүліктердің иесі, ол Алла-Тағала (уал-малакут) һәм көк үстінде болған періштелердің иесі және пәктеймін (зил-ғизза) құрмет иесі Алла-Тағала (уалғазамат) артықшылық иесі де Алла Тағала (уал- құдрат) күш иесі де Алла-Тағала (уал-кибрия уал-жабарут) биіктердің биігі ұлылық иесі де Алла-Тағала (субхан) таза-ды Алла-Тағала (әл-малик) сондай ие-ді(әл хайи әл-ләзи ла ямут) тірі-ді ол Алла-Тағала һәм тағала һәм ешбір өлмес (субух құддус) таза болушы ол Алла-Тағала (раббул малаика) періштелердің Құдайы (уаррух) және Жәбірейіл алайһиссаламның Құдайы (ла илаһа илла алла) жоқты Құдайдан бөтен құдай(настағфиру аллаһа) жарылқамағынды тілеймін, ей, Алла (насалаку) тілеймін мен сенен (ал-жанната) жаннатты(уа нағузу бика) сиынамын саған (минан-нар) от азабынан.

Құрбан бауыздалардағы оқылатын дұға

Ибраһим пайғамбар ұлы Ысмайылды құрбан етуге тұрғанда Құдай-Тағала қошқар жіберіп, сол қошқарды Ибраһим сояра уақытында оқыған дұғасы болса керек. Мағынасы (аллаһума) ей, Алла(һаза) осы қошқар (минка) сенен жіберілген (уа илайка) тағы да саған тиісті (инна слауати) рас менің парыз намаздарым(уа нуски) және құрбандығым һәм хажым (уа махйаи) және менің дүниедегі тіршілігім (уа муммати) және менің өлігім (лиллаһи) бір Алла-Тағалаға тиісті-ді (Раббу-л-лаламин) барша әлемде билеуші Алла-Тағалаға тиісті-ді (ла шарика лака) жоқ-ты сенің серігің, ей, Алла (уа бизалика амарта) осы құлшылықпен бұйырдым мен (уа инна аууалул муслимин) мен мұсылмандардың әуелі, яғни Ибрагим алайһиссалам (аллаһумма) ей, Алла, (такаббул) қабыл қыл (минна) менен(һазал-удхия) осы құрмандықты пәлен-пәлен ұлынан.

